BAITEREK

25 жыл DAMU



ЖЫЛ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ
2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН

# МАЗМҰНЫ

01

ҚОР ТУРАЛЫ

1.1. Қордың тарихы
1.2. Қор қызметінің географиясы
1.3. Қордың даму стратегиясы

02

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОБ-ТЫ ТАЛДАУ. ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

03

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Кәсіпкерлерді қаржылық қолдау
3.2. Қаржы бағдарламаларының мониторингі
3.3. Проблемалық активтермен жұмыс істеу
3.4. Клиенттік сервис
3.5. Ақпараттық технологияларды дамыту
3.6. Халықаралық ынтымақтастық
3.7. Жарнамалық қызмет және БАҚ-пен жұмыс

04

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

4.1. Даму жоспарының стратегиялық көрсеткіштерін орындау
4.2. Активтерді тиімді басқару
4.3. Қаржылық нәтижелер

05

ҚЫЗМЕТТІҢ ТАБЫСТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

06

2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

07

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

08

КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК САЯСАТЫ

09

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

10

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

10.1. Корпоративтік басқару жүйесі
10.2. Ұйымдастыру құрылымы
10.3. Жалғыз акционер
10.4. Директорлар кеңесі
10.5. Басқарма
10.6. Сыйақы саясаты
10.7. Еншілес компаниялар
10.8. Ірі мәмілелер және мүдделі мәмілелер туралы ақпарат
10.9. Ішкі аудит
10.10. Сыртқы аудит
10.11. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

11

ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕН ҮЗІНДІЛЕР

1. № 1 қосымша Есеп туралы. Мәнділік матрицасы
2. № 2 қосымша GRI көрсеткіштерінің кестесі
3. № 3 қосымша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2021 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын/ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп
4. № 4 қосымша Мүдделі мәмілелер бойынша ақпарат
5. № 5 қосымша Глоссарий

12

МЕКЕНЖАЙЛАР МЕН БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

# «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ **ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ**

Жамаубаев Е.К.



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Ағымдағы жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 25 жылдығын атап өтуде.

Осы жылдар ішінде отандық кәсіпкерлікті дамыту үшін сенімді іргетас қаланды, оған «Даму» қоры да елеулі үлес қосты, шағын және орта бизнес үшін сенімді серіктес болды.

Күнделікті жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік қолдаудың кешенді шараларымен қатар осы сектордың көрсеткіштері айтарлықтай жақсартылды. Соңғы 10 жылда ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құны 20,6%-дан 33,3%-ға дейін өсті. ШОБ өнімдерін шығару 2 есеге ұлғайды, ал жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1,4 миллионға жетті. Бұл секторда жұмыспен қамту 3,4 миллион адамды құрады, бұл экономикалық белсенді халықтың жартысынан астамы. Осы көрсеткіш бойынша біз ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне жақындадық.

Дегенмен, елеулі жетістіктерге қарамастан, бізді ұзақ әрі қажырлы жұмыс күтіп тұр. Әлемдегі сауда-экономикалық белсенділіктің төмендеуі, санкциялық қарсылықтар мен нарықтардың құбылмалылығы аясында мемлекет алдында жаңа сын-қатерлер пайда болды, сонымен қатар отандық кәсіпкерлікті дамыту үшін жаңа ынталандыру мен мүмкіндіктер пайда болды.

Осы міндеттерді шешу Қазақстанның жаңа экономикалық саясатының негізіне жатады, оларды тиімді іске асыру шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді қатысуымен ғана мүмкін болады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылғы 16 наурызда «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы туралы жариялады. Ол қоғам тыныс-тіршілігінің барлық салаларын қамтиды және адал бәсекелестікті күшейту, жеке меншікті қорғау, экономиканы әртараптандыру және монополиясыздандыру арқылы экономиканы сапалы жаңғыртуға бағытталған. Осы шаралардың барлығы бизнестің мүдделері мен құқықтарын қорғау жүйесін едәуір нығайтады, отандық кәсіпкерлер үшін кең экономикалық мүмкіндіктер туғызады.

Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кең ауқымды құралдары бар - бұл салықтық ынталандыру, қолжетімді кредиттеу, дайын инфрақұрылымды ұсыну, экспорттаушыларды қолдау және т.б.

Осылайша, «Даму» қоры 2021 жылы жүзеге асыратын мемлекеттік бағдарламалар бойынша субсидиялау құралы бойынша 32 мыңнан астам, ал кепілдік беру құралы бойынша 17 мыңнан астам кәсіпкерлерге қолдау көрсетті.

2022 жылы ШОБ қолдау құралдарын іске асыру 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жалғасатын болады. Осыған байланысты кәсіпкерлікті дамытудың жаңа күн тәртібі қазіргі заманғы кәсіпкерлік экожүйені құруға негізделетін болады. Бұл ретте кешенді және тиімді қолдау құралдарын іске асыру арқылы «Даму» қоры белсенді рөл атқаратын болады.

Қорытындысында микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мақсатты және дәйекті саясат мемлекеттің негізгі басымдықтарының бірі болатынын атап өткім келеді, өйткені ШОБ саласы одан әрі экономикалық өсудің негізгі драйвері болуы тиіс.

**Жамаубаев Е.К.**
Премьер-Министрдің орынбасары-Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы



# «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ **БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ**

Бурибаева Г.А.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту мәселелері ерекше мәртебеге ие. Осы саланы қолдауда мемлекет іске асыратын кешенді шаралар негізгі рөл атқарады. «Даму» қоры мемлекеттік қаржылық қолдау шараларының негізгі операторы бола отырып, мемлекеттік және жеке қаржыландыру бағдарламаларын іске асырады. Қазіргі уақытта Қордың бағдарламалары еліміздің барлық өңірлерін қамтиды. «Даму» қорының негізгі қолдау құралдары - бұл сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, кредиттерге кепілдік беру, банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы жеңілдікпен кредиттеу, сондай-ақ клиенттерді консультациялық қолдау және сүйемелдеу.

«Даму» қоры қызметінің басынан бері мемлекеттік қолдау алған жобалар айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық тиімділікке қол жеткізді. Атап айтқанда, 47,6 трлн теңгенің өнімі шығарылды. Мемлекеттік қолдау алған кәсіпорындар 4,0 трлн теңгеге салық төледі. Сондай-ақ, 797 мың жұмыс орны сақталды, 217 мың жұмыс орны ашылды. Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңінде «Даму» қоры жалпы сомасы 9,2 трлн теңгенің 156 мыңнан астам кәсіпкерлер жобасына қолдау көрсетті. 2020 жылмен салыстырғанда барлық құралдар бойынша қолдау 74%-ға өсіп, 2021 жылы 57,4 мың жобаға жетті. Қаржылай қолдау сомасы 2,2 трлн теңгеге дейін өсті.

«Даму» қоры ел кәсіпкерлерін қолдау үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында өз функцияларын үнемі кеңейтіп, жетілдіріп отырады. Осылайша, өткен жылы жоспарланған бастамалар толығымен іске асырылып, енгізілді. 2021 жылы «Даму» қоры Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан (АШҚҚҚ) кепілдік беру бойынша функционалды табысты қабылдады. Ауылдық жерлердегі және өтімділігі төмен кепіл мүлкі бар шағын қалалардағы кәсіпкерлер кредиттік қаражатқа қол жеткізуді жалғастырды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпкерлер тарапынан мемлекеттік қолдау шараларының қажеттілігі едәуір, оның ішінде Қордың қоржындық кепілдік беру мен кредиттерді субсидиялау есебінен өсті.

Кредиттерге кепілдік беруге арналған өтінімдердің өсіп келе жатқан ағынын назарға ала отырып, Қордың стратегиялық міндеттерінің бірі цифрландыру немесе цифрлық трансформациялау, яғни жаңа технологияларды және жаңа буын тәсілдерін қолданбай мүмкін болмайтын бизнес-процестерді одан әрі жақсарту үшін жаңа кәсіпкерлік субъектілерін қолдау қызметтерін дамыту және қолда бар қызметтерді цифрлық форматқа көшіру есебінен Қорды қайта құру және жақсарту болып табылады. Осыған байланысты, «Даму» қоры 2021 жылы кәсіпкер, банк және «Даму» қоры арасында кепілдік шарттарына қол қою мүмкіндігін жүзеге асырды. Енді кепілдік шарттарына қол қою үшін клиенттерге банктің немесе «Даму» қорының кеңсесіне келудің қажеті жоқ. Бұл техникалық жаңалық бизнес-процестерді автоматтандыру бойынша кезекті қадам болды. Кәсіпкерлерге ыңғайлы болу үшін соңғы бес жылда «Даму» қоры өзінің Online.Damu.kz платформасы арқылы, сондай-ақ баламалы - egov.kz арқылы бизнес-процестерді цифрландыру және автоматтандыру бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

2021 жылғы қыркүйекте «Даму» қоры орнықты даму қағидаттарына бағдарланған әлеуметтік облигациялардың дебюттік шығарылымын жасады. Бағалы қағаздар «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) алаңында орналастырылып, оларды жергілікті институционалдық инвесторлар сатып алды. Жаңа құрал экономиканы қаржыландыруда Environmental social governance (ESG) қағидаттарын ілгерілету жөніндегі бірлескен бастамалар шеңберінде шығарылды. Бұл облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Қазақстанның шағын және орта бизнес субъектілеріне одан әрі кредит беру үшін екінші деңгейдегі банктерге, микроқаржы ұйымдарына жіберуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, «Даму» қоры соңғы жылдары ESG экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару тәжірибелеріне көбірек көңіл бөлуде. Қордың саясаты БҰҰ Жаһандық шартының талаптарын ескере отырып әзірленді және 2013 жылдан бастап кезең-кезеңімен енгізілуде. Осылайша, 2020 жылы «Даму» қоры қазақстандық нарықта «жасыл» облигациялар шығарудың пионеріне айналды.

Корпоративтік басқару шеңберінде қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу үшін «Даму» қоры жоспарлау мен бюджеттеуге біріңғай тәсілдерді енгізу, басқару есептілігі жүйесін құру, қызметтің түйінді көрсеткіштерін белгілеу бойынша жұмыс жүргізеді. Бұл өз жемісін берді. Мысалы, 2021 жылы S&P Global Ratings «Даму» қорының рейтингін көтеріп, егемендікке теңеді, бұл мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы, атап айтқанда, ШОБ секторын дамыту саласындағы ұйымның жоғары қаржылық тұрақтылығы мен жүйелік маңыздылығын растайды.

2022 жылы «Даму» қоры ел кәсіпкерлерін қолдау және дамыту, сондай-ақ өз тиімділігін, ашықтығы мен есептілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды дәстүрлі түрде жалғастыратын болады.

«Даму» қорының негізгі міндеті ең алдымен қолдаудың кешенді және тиімді құралдарын іске асыру арқылы Қазақстанның ШОБ тұрақты сапалы дамуына жәрдемдесу болып табылады, осыған байланысты Қор осы саладағы қызметті тоқтатпауды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, «Даму» қоры ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін экономиканың басым секторларын, сондай-ақ моно/шағын қалалар мен ауылдық жерлердегі кәсіпорындарды, экономиканың жоғары қосылған құн әкелетін өңдеуші секторларындағы отандық тауар өндірушілерді қолдауды ұлғайту бойынша жұмыс істеуге ұмтылады.

Қосымша «Даму» қоры ШОБ субъектілерінің шығарылатын корпоративтік облигациялары бойынша кепілдік беру құралын ұсыну арқылы Қазақстанда қор нарығы құралдарын дамытуға белсенді қатысуға ниетті. Бұл тетік Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (ҚНРДА), KASE Қазақстан қор биржасымен және «Астана» халықаралық қаржы орталығымен (АХҚО) бірлесіп әзірленеді. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – кепілдік беру құралын қолдана отырып, KASE және АХҚО алаңдарында жеке және институционалдық инвесторлардың қаражаты есебінен ШОБ субъектілерін қаржыландырудың баламалы арнасын құру.

Бұдан басқа, орнықты даму жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында Қор 2022 жылы тәуелсіз бағалау жүргізу және халықаралық рейтингтік агенттіктен ESG рейтингін алу үшін дайындық жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

**Бурибаева Г.А.**
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымы

# 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

### 31.03

2021 жылғы 31 наурызда Қор БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен Қазақстанда «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін азайту» БҰҰДБ-ҒЭҚ жобасы шеңберінде ШОКС мәмілелерін кейіннен қаржыландыру үшін ЕДБ/МҚҰ-ға қаражатты шарттасып орналастыру бағдарламасын іске қосты.

### НАУРЫЗ

2021 жылғы наурызда кейіннен ЕДБ/МҚҰ ШОКС кредиттерін беру үшін Қордың кепілдігімен іске асырылған Еуропа Қайта Құру және Даму Банкімен (бұдан әрі - ЕҚДБ) бірлескен бағдарлама аяқталды, оның ішінде қаражат әйелдер кәсіпкерлігі жобаларын қаржыландыруға бөлінді. Бағдарлама бойынша ЕҚДБ-ның теңгемен баламалы қаражаты тартылды, жалпы сомасы шамамен 70 968 млн теңге, оның шеңберінде бірлескен бағдарлама іске асырыла бастағаннан бері 127 758 млн теңгеге 15 205 ШОКС қаржыландырылды.

### 08.09

2021 жылғы 08 қыркүйекте S&P «Даму» қорының шетел және ұлттық валютадағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін егемендік деңгейіне (BBB-/A-3) дейін көтерді. Сонымен бір мезгілде ұлттық шкала бойынша Қордың рейтингі «kzAAA» деңгейіне дейін көтерілді. 2021 жылғы 11 тамызда Moody 's «Даму» қорының шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингін Baa3 деңгейінде, P-3 деңгейіндегі шетелдік және ұлттық валютадағы қысқа мерзімді рейтингін растады. Ұлттық шкала бойынша «Даму» қорының рейтингі Aa2.kz. Рейтингінің өзгеру болжамы «Тұрақты».

### ONLINE.DAMU

Бизнес процестерді автоматтандыру аясында 2021 жылы кепілдік шарттарына электрондық форматта қол қою мүмкіндігі іске асырылды. Қазіргі уақытта кепілдік беруге өтінімдердің басым бөлігі Online.Damu.kz платформасы арқылы, сондай-ақ egov.kz арқылы түсуде.

### БЖК-2025

2021 жылы мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру шеңберінде «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына және Басым жобаларға кредит беру және қаржылық лизинг тетігіне (бұдан әрі – Тетік) бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

### ALMATY BUSINESS

2021 жылы Алматы қаласының Әкімдігімен бірлесе отырып, 8,5 млрд теңге көлеміндегі қаражаттың жалпы пулымен жаңартылған Almaty Business бағдарламасы іске қосылды, оның шеңберінде кредиттердің қолжетімділігін арттыру үшін ШОКС-не кредит беру кезінде салалық шектеулер алынып тасталды,  ШОКС үшін сыйақы мөлшерлемесі Алматы қаласының Алатау, Жетісу, Наурызбай, Түріксіб сияқты аз белсенді аудандарында жылдық 5%-ға дейін төмендетілді.



### 15.09

2021 жылғы 15 қыркүйекте Қор Қазақстан қор биржасының алаңында «әлеуметтік» облигацияларды сәтті дебюттік орналастыруды жүзеге асырды. «Әлеуметтік» облигацияларды шығару арқылы Қор 1,0 млрд теңге сомасына қаражат тартуды жүзеге асырды. Қаражат 1:1 арақатынасында Қордың меншікті қаражатымен бірлесіп қаржыландырылды. 2021 жылғы қарашада «Bank RBK» АҚ-да 3 млрд теңге көлеміндегі жалпы қаражат пулы орналастырылған. Бұл қаражат COVID-19 пандемиясы кезінде экономиканың неғұрлым зардап шеккен секторларындағы ШОКС қолдауға арналған;

### ҚЫРКҮЙЕК

2021 жылдың қыркүйек айында Қор Түркістан облысының әкімдігімен бірлесіп «Ырыс» МҚҰ» ЖШС «Шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру» бағдарламасы аясында «Керуен Сарай» және «ECO BAZAR» туристік кешені аумағында жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қаржыландыру бойынша 1 млрд теңге көлемінде қаражат орналастыру туралы келісім жасасты (Түркістан облысы әкімдігінің 330 млн теңге көлеміндегі қаражаты Қордың меншікті қаражатымен 670 млн теңге көлемінде бірлесіп қаржыландырылды). Өңірде туризмді дамытуды көздейтін «Yassy business» бірлескен аумақтық бағдарламасын іске қосу мақсатында жүзеге асырылды.

### АГРО

2020 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағы бойынша Жол картасын іске асыру шеңберінде Қор «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан агроөнеркәсіптік кешен жобаларына кепілдік беру бойынша функционалды, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен қарыздары бойынша қолданыстағы кепілдіктер қоржынын сәтті қабылдады.

### ФОРУМ

«Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске (АӨСШК) Қазақстанның экономиканы цифрландыру саласындағы төрағалығы шеңберінде АӨСШК-ке мүше мемлекеттердің ынтымақтастық мүмкіндіктері» халықаралық онлайн форумы (2021 жылғы 9 қыркүйек) ұйымдастырылды. Форум жұмысына АӨСШК-ге мүше 14 мемлекеттің, оның ішінде Әзірбайжан, Бангладеш, Қытай, Мысыр, Үндістан, Иран, Ирак, Иордания, Қазақстан, Пәкістан, Ресей Федерациясы, Тайланд, Түркия және Өзбекстан мемлекеттік құрылымдарының басшылары, бейінді сарапшылар мен мамандары қатысты.

### ОҚИҒАЛАР

Қор B2B Meeting & Tech Seminar, ТМД және Балтық елдерінің XVII Облигациялық конгресі, «Қазақстан-Испания» Іскерлік кеңесі, «Польша-Қазақстан» экономикалық форумы, БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы тараптары конференциясының 26-сессиясы, Дубай ЭКСПО-2020 қазақстандық сауда-инвестициялық форумы, Швейцария Конфедерациясының іскер топтарының өкілдерімен инвестициялық дөңгелек үстел отырысы сияқты 7 ресми маңызды іс-шараға қатысты.

### 27.12

2021 жылғы 27 желтоқсанда кепілдік беру құралы шеңберінде «Қазақстанда энергия тиімділігіне инвесторларды тарту үшін жағдай жасау» жобасы бойынша Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасымен келісім жасалды.

# ҚОР ТУРАЛЫ

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ - МАҚСАТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ САПАЛЫ ДАМЫТУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҰЛТТЫҚ ДАМУ ИНСТИТУТЫ.

Қор кәсіпкерлер үшін ЕДБ, МҚҰ, ЛК және өзге де заңды тұлғалар арқылы кредиттеу бағдарламалары шеңберінде қаржыландыру, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, кредиттерге кепілдік беру, консультациялық қолдау, ақпараттық-талдау материалдарын тарату сияқты кең ауқымды өнімдер мен қызметтерді ұсынады.

## ҚОРДЫҢ **БИЗНЕС-ҮЛГІСІ**

BAITEREK → DAMU 25 жыл → Қаржылық емес қолдау / Қаржылық қолдау → Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және дамыту → «Даму» қоры / Қор серіктестері → Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері



25 жыл DAMU

# 1.1. ҚОРДЫҢ ТАРИХЫ

### 1997 ЖЫЛ

Қорды құру («Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысы)

### 2002 ЖЫЛДАН БАСТАП

Өз қаражатынан шағын бизнесті тікелей кредиттеу: «Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне республикалық бюджет қаражатынан кредит беру бағдарламасы» және «Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы» іске асырылды

### 2005 ЖЫЛДАН БАСТАП

Жобалық қаржыландыру және лизинг бағдарламаларын, Қазақстанда шағын кредит беру жүйесін дамыту бағдарламаларын, екінші деңгейдегі банктерден алынатын шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне кепілдік беру бағдарламаларын іске асыру арқылы шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыру

### 2007 ЖЫЛДАН БАСТАП

Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шаралар бағдарламасы бойынша, сондай-ақ Азия Даму Банкі мен Европалық қайта құру және даму банкінің кредиттік желілері бойынша мемлекеттік бюджет қаражатының пайдаланылуын есепке алу және бақылау жөніндегі агент функциясын жүзеге асыру

### 2007 ЖЫЛДАН БАСТАП

Тартылған және меншікті қаражат есебінен шарттасып орналастыру бойынша оператордың функцияларын жүзеге асыру

### 2010 ЖЫЛДАН БАСТАП

Қор кәсіпкерлердің кредиттері/лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың және кәсіпкерлердің банктер/лизингтік компаниялар алдындағы кредиттеріне кепілдік берудің қаржы агенттігі болып табылады

### 2013 ЖЫЛЫ

Жалғыз акционер – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ауысуы

### 2016 ЖЫЛЫ

Қор Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша Қаржы агенті болып таңдалды

### 2017 ЖЫЛЫ

Қордың 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясы өзектендірілді

### 2018 ЖЫЛЫ

Қор «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында облигациялардың алғашқы шығарылымын жүзеге асырды

### 2020 ЖЫЛЫ

Қор «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасының алаңында «жасыл» облигацияларды орналастыруды сәтті жүзеге асырды

### 2021 ЖЫЛЫ

Қор Қазақстан қор биржасының алаңында «әлеуметтік» облигацияларды сәтті орналастыруды жүзеге асырды

[1]*Қордың бұрынғы атауы: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ*



# 1.2. ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қор Қазақстанның барлық өңірлерінде қызмет атқарады. Өңірлік желіні барлық облыс орталықтарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында 17 филиал және Семей қаласындағы өңірлік орталық құрайды.




2021 ЖЫЛЫ:

**5 152**

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖОБАСЫ

Қор бағдарламалары бойынша ЕДБ/МҚҰ/ЛК мақұлдағанға дейін сүйемелденді;

**15 538**

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерге көрсетілді

# 1.3. ҚОРДЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

**Қордың миссиясы**

Қордың миссиясы Қазақстанда микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді және тиімді құралдарын іске асыру арқылы тұрақты дамытудағы белсенді рөлі болып табылады.

**Қордың пайымы**

Қордың 2023 жылға қарай пайымы - ұлттық даму институты – микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі бағдарламалардың бастамашысы және іске асырушысы.

Қордың даму стратегиясы Қазақстанның шағын, шағын және орта кәсіпкерлік секторын дамытуға бағытталған және микро, шағын және орта кәсіпкерлікті (бұдан әрі - МШОК) дамытудың мемлекеттік, сондай-ақ өзінің бағдарламаларын табысты және тиімді іске асыру тәжірибесін ескереді. Қордың Даму стратегиясын тиімді іске асыруды арттыруда және алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде қолданылатын микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың 20 жылдан астам тәжірибесі және басқа да бірқатар күшті жақтары бар.

## ҚОРДЫ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

**Стратегиялық бағыттар**

Ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерді қолдау және дамыту

**Стратегиялық міндеттер**

- Микробизнесті кредиттеуді кеңейту, МҚҰ мен кредиттік серіктестіктерді қолдау құралдарын әзірлеу және іске асыру
- Қордың қаржылық бағдарламаларымен қолданыстағы МШОК-тарды қамту үлесін ұлғайту
- Қолдау көрсетілетін МШОК кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыру

**Стратегиялық бағыттар**

Қордың орнықты институционалдық дамуы

**Стратегиялық міндеттер**

- Қосымша қаржыландыру көздерінің қаражатын тарту
- Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу
- Бизнес-процестерді автоматтандыру
- Корпоративтік басқару деңгейін арттыру

*«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ даму стратегиясы (бұдан әрі - Қордың даму стратегиясы) Қордың Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 3 шілдедегі шешімімен бекітілген.*

*Қордың Даму стратегиясының толық мәтіні: https://damu.kz/o-fonde/o-nas/strategicheskie-napravleniya/*

## ADILI TEXTILE

«Адили Текстиль» ЖШС – қазақтың ұлттық ою-өрнегін табиғи маталар мен аксессуарларға басып шығаруда инновациялық өндірісті алғаш енгізген кәсіпорын. Сауда саласында өз ісін дамыта отырып, компания ұзақ уақыт бойы жұмыс істеу нәтижесінде белсенді су негізді бояуларды қолдануға мүмкіндік беретін өзінің әрлеу өндірісін іске қосты. Компанияның және «Adili» брендінің негізін қалаушы Әділ Әсел жаһандық трендтерді жіті бақылайды. Бренд апалы-сіңлілі Әсел мен Индира қажырлы еңбегінің арқасында дүниеге келді. 2010-2015 жылдар аралығында іскерлік байланыстар орнатып, арнайы дүкендермен серіктес дистрибьюторлық желі құрылды, жеке интернет-дүкен арқылы онлайн-сатулар іске қосылды.



# 2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОБ-ТЫ ТАЛДАУ. ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2021 жылы Қазақстанда тіркелген ШОК субъектілері санының

**5.2%**-ға

1 695 мың бірлікке дейін шамалы өсуі байқалды

Елдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санындағы ШОК үлесі бұрынғы

**96.3%**

деңгейінде қалды

Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер саны

**5.5%**-ға

артты

2016-2020 жылдары тіркелген ШОК саны өсімінің орташа жылдық көрсеткіші 1,7% деңгейінде бағаланды, ал 2018 жылы жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер өсімінің мәні 8,3%, 2019 жылы 7,1% құрады. Қолданыстағы кәсіпкерлер санының өсу қарқынынан озып, тіркелген кәсіпкерлер санының өсуі ШОК үшін бизнесті белсенді жүргізуді тежейтін факторларды көрсетеді.

## ҚР-ДА ТІРКЕЛГЕН ШОК СУБЪЕКТІЛЕРІ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ




Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

ҚР СЖЖРА Статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылдың соңында жұмыспен қамтылған халық саны 8 807 мың адамды құрайды. Бұл ретте ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны - 2022 жылғы 1 қаңтарда 3 475 мың адам (барлық жұмыспен қамтылғандардың 39,5%). Өткен жылмен салыстырғанда ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны 3,1%-ға өсті. Сонымен қатар, ҚР-да жұмыспен қамтылған халық санының жалпы 0,9%-ға өсуі байқалады.

## ҚР-ДА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ




Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

Соңғы 9 жыл ішінде Қазақстанның ЖІӨ нақты мәнде өсуін көрсетті (COVID-19 пандемиясына байланысты енгізілген бірқатар шектеулерді ескере отырып, 2020 жылдан басқа).

Осылайша, 2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ЖІӨ-нің өсуі байқалып отыр, ол нақты көрсеткіште **4.1%** өсім көрсетіп, **82 208 МЛРД ТГ.** теңгені құрады.

Тауарлар өндірісі ЖІӨ-нің 40,3%-ын (оның ішінде өнеркәсіптік өндіріс есебінен 29,4%), қызмет көрсету өндірісі - 53,8%, өнімге салынатын салықтар - 6,3%-ын құрайды.

ҚР СЖЖРА Статистика бюросының мәліметінше, 2021 жылы ШОК өнімін шығару 42 842 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш (салыстырмалы бағамен) 18%-ға ұлғайды. 2021 жылы ШОК өнімдері көлемінің 68,7%-ын шағын кәсіпорындар, 17,9%-ын орта кәсіпорындар және 13,4%-ын жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары құрады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша алдын ала деректер бойынша ЖІӨ-дегі ШОК-тың жалпы қосылған құнының үлесі 33,3%-ға бағаланады.

## ҚР-ДА ЖІӨ ЖӘНЕ ШОК ӨНІМДЕРІН ШЫҒАРУ ДИНАМИКАСЫ




Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (www.stat.gov.kz).

## КӘСІПКЕРЛІККЕ КРЕДИТ БЕРУ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ КРЕДИТ БЕРУДЕГІ ҮЛЕСІ

Жалпы алғанда, 2021 жылы банктік несиелеу көлемі 46,8%-ға 21,5 трлн теңгеге дейін күрт өсті. Өсу экономиканың көптеген секторларында және кредиттеудің барлық объектілері бойынша байқалады. Оның ішінде кәсіпкерлік мақсаттарға берілген кредиттер бойынша 2021 жылы өсімі 26,5% құрап, 12,3 трлн теңгеге жетті. Шағын кәсіпкерлікті кредиттеуде айтарлықтай өсу байқалады (өсім 52,8%).

Сонымен қатар, банктік кредиттеу көлемінің негізгі өсуі халыққа тұтынушылық кредиттер есебінен болды, оларды беру 2020 жылмен салыстырғанда 2 есеге жуық өсті және шамамен 7,3 трлн теңгені құрайды. Сондай-ақ тұрғын үй салуға және сатып алуға берілген кредиттердің жоғары өсуі байқалады (өсім + 77,8%).

## ЭКОНОМИКА МЕН ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ НЕСИЕЛЕНДІРУДІҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ КӨЛЕМІ




*Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz).*

Қор 2021 жылы ЕДБ, ЛК, МҚҰ-ға қаражатты шарттасып орналастыру, кәсіпкерлердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру бағдарламаларын іске асыруды жалғастырды. 2021 жылы сондай-ақ 2020 жылдың соңында іске қосылған қоржындық әдіспен субсидиялау және кепілдік беру құралдарын іске асыру жалғастырылды.

Жалпы, Қорды қолдау бағдарламалары аясында өткен жылы ЕДБ арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне 2 197 млрд теңге кредит сомасына қолдау көрсетілді. Кәсіпкерлік мақсаттарға банктік кредиттеудің жалпы сомасында Қордың бағдарламаларына қатысушыларға берілген кредиттердің үлесі 17,8%-ды құрады. Бұл көрсеткіш Қордың елдегі кәсіпкерлікті қолдаудағы рөлінің жоғары екендігін көрсетеді.

Экономиканың басым секторларын қаржыландыруға баса назар аудара отырып, Қордың салымын қарау кезінде 20,8%-ға дейін жалғасып келе жатқан оң өсім байқалады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2,3 пайыздық тармаққа жоғары.

## ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСЫМ СЕКТОРЛАРЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРҒА КРЕДИТТЕРДІҢ СЕРПІНІ




- Экономиканың басым секторларында ЕДБ берген несиелер, млрд теңге
- Экономиканың басым секторларында «Даму» қорыныңбағдарламалары бойынша берілген несиелер, млрд теңге
- Экономиканың басым секторларындағы «Даму» қорыныңбағдарламалары бойынша берілген кредиттердің үлесі, (оң ось)

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).*

Өңдеу өнеркәсібіндегі Қор кредиттерінің үлесі керісінше азайып, 21,5% құрады. Бұл ретте өңдеу өнеркәсібі саласында Қор берген кредиттер сомасы бойынша шамалы азайды. Үлестің төмендеуі басым емес секторлардағы жобаларды қолдаудың ұлғаюы есебінен болды.

## ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ЖОБАЛАРҒА БЕРІЛЕТІН КРЕДИТТЕРДІҢ СЕРПІНІ




- ЕДБ өңдеуші өнеркәсіпке берген кредиттер, млрд теңге
- «Даму» қорының бағдарламалары бойынша өңдеу өнеркәсібіне берілген кредиттер, млрд теңге
- «Даму» қорының бағдарламалары бойынша өңдеу өнеркәсібіне берілген кредиттер үлесі, % (оң ось)

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).*



# **ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОНОМИКА МЕН ШОБ-ТЫ ДАМЫТУДЫҢ** 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2021 жылы халықты жаппай вакциналау және COVID-19 пандемиясына байланысты шектеу шараларының төмендеуі салдарынан ҚР экономикасын қалпына келтіру жалғасты. ҚР ҰЭМ алдын ала бағалауы бойынша, 2021 жылы экономиканың өсімі 4%-ды құрады. Ақпарат пен байланыста - 12,9%, саудада - 9,2%, құрылыста - 7,6%, өңдеу өнеркәсібінде - 5,5%, электрмен жабдықтауда - 4,8% өсу байқалды. Бұл ретте, 2021 жылы негізгі капиталға инвестициялар 3,5%-ға өсті. Сыртқы сауда айналымы 11,4%-ға ұлғайып, $101,5 млрд құрады. Сонымен қатар, бүкіл әлемде экономиканың қалпына келуі энергия ресурстарына сұранысты арттырып, мұнай бағасының оң трендін жалғастырды, бұл да экономиканың өсуіне әсер етті.

2022 жылы экономиканы дамытудың базалық сценарийіне сәйкес ҚР ҰЭМ деректеріне сәйкес ЖІӨ өсімі 3,9% деңгейінде болады. Экономикалық белсенділікті қалыпты өсу қарқынымен сақтау және эпидемиологиялық жағдайды біртіндеп тұрақтандыра отырып коронавирус пандемиясының теріс салдарын нивелирлеу жағдайында.

Сонымен қатар, геосаяси жағдайға, Ресей Федерациясының айналасына және батыс елдері тарапынан енгізілетін санкциялардан Қазақстан үшін ықтимал салдарға байланысты тәуекелдер бар.



**ҚОР ӨЗ МИССИЯСЫ МЕН ПАЙЫМЫН ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА** ДАМУДЫҢ ЕКІ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖҮРГІЗЕДІ, **ЖАҢАДАН БАСТАҒАН ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРҒАН КӘСІПКЕРЛЕРДІ** ҚОЛДАУ МЕН ДАМЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ, СОНДАЙ-АҚ ОРНЫҚТЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

Осы стратегиялық бағыттар шеңберінде ЕДБ, МҚҰ және ЛК арқылы микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру жүзеге асырылады, қосымша қаржыландыру көздерінің қаражатын тарту, бизнес-процестерді автоматтандыру, кәсіпкерлердің жобаларын сүйемелдеу жөніндегі жұмыс жүзеге асырылады, халықаралық ынтымақтастық мәселелері, ақпараттық белсенділікті дамыту пысықталуда.

# 3. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

## 3.1. КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ



### ҚАРАЖАТТЫ ШАРТТАСЫП ОРНАЛАСТЫРУ

2021 жылы ЕДБ, МҚҰ және ЛК-ға қаражатты шарттасып орналастыру бағдарламалары бойынша жалпы сомасы 213,3 млрд теңге болатын 7 783 қарыз алушы қаржыландырылды.

2021 жыл ішінде Қор ЕДБ/қаржы ұйымдарына 62,3 млрд теңге сомасына қаражатты шарттасып орналастыру бағдарламалары/өнімдері бойынша, оның ішінде 5,2 млрд теңге сомасына МҚҰ-на қаражат орналастырды.

Қызметтің осы бағыты шеңберінде МШОК-қа кредит беру мақсатында қаражатты кейіннен шарттасып қаржы институттарына орналастыру үшін қаражатты, оның ішінде мемлекеттік емес көздерден тарту маңызды міндет болып табылады.

### БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ТАРТУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ

2021 жылы «Шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру» өнімі аясында Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстарының және Шымкент қаласының жергілікті атқарушы органдарынан 1,13 млрд теңге көлемінде қаражат тартылды, олар ЕДБ-ге Қордың меншікті қаражатымен бірлесіп қаржыландыру шартымен жалпы сомасы 9,9 млрд теңгеге орналастырылды. 2021 жылы бұрын бұл бағдарлама бойынша бөлінген қаражаттың револьверлік берілуін ескере отырып, бағдарлама бойынша 25,3 млрд теңге сомасына 361 ШОКС қаржыландырылды.

2021 жылы 2017-2019 жылдары облыстық бюджеттерден Қор тартқан қаражат есебінен Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жүзеге асырылды. 2021 жылы бұрын бұл бағдарлама бойынша бөлінген қаражаттың револьверлік берілуін ескере отырып, бағдарлама бойынша 8,3 млрд теңгеге 602 МШОК субъектісі қаржыландырылды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан бағдарламаларды іске асыру жалғастырылды (2014-2015 жылдары бөлінген 200 млрд теңге). 2021 жылы бұрын бұл бағдарлама бойынша бөлінген қаражаттың револьверлік берілуін ескере отырып, аталған бағдарламалар бойынша 106,9 млрд теңгеге 459 ШОК жобасы қаржыландырылды.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫН ТАРТУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ

2021 жылғы наурызда Қор «Сбербанк» ЕБ АҚ-ның жаңартылатын энергия көздері технологияларын енгізуге бағытталған МШОК жобаларын қаржыландыру үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасының алаңында «жасыл» облигациялар шығару есебінен тартылған 200 млн теңге сомасына қаражат орналастырды. «Жасыл» облигацияларды сәтті дебюттік орналастыру «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін азайту» жобасы шеңберінде Қазақстанда БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен 2020 жылғы 11 тамызда жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, 2021 жылы ЕДБ/МҚҰ кейіннен ШОКС кредиттерін, оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға беру үшін Қордың кепілдігімен іске асырылған ЕҚДБ қаражатынан бағдарлама аяқталды. Бағдарлама бойынша ЕҚДБ-ның жалпы сомасы 71 млрд теңгеге баламалы қаражаты тартылды, оның шеңберінде бірлескен бағдарлама іске асырылғаннан бері 127,8 млрд теңгеге 15 205 ШОКС қаржыландырылды.

**ҚОРДЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ 2021 ЖЫЛЫ МЫНАДАЙ ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛДІ:**

1) 2021 жылғы 15 қыркүйекте Қор Қазақстан Қор Биржасының алаңында 1 млрд теңге көлеміндегі «әлеуметтік» облигацияларды дебюттік шығаруды жүзеге асырды.

Осы қаражат әлеуметтік міндеттерді іске асыруға: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 224 қаулысына 1-қосымшаға сәйкес қызмет түрлерінің тізбесі бойынша қызметті жүзеге асыратын жұмыс орындарын сақтау және/немесе құру мүмкіндігімен COVID-19 пандемиясы жағдайында ЕДБ және/немесе МҚҰ және/немесе ЛК арқылы микро, шағын және орта жеке кәсіпкерлікті қаржыландыруға арналған.

2) Қор үшін исламдық қаржыландыру қағидаттарында ШОКС кредиттеу жөніндегі жаңа бағдарламаны іске асыру жалғастырылды, ол арқылы исламдық қаржы құралдары арқылы кәсіпкерлерге ұзақ мерзімді қаржылық қолдау көрсетіледі. Аталған бағдарлама Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамытуға серпін беретін, кәсіпкерлерге бизнесті дамыту үшін баламалы қаржыландыру алуға мүмкіндік беретін Қазақстандағы пилоттық бағдарлама болып табылады. Бағдарламаны іске асыру исламдық қаржыландыру құралдарын пайдалана отырып ЕДБ/ЛК қаржыландыру мақсатында тауар биржасында тауарларды сатып алу арқылы жүзеге асырылады. 2021 жыл ішінде жалпы сомасы 3,7 млрд теңге қаражат орналастырылды. Жыл қорытындысы бойынша бағдарлама бойынша 9,2 млрд теңге жалпы сомаға 50 ШОКС қаржыландырылды.

3) Шығарылған «әлеуметтік» облигациялар шеңберінде тартылған 1 млрд теңге мөлшеріндегі қаражат Қордың меншікті қаражатымен 1:1 арақатынасында бірлесіп қаржыландырылды. Қараша айында «Bank RBK» АҚ-да 3 млрд теңге көлеміндегі жалпы қаражат пулы орналастырылды.

4) 2021 жыл ішінде қаражатты шартты түрде орналастырудың мынадай бағдарламалары қайта бағдарланды:

- бағдарламалар шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қаражатынан (ҰҚ 1, 2, 3 транш) қаржыландырудың ең жоғары лимиті бір ШОКС үшін 1 850 млн теңгеден 3 600 млн теңгеге дейін ұлғайтылды, жаңа бастаған ШОКС үшін қаржыландыру лимиті 20 млн теңгеден 60 млн теңгеге дейін ұлғайтылды, сомасы бойынша шектеусіз қаржыландыру көзделген тамақ өнеркәсібі салаларының тізбесі кеңейтілді (Үкіметтің 21.09.2021 жылғы Қаулысына өзгерістер негізінде енгізілді);

- «Исламдық қаржыландыру» қорының өнімі шеңберінде енді лизингтік қоржынға мүліктік құқықтарды (талаптарды) кепілге алуға болады;

- факторинг бағдарламасы, онда енді Серіктестер атынан лизингтік компаниялардың қатысуы көзделген, ШОКС үшін кредит мерзімі 5 жылға дейін ұзартылды, кәсіпкерлер үшін кредит мөлшерлемесін төмендету жағына қарай қайта қаралды.

- Қордың «Даму-Лизинг» өнімі бойынша (бұдан әрі - ЛК үшін бағдарлама) кредит мақсаттары мен лизинг заттарының тізбесі кеңейтілді - тізбеге үйлер, құрылыстар, машиналар, жер учаскелері енгізілген және көлік құралдарының түрлері толықтырылды: теміржол және әуе көлігі. Бұдан басқа, траншның ең аз сомасы және «люкс» сыныпты автомобильдерді сатып алуға тыйым салу белгіленді. Бағдарлама шеңберінде ЛК үшін баға белгілеудің вариативтік моделі енгізілді. ЛК кредит қабілеттілігін бағалау бойынша Қордың рейтингтік моделі өзектендірілді, оларды нарықтық жағдайларға сәйкес келтіру мақсатында рейтингтік модельдің сапалық және сандық көрсеткіштері қайта қаралды.

- «Даму-Микро» өнімі (бұдан әрі - МҚҰ-ға арналған бағдарлама) бойынша кәсіпкерлік кодекстің талаптарын сақтау мақсатында траншның ең аз сомасы және «люкс» сыныпты автомобильдерді сатып алуға тыйым салу белгіленген. МҚҰ-ға арналған бағдарлама шеңберінде баға белгілеудің вариативтік моделі енгізілді. МҚҰ-ның кредиттік қабілеттілігін бағалау бойынша рейтингтік модель өзектендірілді, оларды нарықтық жағдайларға сәйкес келтіру мақсатында Қордың рейтингтік моделінің сапалық және сандық көрсеткіштері қайта қаралды.



# СУБСИДИЯЛАУ

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау «БЖК 2025» және Тетік шеңберінде жүзеге асырылады. «БЖК 2025» бағдарламасын жүзеге асыру барысында субсидиялау құралы кәсіпкерлер арасында танымалдылыққа ие болды, экономиканың басым секторларына несиелерді тарту тұрғысынан нәтижелілікті көрсетті. Экономиканы әртараптандыру, өндіріс көлемінің өсу қарқынын ұлғайту, өндіріс өнімінің құнын төмендету, яғни өңдеу өнеркәсібінің дамуы мен жұмыс істеуі мақсатында Ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз ету жөніндегі басым жобаларды кредиттеу тетігі іске асырылды: өңдеу және агроөнеркәсіптік салаларда қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін 2021-2021 жылдары ЕДБ-ні қаржыландырудың жалпы көлемі 1 трлн теңгеге дейін болады. Бұл ретте субсидиялау үшін осы Тетік аясында республикалық бюджеттен 32,8 млрд теңге бөлінді.

## 2021 ЖЫЛЫ ҚОР СУБСИДИЯЛАУ ҚҰРАЛЫ БОЙЫНША ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ:

1. «БЖК 2025» аясында 734,2 млрд теңге кредит қоржынының сомасына 7 269 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 76,6 млрд теңгені құрады;
2. Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде 350,9 млрд теңге кредит қоржынының сомасына 372 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 29,5 млрд теңгені құрады;
3. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында кредит қоржынының сомасы 4,4 млрд теңге болатын 10 жобаға қолдау көрсетілді, төленген субсидиялар сомасы 2,4 млрд теңгені құрады;
4. «Төмен көміртекті даму үшін орнықты қалалар» Қазақстан қалаларында энергия сервистік бастамаларды қолдау бағдарламасы шеңберінде 2021 жылы жаңа жобалар болмаған. 2021 жылға дейін жасалған жобалар бойынша төленген субсидиялар сомасы 85,5 млн теңгені құрады.
5. Қоржындық субсидиялау аясында кредиттер сомасы 77,3 млрд теңге болатын 13 717 жобаға 5,9 млрд теңге төленді, экономиканың зардап шеккен секторлары аясында 421 млрд теңге сомасына 10 983 жобаға қолдау көрсетілді, 14,1 млрд теңге көлемінде субсидиялар төленді.

# КЕПІЛДІК БЕРУ

Кепілдік беру құралы «БЖК 2025» мемлекеттік қолдау бағдарламалары және Тетік шеңберінде де, «ДАМУ ОПТИМА» бағдарламасы шеңберінде Қордың өз күштерімен де іске асырылады.

2021 жылы кепілдік беру құралы үшін маңызды оқиғалардың бірі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 25 қазандағы № 263 бұйрығына сәйкес кәсіпкер, екінші деңгейдегі банк және «Даму» қоры арасындағы кепілдік шарттарына толық электрондық форматта қол қою мүмкіндігі іске асырылуы болды. Аталған функция рәсімді одан әрі ашық етуге, физикалық байланысты азайтуға, ең алдымен шалғайдағы өңірлерде бизнес-жобаларды іске асыратын кәсіпкерлер үшін уақытты оңтайландыруға мүмкіндік берді, себебі кепілдік алуға барлық өтінімдердің басым бөлігі Online.Damu.kz платформасы арқылы да, egov.kz. арқылы да электрондық түрде беріледі.

2018 жылдан бастап Қор «БЖК 2025», «Еңбек» және «Даму Оптима» бағдарламалары шеңберінде, сондай-ақ 2021 жылы «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде қоржындық кепілдік беру өнімін әзірледі.

Қоржындық кепілдік берудің мәні қаржы әріптестеріне (ЕДБ, МҚҰ) Қордың әрбір жеке жобасының келісімінсіз Қордың кепілдіктерін пайдалануға белгілі бір лимит беру болып табылады. Қоржындық кепілдік беру бойынша Қор әдістемені әзірледі, оның шеңберінде қаржы әріптестеріне (ЕДБ, МҚҰ) нақты критерийлерді, сақталған кезде қоржындық кепілдік беру әдісін қолдана отырып кредит берілуі мүмкін ШОКС үшін критерийлерді айқындады.

Кепілдік берудің осы әдісін Қор мен ЕДБ/МҚҰ арасында Қоржындық кепілдік беру туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) жасалған жағдайда қолдануға болады.

## 2021 ЖЫЛҒА ҚОРЖЫНДЫҚ КЕПІЛДІК БЕРУ ШЕҢБЕРІНДЕ КЕЛЕСІ ЕДБ-МЕН КЕЛІСІМДЕР ЖАСАЛДЫ:

- «Ресей Жинақ банкі» ЕБ АҚ
- «АТФБанк» АҚ
- «Еуразиялық банк» АҚ
- «Нұрбанк» АҚ
- «First Heartland Jýsan Bank» АҚ
- «ВТБ Банк» ЕҰ АҚ
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
- «Банк ЦентрКредит» АҚ
- «Альфа Банк» ЕБ АҚ
- «ForteBank» АҚ





2021 жылы қоржындық кепілдік беру аясында 13 397 кепілдік шарты жасалды. Осы әдісті іске асыру МШОК үшін де, Қордың қаржылық әріптестері үшін де (ЕДБ, МҚҰ) бірқатар мүмкіндіктерді көрсетеді:

- жеткілікті кепіл болмаған жағдайда да кредиттерге қолжетімділік;
- Қордың кепілдігімен кредит алу жылдамдығын ұлғайту;
- кепілді бағалауға және ресімдеуге жұмсалатын уақыт шығындарын азайту;
- басқа банктер алдындағы бәсекелестік артықшылық.

2021 жылы Қор кепілдік беру құралы бойынша қолдау көрсетті:

1. «БЖК 2025» аясында кредит қоржынының сомасы 299,7 млрд теңге болатын 16 806 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік сомасы 149,5 млрд теңгені құрады;
2. «Еңбек» бағдарламасы аясында кредит қоржынының сомасы 0,735 млрд теңге болатын 62 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік сомасы 0,373 млрд теңгені құрады;
3. «ДАМУ ОПТИМА» кепілдік беру бағдарламасы аясында 16,3 млрд теңге сомасына 179 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік сомасы 7 млрд теңгені құрады;
4. Басым жобаларға кредит беру және қаржы лизингі тетігі аясында кредит қоржынының сомасы 48,4 млрд теңге болатын 172 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік сомасы 21,1 млрд теңгені құрады.

## СУБСИДИЯЛАУ ЖӘНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР

2021 жылы мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру шеңберінде «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1. Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде (қоржындық субсидиялау және ішінара кепілдік беру) МҚҰ микрокредиттері бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 17,5%-дан 28%-ға дейін ұлғайтылды, оның 50%-ын мемлекет өтейді;
2. кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес белгілі бір ЭҚЖЖ үшін шектеу бөлігінде ЭҚЖЖ-ге түзетулер енгізілді;
3. сауда объектілері белгілі бір өлшемдерге сәйкес келген кезде, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларын қоспағанда, қазіргі заманғы форматтағы сауда объектілерін салу жобалары бойынша субсидиялау көзделген;
4. 2021 жылғы 1 сәуірден 2021 жылғы 31 тамызға дейінгі (қоса алғанда) кезеңде субсидиялау жүзеге асырылған экономиканың зардап шеккен секторлары бойынша 93 ЭҚЖЖ толықтырылды;
5. экономиканың зардап шеккен секторлары бойынша өтінімдерді қарау мерзімі 2021 жылдың 1 тамызына дейін ұзартылды.

Басым жобаларға кредит беру және қаржы лизингі тетігіне өзгерістер енгізілді:

1. қоржындық кепілдік беру рәсімі енгізілді;
2. агроөнеркәсіптік кешендегі жобалар бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігі жылдық 6%-дан 5%-ға дейін төмендетілді;
3. жаңа бағыт - лизингтік мәмілелерге кепілдік беру және субсидиялау енгізілді;
4. қаржы лизингі бойынша кәсіпкерлік субъектісі лизинг нысанасы құнының кемінде 20%-ы мөлшерінде өз қаражатымен (ақшамен) қатысуды қамтамасыз етеді.

## ҚАРЖЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

| | ІС ЖҮЗІНДЕ 2017 Ж. | ІС ЖҮЗІНДЕ 2018 Ж. | ІС ЖҮЗІНДЕ 2019 Ж. | ІС ЖҮЗІНДЕ 2020 Ж. | ІС ЖҮЗІНДЕ 2021 Ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кәсіпкерлерді ЕДБ/МҚҰ/ЛК-да қаражатты шарттасып орналастыру арқылы қаржыландыру** | | | | | |
| Қатысушылар саны, бірлік | 8 305 | 18 656 | 18 933 | 11 136 | 7 783 |
| Қаржыландыру сомасы, млн теңге | 230 469 | 272 912 | 239 508 | 207 588 | 213 304 |
| **Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау** | | | | | |
| Қатысушылар саны, бірлік | 2 310 | 1 470 | 2 647 | 14 679 | 32 351 |
| Кредит сомасы, млн теңге | 275 660 | 198 380 | 269 786 | 1 197 058 | 1 588 280 |
| **Кредиттерге кепілдік беру** | | | | | |
| Қатысушылар саны, бірлік | 1 317 | 1 950 | 2 674 | 7 346 | 17 219 |
| Кредит сомасы, млн теңге | 42 845 | 65 455 | 102 740 | 275 546 | 365 286 |

# 3.2. ҚАРЖЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ

Қордың қаржылық бағдарламалары шеңберіндегі, сондай-ақ агенттік келісімдер және Қор мониторинг функцияларын жүзеге асыратын өзге де шарттар шеңберіндегі жобалар мониторингі бойынша ақпарат.

| Мониторинг атауы | Нақты тексерілді (жобалар саны) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. |
| Қор қаражатын шарттасып орналастыру бағдарламалары шеңберіндегі жобалардың мониторингі (17 бағдарлама) | 226 | 2 334 | 1 238 | 1 548 | 1 712 | 954 |
| Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін ШОКС қолдау бағдарламалары шеңберіндегі жобалар мониторингі (ҚР ҰҚ қаражаты) | 725 | 576 | 896 | 1 610 | 1 029 | 836 |
| БЖЗҚ жобаларының мониторингі жөніндегі агенттік келісімдер (ҰБ, ҚДБ) | 0 | 777 | 737 | 321 | 5 | 0 |
| Субсидияланатын жобалардың мониторингі | 3 068 | 2 595 | 2 339 | 2 793 | 2 912 | 5 583 |
| Кепілдік берілетін жобалардың мониторингі | 1 170 | 989 | 1 131 | 2 257 | 1 919 | 2 269 |
| Гранттар мониторингі | 406 | 183 | 522 | 523 | 834 | 1 007 |
| **Жиыны** | **5 595** | **7 454** | **6 863** | **9 052** | **8 411** | **10 649** |

## ЕСКЕРТУЛЕР/БҰЗУШЫЛЫҚТАР БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР

| Мониторинг атауы | Ескертулер/бұзушылық-тар саны | Айыппұлдар тағылды, млн теңге | | Айыппұлдар өндірілді, млн теңге | | Қаражатты мақсатты пайдалану бойынша ескертулер, млн теңге | | Алмастыру жүргізілді, млн теңге | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Саны | Сома | Саны | Сома | Саны | Сома | Саны | Сома |
| Қор қаражатын шарттасып орналастыру бағдарламалары шеңберіндегі жобалардың мониторингі | 23 | 12 | 9,86 | 9 | 7,36 | 23 | 393,37 | 22 | 383,37 |
| Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін ШОКС қолдау бағдарламалары шеңберіндегі жобалар мониторингі (ҚР ҰҚ) | 14 | 5 | 3,9 | 5 | 3,9 | 14 | 144,62 | 14 | 144,62 |
| Субсидияланатын жобалардың мониторингі | 119 | оның ішінде 113 жоба бойынша 115 млн теңге сомасына субсидияларды қайтару көзделген | | | | | | | |
| Кепілдік берілетін жобалардың мониторингі | 60 | оның ішінде 24 жоба бойынша кепілдік жойылып, 36 жоба бойынша кепілдік сомасы төмендетілді | | | | | | | |
| Гранттар мониторингі | 663 | Анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне, Конкурстық комиссияға жіберілді. | | | | | | | |
| **Жиыны** | **879** | **17** | **13,76** | **14** | **11,26** | **37** | **537,99** | **36** | **527,99** |

## БАҒДАРЛАМАЛАР ТИІМДІЛІГІНІҢ МОНИТОРИНГІ

«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

«БЖК 2025» бағдарламасына қатысатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлер бойынша Қордың болжамды деректері бойынша 2022 жылғы 1 қаңтарға өнім шығару көлемі 38,7 трлн теңгені құрады, оның ішінде 2021 жылы - 4,7 трлн теңге.

«БЖК 2025» аясында пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді, бұл әсіресе қазіргі экономикалық жағдайда өзекті. Өз кезегінде кәсіпорындар қызметіндегі жақсарулар есебінен бюджетке түсетін түсімдердің өсуі қамтамасыз етіледі, бағдарламаның бюджеттік тиімділігі мен оның экономикалық негізділігі жақсарады. 2022 жылғы 1 қаңтардағы бағалау бойынша «БЖК 2025» қатысушылары төлеген салықтардың жалпы сомасы 3,1 трлн теңгені құрады, оның ішінде ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - МКК) алдын ала деректері бойынша - 2021 жылға 922 млрд теңге.

### «БЖК 2025» ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ӨНІМ ШЫҒАРУЫ, МЛРД ТЕҢГЕ




* МКК алдын ала деректері бойынша

### «БЖК 2025» ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ТӨЛЕГЕН САЛЫҚТАР, МЛРД ТЕҢГЕ




* МКК алдын ала деректері бойынша

«БЖК 2025» кәсіпкерлік секторын кеңінен қамту және ШОК субъектілері тарапынан бағдарламаға қызығушылықтың өсуі оны іске асырудың халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуден көрінетін әлеуметтік тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, «БЖК 2025» қатысушылары 2022 жылдың 1 қаңтарына алдын ала берілген деректер бойынша 567 мың жұмыс орнын сақтап, 149 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашты.

### ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛГЕН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ, БІРЛІК




* МКК алдын ала деректер бойынша

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕ ШОБ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен өңдеу өнеркәсібінде ШОК қолдау бағдарламасына қатысушылардың кәсіпорындарынан өнім шығару көлемі 2014-2021 жылдары шамамен 8,0 трлн теңгені құрады, оның ішінде 2021 жылға алдын ала деректер бойынша - 671 млрд теңге.

Аталған бағдарлама аясында қаржыландыруды алған кәсіпкерлер 2014-2021 жылдары 632 млрд теңге салық төледі. Оның ішінде алдын ала деректер бойынша 2021 жылы - 155 млрд теңге.

Қолдау көрсетілген кәсіпорындар 2014-2021 жылдары 19,2 мың жұмыс орнын құрды, оның ішінде 2021 жылы кемінде 114 бірлік.

## 3.3. ПРОБЛЕМАЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Проблемалық активтердің көлемі 2022 жылдың 01 қаңтарына **26,587 МЛРД ТГ.**

Проблемалық активтердің жалпы көлемінен 2021 жылға **2,049 МЛРД ТГ.**

немесе **7,56%**

көлемінде проблемалық активтердің азаюы қамтамасыз етілді.

# 3.4. КЛИЕНТТІК СЕРВИС

Қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар 2021 жылы Қор кәсіпкерлерді оқыту және консультациялық қолдау бағдарламаларын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырды.

2021 жылы Өңірлік филиалдар 12 450 клиентке қызмет көрсетіп, оларға 15 538 кеңес берді.

Сүйемелденген жобалар бөлігінде Өңірлік филиалдар 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қордың құралдары бойынша қаржылық қолдауды алғанға дейін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін ЕДБ/ДБ/ХҚҰ мақұлдағанға дейін 5 152 жобаны сүйемелдеді.

Осылайша, Қор көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша жұмысты жалғастырады және ол үшін офлайн және онлайн арналарды пайдаланады.

## СЕРВИСТІК ҚОЛДАУДЫ ІСКЕ АСЫРУ МОНИТОРИНГІ

Қор «БЖК 2025» аясында «Қолданыстағы кәсіпкерлік қызметті жүргізуге сервистік қолдау көрсету» компонентінің мониторингі бойынша жұмысты жалғастыруда.

2021 жылы сервистік қолдау көрсетуге 26 718 ШОКС өтініш білдіріп, 31 788 қызмет алды.

## БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

Сондай-ақ, Қордың Байланыс Орталығы - кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың өтініштерін өңдеу және оларды Қордың мүддесі үшін түрлі байланыс арналары арқылы хабардар ету орталығы өз жұмысын жалғастыруда.

2021 жылы Байланыс Орталығының қызметкерлері 36 016 клиентке кеңес берді, оның ішінде 26 046 (72,3%) жеке кәсіпкерлік субъектілері. ВРМ жүйесінде 21 995 клиент тіркелген. Жіберіп алған қоңыраулардың үлесі - 0,10%-ды құрады.

# 3.5. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМЫТУ

2021 жылы Қордың жергілікті желісінің ядросын Бас кеңсе ғимаратынан Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы - «Қазтелепорт» АҚ деректерді өңдеу орталығының ғимаратына көшіру жүзеге асырылды. Бұл Қордың Бас кеңсесінде электр энергиясын беруді авариялық ажырату және байланыс қызметтерін ұсыну кезінде Қордың Өңірлік филиалдарына әсерін болдырмауға мүмкіндік берді.

Fortinet Қауіпсіздік Фабрикасының шешімдерін жеткізу шеңберінде Қордың Қауіпсіздік қызметімен бірлесіп ескірген желілік жабдықты FortiGate жаңа буын желіаралық экрандарға ауыстыру бойынша жұмыстар кейіннен конфигурацияларды (IPSec VPN-туннельдерді, интернетке қолжетімділікті сүзгілеу ережелерін және т.б.) ағымдағы Cisco ASA және WatchGuard жабдығынан бағдарламалық FortiGate VM02V және бағдарламалық-аппараттық FortiGate 101F, FortiGate 40F желіаралық экрандарына ауыстыру жолымен жүргізілді.

2021 жылы Cisco Systems вендорының талаптарына сәйкес Қор телефонияны және бейнеконференцбайланысты лицензиялаудың сервистік моделіне көшті, бұл бағдарламалық-аппараттық кешеннен бас тартып, Cisco Unified Communications Manager (бұдан әрі CUCM) бағдарламалық қамтамасыз етуінің өзекті нұсқасына дейін жаңартумен виртуалды ортаның пайдасына ауысуға мүмкіндік берді. Қордың барлық телефон инфрақұрылымын виртуалды ортаға көшіру жүргізілді. CUCM жаңа нұсқасы жақсартылған жұмыс тұрақтылығына ие және қосымша функционалды қамтиды. 2022 жылы Cisco Systems - Cisco meeting server вендорынан (кез келген құрылғыдан қауіпсіз қосылу мүмкіндігімен бейнеконференция байланысының жеке қызметі) жаңа шешімді пайдалану жоспарлануда.

Сондай-ақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2020 - 2023 жылдарға арналған ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясы және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2020 - 2023 жылдарға арналған ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі 2020 - 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 114/2020 хаттама) шеңберінде басып шығарылатын құжаттардың қауіпсіздігін бақылауды, материалдардың ұтымды пайдаланылуын, шығынын және статистиканы жинауды бақылауды арттыруға мүмкіндік беретін Uniflow бағдарламалық қамтамасыз етуге қосыла отырып, дербес құрылғыларды дәліз үлгісіндегі көп функционалды құрылғыларға ауыстыру жалғасуда.

## СОНЫМЕН ҚАТАР, 2021 ЖЫЛЫ ҚОРДЫҢ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРІН АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖАЛҒАСТЫ. 2021 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША МЫНАДАЙ НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ:

1. «БЖК 2025» МБ 1-бағыты бойынша қоржындық субсидиялау және кепілдік беру процесін автоматтандыру жүзеге асырылды;
2. Кепілдік шарттарына электрондық қол қою жөніндегі жоба аяқталды;
3. Басқарушылық есептілік порталы енгізілді;
4. ПДД-не жүгіну үшін HR-solutions жаңа модулі іске асырылды;
5. Еңбек шарттары мен АҚС шарттарына электрондық қол қою іске асырылды;
6. ЭҚЖ-де Бизнес-процестер матрицасы автоматтандырылды;
7. е-Қаржымині АЖ-мен интеграция іске асырылды.

# 3.6. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту озық ұйым қызметінде ерекше орын алады. Интеграциялық процестердің қарқынды даму дәуірінде қандай да бір бағыттар бойынша әлемдік трендтер мен озық шешімдердің екпінін жіберіп алмау маңызды. 2021 жылы Қор өз байланыстарының географиясын едәуір кеңейтіп, көптеген әлемдік алаңдарда МШОК-ты қолдауды дамытудың өз көзқарасын білдірді. Атап айтқанда:

1. Дүниежүзілік банк (The World Bank), Болгария Республикасының ШОБ қолдау жөніндегі атқарушы агенттігі, Корей ШОБ және стартаптар агенттігі (KOSME), Австрия Бақылау Банкі (OeKB), ШОБ дамыту жөніндегі Малайзия корпорациясы (SME Corp Malaysia) сияқты халықаралық ұйымдармен өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы 6 меморандумға қол қойылды, кепілдік беру құралы шеңберінде «Қазақстанда энергия тиімділігіне инвесторларды тарту үшін жағдай жасау» жобасы бойынша БҰҰДБ-мен келісім жасалды; Сондай-ақ онлайн форматта «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мен «Әзірбайжан Республикасының кәсіпкерлікті дамыту қоры» арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясындағы іс-шараларды жүзеге асыру бойынша Жол картасына қол қойылды;

2. Moody's және Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттіктерімен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізілді. Нәтижесі: Қордың кредиттік рейтингі егемендік деңгейіне (BBB-/A-3) дейін көтерілді;

3. Қор B2B Meeting & Tech Seminar, ТМД және Балтық елдерінің XVII Облигациялық конгресі, «Қазақстан-Испания» Іскерлік кеңесі, «Польша-Қазақстан» Экономикалық форумы, БҰҰ Шеңберлік конвенциясы тараптары конференциясының БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы тараптары конференциясының 26-сессиясы, Дубай ЭКСПО-2020 қазақстандық сауда-инвестициялық форумы, Швейцария Конфедерациясының іскер топтарының өкілдерімен инвестициялық дөңгелек үстел отырысы сияқты 7 ресми маңызды іс-шараға қатысты. Сондай-ақ, Қор өкілдерінің 25 қазанда Тәжікстан тарапына арналған KazAID семинарында және 26 қарашада Қырғыз тарапына арналған «жалғыз терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы семинарда баяндама жасауы ұйымдастырылды;

4. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Іскерлік Кеңесінің «ШЫҰ шеңберіндегі МШОК» тақырыбындағы дөңгелек үстелі, Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерінде ерекше жағдайларда орнықты даму үшін ресурстарды жұмылдыру жөніндегі БҰҰ ЭСКАТО өңірлік семинары, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы елдерінің Банкаралық Бірлестігі ВЭБ.РФ Семинары сияқты 3 онлайн іс-шараларда басшылықтың ұйым экономикалары үшін пандемия салдарларын еңсеру тәжірибесімен алмасу бойынша баяндама жасауы ұйымдастырылды;

5. «Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесе (АӨСШК) Қазақстанның экономиканы цифрландыру саласындағы төрағалығы аясында АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің ынтымақтастық мүмкіндіктері» халықаралық онлайн форумы (2021 жылғы 9 қыркүйек) ұйымдастырылды. Форум жұмысына АӨСШК-ге мүше 14 мемлекеттің, оның ішінде Әзірбайжан, Бангладеш, Қытай, Мысыр, Үндістан, Иран, Ирак, Иордания, Қазақстан, Пәкістан, Ресей Федерациясы, Тайланд, Түркия және Өзбекстан мемлекеттік құрылымдарының басшылары, бейінді сарапшылар мен мамандары қатысты. Сондай-ақ Қор Болгар-Қазақстан онлайн бизнес форумын, ШОБ қолдаудағы орнықты даму саласындағы мақсаттар бойынша Қор серіктестерінің дөңгелек үстелін ұйымдастырды;

6. Қор мен МШОК жұмыскерлеріне арналған «Исламдық қаржыландыру», «Жасыл және әлеуметтік қаржыландыру», E&Y Academy және Еуропалық қайта құру және даму банкінен «Кредиттік Скоринг» тақырыптарында халықаралық ұйымдардан 3 онлайн тренинг ұйымдастырылды.

# 3.7. ЖАРНАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ БАҚ-ПЕН ЖҰМЫС

Бүкіл әлем мен Қазақстанның экономикасына, сондай-ақ елдің микро, шағын және орта кәсіпкерлігіне күшті кері әсерін тигізген COVID-19 пандемиясының қиын кезеңінде Қор жүйелі, дәйекті және тиімді сыртқы коммуникацияларды жолға қойды. Олардың мақсаты - кәсіпкерлер мен жұртшылықты Қор арқылы жүзеге асырылып жатқан барлық мемлекеттік қолдау шаралары туралы кеңінен хабардар ету.

Қордың коммуникациялары өңірлік филиалдардың тармақталған желісі болғандықтан, өңірлердегі аудиторияның мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып құрылған. Ақпарат теледидар, радио, баспа басылымдары және электрондық БАҚ арқылы таратылды. Карантиндік шектеулер болмаған кезде, Қор өңірлерде де, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі арқылы да баспасөз конференцияларын өткізді.

Нәтижесінде, 2021 жылы БАҚ-та Қордың мемлекеттік бағдарламалары мен бағдарламаларын іске асыру туралы 309-дан астам материал жарияланды. 2 баспасөз конференциясы мен 17 баспасөз туры өткізілді.

Қор микро, шағын және орта бизнес өкілдерінің қолайлылығы үшін цифрлық арналарды дамытуды жалғастыруға ұмтылады. Коммуникациялардың маңызды сандық арналарының бірі кәсіпкерлер мен халықты Қор іске асыратын қызметтің нәтижелері, қабылданған өзгерістер немесе қолдаудың жаңа бағдарламалары туралы жедел хабардар етуге, сондай-ақ неғұрлым өзекті проблемалар бойынша кері байланыс алуға мүмкіндік беретін Қордың www.damu.kz корпоративтік сайты болып табылады. Сайтта сондай-ақ қазақстандық экономиканың нарықтары мен секторлары бойынша барлық талдамалық ақпарат шоғырланған, оны кәсіпкерлер зерделеп, шешім қабылдау кезінде сол зерттеулерге сүйене алады.

Қордың өнімдерін ілгерілету https://online.damu.kz/ порталында шоғырланған, Барлық өтінімдердің көпшілігі - микро, шағын және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік институтына келіп түскен 98%-ы ол арқылы өңделеді. Портал пандемия мен карантиндік шаралар аясында ерекше өзектілікке ие болды.

PR-науқанының барлық бағыттары мен аспектілері әлеуметтік желілер арқылы іске асырылады: бұл - Қордың өнімдері мен бағдарламалары туралы аудиторияны дәйекті және мақсатты түрде хабардар ететін контент-стратегия, кәсіпкерлермен қарым-қатынас, жарнамалық науқандар, акциялар, конкурстар өткізу, аудиторияның көңіл-күйін анықтау, адалдықты арттыру. Digital-маркетингтің осы бағытын дамытудың арқасында 2021 жылы Instagram және Facebook-та 1 290 астам жарияланым орналастырылды. Қорға жазылушылардың жиынтық аудиториясы әлеуметтік желілерде 80 мың адамнан асады.

COVID-19 пандемиясы кезеңінде микро, шағын және орта бизнесті ақпараттандырудың және одан кейінгі экономиканы қалпына келтірудің айрықша маңыздылығын түсіне отырып, Қор «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясының» және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ 2019-2023 жж. PR-стратегиясы» ережелері негізінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2021-2023 жылдарға арналған коммуникациялық стратегиясын» әзірледі. Бұл құжат даму институтының аудиториямен байланысының сапасын өзгертуге: оны неғұрлым сапалы және қолжетімді етуге бағытталған. Коммуникациялық стратегияда қол жеткізуге коммуникациялық жұмыс бағытталатын екі негізгі мақсат айқындалған:

- практикалық мақсат - әртүрлі бағдарламалар шеңберінде Қорды қолдау үшін өтініштер санын ұлғайтуға жәрдемдесу;
- имидждік мақсат - Қордың қызметі туралы кең аудиторияның хабардар болу деңгейін арттыру және Қордың қазіргі заманғы, ашық және қолжетімді қаржы институты ретіндегі беделін қалыптастыру.

# 4. ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

## 4.1. ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ОРЫНДАУ

| КТК атауы | 2020 ж. | 2021 ж. | | | Көрсеткіштерді орындамау/асыра орындау себептері туралы түсіндірме |
|---|---|---|---|---|---|
| | Іс жүзінде | Жоспар | Іс жүзінде | жоспарды орын % | |
| Қордың кредиттік қоржынындағы МҚҰ қоржынының үлесі,% | 22,3% | 24,7% | 27,07% | 109,6% | Асыра орындау МҚҰ-ның кредиттік қоржыны көлемінің ұлғаюына байланысты |
| Қолдау тапқан кәсіпкерлердің жалпы санынан микро және шағын кәсіпкерлердің үлесі,% | 88,7% | 85,2% | 88,16% | 103,5% | БЖК 2025 МБ бірінші бағыты шеңберінде қоржындық субсидиялауды енгізу және кепілдік беру есебінен кепілдік беру құралы бойынша субсидиялауға қатысу үшін шарттарды кеңейту есебінен, сондай-ақ экономиканың неғұрлым зардап шеккен секторларындағы жобалар саны есебінен асыра орындау ЕДБ/ЛК/МҚҰ-ға қаражатты орналастыру көлемінің артығымен байланысты АҚТ бойынша артығымен орындалды |
| Нарықтағы жұмыс істеп тұрған МШОК субъектілерінің жалпы санына қаржылық қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің үлесі,% | 8,5% | 10% | 10,1% | 101% | «БЖК 2025» МБ бірінші бағыты шеңберінде қоржындық субсидиялауды енгізу және кепілдік беру есебінен, субсидиялауға қатысу үшін шарттарды кеңейту есебінен, сондай-ақ экономиканың неғұрлым зардап шеккен секторларындағы жобалар саны есебінен кепілдік беру құралы бойынша асыра орындау ЕДБ/ЛК/МҚҰ-ға қаражатты орналастыру көлемінің артығымен байланысты АҚТ бойынша артығымен орындалды |
| Еңбек өнімділігінің ұлғаюын және өткізу нарықтарының кеңеюін ескере отырып, қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және кеңейту бойынша жаңа жобалар мен жобалардың саны (2014 жылдан бастап жинақтай отырып) (Мемлекеттік Бағдарламалар/Қордың Бағдарламалары), бірл. | 115 764 | 138 278 | 144 604 | 104,6% | БЖК 2025 МБ бірінші бағыты шеңберінде қоржындық субсидиялауды енгізу және кепілдік беру есебінен, субсидиялауға қатысу үшін шарттарды кеңейту есебінен, сондай-ақ экономиканың неғұрлым зардап шеккен секторларындағы жобалар саны есебінен кепілдік беру құралы бойынша асыра орындау ЕДБ/ЛК/МҚҰ-ға қаражатты орналастыру көлемінің артығымен байланысты АҚТ бойынша артығымен орындалды |

| КТК атауы | 2020 ж. | 2021 ж. | | | Көрсеткіштерді орындамау/асыра орындау себептері туралы түсіндірме |
|---|---|---|---|---|---|
| | Іс жүзінде | Жоспар | Іс жүзінде | жоспарды орын % | |
| Жеке құрылыс салушылардың субсидияланатын кредиттерінің көлемі, млрд тг | 23 | - | 4.4 | - | Функция 01.07.2021ж. «ҚТК» АҚ-ға берілді. |
| Қордың кредиттік қоржынындағы жеке сектордың үлесі,% | 100% | 100% | 100% | 100% | - |
| Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнім көлемі, млрд теңге | 30 530 | 5 500 | 6 015,6 | 109,4% | ҚР ҚМ МКК-нен алынған алдын ала деректер бойынша |
| Қордың қолдауына ие болған кәсіпкерлік субъектілерінің төленген салықтардың өсімі, млрд теңге | 71 | 15 | 145,6 | 970,7 | ҚР ҚМ МКК-нен алынған алдын ала деректер бойынша |
| Есепті жылғы қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі,% | 3,9% | 83,3% | 46,9% | 56,3% | Көрсеткіш артық өтімділікке байланысты, сондай-ақ ЕДБ/МҚҰ тарапынан қажеттіліктің болмауына байланысты орындалмаған |
| Қордың негізгі бизнес процестерін автоматтандыру,% | 94,4% | 100% | 95,2% | 95,2% | Көрсеткіш жыл сайынғы негізде өлшенеді. 84 негізгі бизнес-процестердің 80-і автоматтандырылды. Қалған 4 процесті автоматтандыруды 2022 жылы аяқтау жоспарланып отыр. |
| «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметіне МШОК субъектілерінің сенімі мен қанағаттануын бағалау,% | 94,5% | Не менее 80% | 93,9% | 117,4% | 2021 жылғы көрсеткіш асыра орындалды, себебі зерттеу нәтижелері бойынша «Даму» қорының бизнесті қолдау бағдарламалары МШОК арасында үлкен табысқа ие және кәсіпкерлер арасында жоғары деңгейдегі сенім мен қанағаттанушылық алады, жаңадан бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін мемлекеттік қолдаудың тиімді бағдарламалары ретінде бағаланады. |

## 4.2. АКТИВТЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Қордың активтері мен пассивтерін басқару - бұл стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізуді, кірістілікті қолдауды, қаражатты тарту мен орналастыру сомалары мен мерзімдерінің сәйкестігін қамтамасыз етуді және ақталмаған тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ететін активтер мен теңгерім пассивтерінің осындай құрылымын қалыптастыру және қолдау процесі. Қордың активтері мен пассивтерін басқарудың басты міндеті тәуекелдерді бір мезгілде азайта отырып, Қор қызметінің жоғары қаржылық көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін активтер мен пассивтерді реттеуден тұрады.

### ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІ МЕН ПАССИВТЕРІН ТИІМДІ БАСҚАРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ:

1. Жаңа күрделі өнімдердің пайда болуымен;
2. Тартылған ресурстар құрылымындағы өзгерістермен;
3. Экономиканың тұрақсыздығымен;
5. Қордың қызметін оның барлық бағыттары бойынша үйлестіру қажеттілігімен;
6. Тәуекелдерді басқарудың жалпы шеңберінде контрагенттерге қаражат беру тәсілдерін үйлестіру қажеттілігімен анықталады.

Қордың активтер мен пассивтерді басқару кезіндегі негізгі міндеттері өтімділікті ақша ағындарының барлық қажеттіліктерін жабу үшін жеткілікті деңгейде ұстау, мүмкіндігінше өтімділіктің артығын тиімді орналастыру, кез келген іскерлік тәуекелдерді өтеу үшін капиталдың жеткілікті шамасын ұстау, уақытша бос қаражатты сақталуын, ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем қабілеттілігін, туындайтын инвестициялық мүмкіндіктерді қаржыландыру қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың активтері **377,5 МЛРД ТГ.** құрады

және 2021 жылдың басымен салыстырғанда **19,4 МЛРД ТГ.** ұлғайды.

Қор активтерінің құрылымында негізгі үлесті (62%) кредиттік қоржын құрайды. Ақша қаражатының үлес салмағы жиынтық активтердің 3%-ын, «Кері РЕПО» операцияларының 17%-ын құрайды. Қордың бағалы қағаздар қоржыны жалпы активтердің 12%-ын құрайды.

Қордың міндеттемелері 2021 жылдың қорытындысы бойынша 236,2 млрд теңгені құрайды, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 2,2 млрд теңгеге аз.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша меншікті капитал 141,3 млрд теңгені құрады.



## 4.3. ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

Қордың 2021 жылғы жалпы кірісі

**54,6 МЛРД ТГ.**

құрайды, оның ішінде негізгі қызметтен түскен кіріс - 45,0 млрд теңге, негізгі емес қызметтен түскен кіріс - 9,6 млрд теңге.

Қордың 2021 жылғы жалпы шығыстары

**24 МЛРД ТГ.**

құрайды. Қордың шығыстарындағы негізгі үлесті қаржыландыру шығыстары 76%-ды құрайды, әкімшілік шығыстар 21%-ды құрайды.



2021 жылдың қорытындысы бойынша Қордың қаржылық нәтижесі

**25 МЛРД ТГ.**

құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 317%-ға артық.

# 5. ҚЫЗМЕТТІҢ ТАБЫСТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Атауы | 2018 іс жүзінде | 2019 іс жүзінде | 2020 іс жүзінде | 2021 жоспар | 2021 іс жүзінде |
|---|---|---|---|---|---|
| ROA, активтердің табыстылығы | -3,8% | 1,10% | 1,37% | 1,63% | 6,81% |
| ROE, капиталдың табыстылығы | -13,7% | 4,8% | 4,63% | 4,95% | 19,18% |
| ІКН орташа өлшенген кірістілігі | 8,6% | 8% | 10,15% | 8,0% | 8,96% |
| Қызметтің табыстылығы | -28,6% | 20,6% | 16,51% | 19,8% | 104,3% |
| NI margin | -28,6% | 19,2% | 23,08% | 19,7% | 55,6% |
| Борыш/меншікті капитал | 3,0 | 2,9 | 1,99 | 2,10 | 1,67 |
| Активтердегі кредиттік қоржынның үлесі | 71,8% | 77,9% | 61,27% | 62,53% | 62,10% |

2021 жылы Қор қызметінің табыстылығы көрсеткіштерінің нақты мәні жоспарлы деңгейден артық таза табыс алуға байланысты жоспарлы мәннен едәуір асады:

- ROA (активтердің табыстылығы) жоспар 1,63% болған кезде 6,81% құрады;
- ROE (капиталдың табыстылығы) жоспар 4,95% болған кезде 19,18% құрады;
- Қызметтің табыстылығы жоспар 19,8% болған кезде 104,3% құрады;
- NI margin (таза кіріс маржасы) жоспар 19,8% болған кезде 55,6% құрады.

Есепті күнгі активтердегі кредиттік қоржынның үлесі 62,10% -ды құрайды. Болжамды деңгейден ауытқу шамалы - 1% -дан кем.

## РЕЙТИНГ

2021 жылы S&P Global Ratings шетелдік және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша «Даму» қорының ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін егемендік деңгейіне дейін «BBB-/A-3» деңгейіне көтерді. Сонымен бір мезгілде ұлттық шкала бойынша Қордың рейтингі «kzAAA» деңгейіне дейін көтерілді.

Moody 's Investors Service 2021 жылы «Даму» қорының шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингін Baa3 деңгейінде, P-3 деңгейіндегі шетелдік және ұлттық валютадағы қысқа мерзімді рейтингін растады. Ұлттық шкала бойынша «Даму» қорының рейтингі Aa2.kz.

Рейтингінің өзгеру болжамы «Тұрақты».




## ДАМУ ЖОСПАРЛАРЫ

Даму Қорының даму стратегиясын іске асыру, сондай-ақ стратегиялық бағыттарға, мақсаттарға, міндеттер мен түйінді көрсеткіштерге сәйкес «Даму» қорының дамуын қамтамасыз ету үшін қызметті стратегиялық және ағымдағы жоспарлауды үйлестіру мақсатында Қордың Даму жоспары әзірленеді және жыл сайын түзетіледі.

«Даму» қорының даму жоспары:

1. Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттары;
2. «Даму» қорының Даму стратегиясында көзделген стратегиялық мақсаттары, міндеттері, қызметтің түйінді көрсеткіштері;
3. тиісті мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
4. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы;
5. мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған жоспарланатын жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдары;
6. «Даму» қоры қызметінің әлсіз және күшті жақтарын талдау нәтижелері;
7. «Даму» қорының ағымдағы жылғы даму жоспарының орындалуы мониторингінің нәтижелері;
8. «Даму» қоры қызметінің тиімділігін бағалау;
9. ағымдағы жылдың алдындағы жыл үшін жыл сайынғы аудиттелген қаржылық есептілік негізінде әзірленеді.

«Даму» қорының Директорлар кеңесінің шешімімен 2021 жылғы 29 қазанда «Даму» қорының 2019 - 2023 жылдарға арналған даму жоспары бекітілді, онда «Даму» қорының стратегиялық міндеттерін іске асыру мақсатында жоспарланған қаржылық көрсеткіштер көзделген.

2022-2023 жылдардағы қызметтің нәтижесінде 2022 жылы 30 671 млн теңге және 2023 жылы 32 799 млн теңге көлемінде жалпы кіріс алу жоспарлануда. 2022 - 2023 жылдары «Даму» қоры тартылған және меншікті қаражат есебінен қаражатты шарттасып орналастыру, кәсіпкерлердің кредиттері/лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және банктер/лизингтік компаниялар алдындағы кәсіпкерлердің кредиттеріне кепілдік беру бойынша бағдарламаларды іске асырудан кірістер алуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, «Даму» қоры қазынашылық қоржыннан түсетін кірісті қамтитын негізгі емес қызметтен кіріс алуды жоспарлап отыр.

«Даму» қорының 2022-2023 жылдарға арналған алдағы шығындары бойынша Даму жоспарының көрсеткіштері 2022 жылы 24 651 млн теңгені және 29 097 млн теңгені құрайды. Алдағы кезеңде Қор алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстарды, әкімшілік шығыстарды және резервтерді қалыптастыру жөніндегі шығыстарды көтереді.

Даму жоспарының жоғарыда көрсетілген көрсеткіштеріне қол жеткізген кезде «Даму» қоры 2022 жылы 4 783 млн теңге және 2023 жылы 7 905 млн теңге көлемінде таза пайда табады.

# 6. 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

## 2022 ЖЫЛЫ ҚОР БІРҚАТАР ІС-ШАРАЛАР МЕН ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР:

01

ESG тәуелсіз бағалау үшін және ESG рейтингін алу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу;

02

Қазақстандық ШОБ өндірушілерінің «ULTTYQ ÓNIM» VI көрмесін өткізу бойынша;

03

Қаржы ұйымдарынан/облигациялар шығару жолымен «жасыл»/әлеуметтік жобаларды, орнықты даму жобаларын қолдауға инвестициялар тарту бойынша;

04

Жасыл климаттық қорда аккредиттеу алу үшін іс-шаралар өткізу бойынша;

05

Қордың Еуропалық Инвестициялық Банкпен ынтымақтастығы шеңберінде халықаралық институт қаражатынан ШОКС кредиттеудің жаңа өнімін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ жасыл жобаларды айқындау бойынша техникалық көмек алу мәселесі жоспарлануда;

06

БҰҰДБ-мен ынтымақтастық шеңберінде кепілдік беру құралы шеңберінде «Қазақстанда энергия тиімділігіне инвесторларды тарту үшін жағдай жасау» жобасы бойынша келісім шеңберінде жаңа өнімді іске асыру жоспарлануда;

07

2021 - 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру қағидаларын әзірлеу және енгізу;

08

Қаржыландырудың баламалы арнасын қалыптастыру мақсатында KASE/АХҚО алаңдарында жеке және институционалдық инвесторлардың қаражаты есебінен 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерінің шығарылатын облигациялары бойынша кепілдік беру құралын енгізу мәселесін пысықтау жоспарлануда.

## ҚОРДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАР:

01

Өңірлерде кәсіпкерлерді қолжетімді және ұзақ мерзімді қорландыруды қамтамасыз ететін нүктелі өңірлік бағдарламаларды іске асыру үшін ЖАО-дан қаражат тарту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады;

02

Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық шеңберінде жұмыс жалғасатын болады, оның ішінде COVID-19 салдарларынан зардап шеккен кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсету үшін А Кредиттік желісі шеңберінде Еуропалық Инвестициялық Банктен бірінші транш қаражаты тартылады;

03

B2B кездесулер, форумдар, семинарлар мен консультациялар ұйымдастыру арқылы шетелдік әріптестермен бірлесіп қаржылық емес көмек көрсету жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.



# 7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың атқарушы органы мен басқару органын тәуекелдер және оларды азайту жөніндегі шешімдер туралы уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ететін процестер мен рәсімдер жүйесін қамтиды.

Қордың тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі оның ұйымның ерекшелігімен, қызметінің негізгі қағидаттарымен, бизнес-процестерімен интеграциялануы және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне тартылуы болып табылады.

Қордың тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (бұдан әрі - ТБКЖ) бірізділігі мен үздіксіздігі төмендегі схемада көрсетілген.

КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

1. Ұйымдастыру құрылымы
2. Жұмыс істеу қағидаттары
3. Тәуекел иелері

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ-ҮЗДІКСІЗ ПРОЦЕСС

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ

1. Тәуекелдерді анықтау
2. Тәуекелдерді жіктеу

ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ «АЛАҢДАУШЫЛЫҚ» АХУАЛЫН ҚҰРУ - КОМПАНИЯ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ТАПСЫРМАСЫ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

1. Тәуекелдер мониторингі
2. Тәуекелдерге ден қою
3. Тәуекелдерді басқару тиімділігін бағалау




ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. Тәуекелдердің іске асуынан залал
2. Тәуекелдердің іске асу ықтималдығы

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ

1. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды жоспарлау
2. Тәуекел иелерін тағайындау

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІ

1. Тәуекелдерді азайту
2. Тәуекелді қабылдау
3. Тәуекелді беру
4. Тәуекелден бас тарту

Қазіргі уақытта ТБКЖ құрылымы тәуекелдерді басқарудың төрт деңгейін білдіреді: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекел-менеджмент департаменті, құрылымдық бөлімшелер (тәуекелдердің иелері).

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау неғұрлым «әлсіз» жерлерді анықтау үшін базалық саралауды жүзеге асыру жолымен қолданыстағы тәуекелдер мен олардың мөлшерлері бойынша жалпы пайымды ұсынуға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару залалдардың теріс әсері мен ықтималдығын азайтуға немесе Қор қызметінің тәуекелдеріне байланысты шығындар туындаған кезде қаржылық өтем алуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі ШОК жобаларына кепілдік беру жөніндегі бағдарламалар шеңберінде кредиттік тәуекелдерді кешенді талдау қағидаттарын іске асыруға бағытталған. Бағдарламаны іске асырудың маңыздылығын ескере отырып, Қор жыл сайын жобалық тәуекелдерді бағалау әдіснамасын жетілдіреді, бұл кредиттік тәуекелдерді ерте кезеңде азайтуға мүмкіндік береді.

Кепілдіктер беру немесе оларды беруден бас тарту туралы шешімдер қабылдау барысында Қор кредиттік тәуекелдерді бағалаудың өзіндік кешенді әдістемесінің нәтижелерін пайдаланады. Осы әдістеме жобаның қаржылық көрсеткіштеріне теріс әсер етуі және тиісінше берілген кепілдіктер қоржыны бойынша Қордың кредиттік тәуекел деңгейін ұлғайтуы мүмкін өзара байланысты тәуекелдер факторларын жан-жақты талдауға негізделеді.

Қаржылық тәуекелдерді басқару кезінде 2021 жылы дәстүрлі түрде үш тәуекел аймағы бөлінді: ЕДБ-ге шарттастырылған кредиттер, бағалы қағаздар қоржыны және ЕДБ-дегі уақытша бос қаражат. Оларды барынша азайту үшін контрагент банктермен белсенді операцияларға лимиттеу әдістемелері, ЕДБ, ЛК және корпоративтік эмитенттердің кредиттік тәуекелдерін қашықтықтан талдау пайдаланылды.

Лимиттеу әдістемелерін қолдану Тәуекел-менеджмент департаментінің қаржылық тәуекелдерді басқарудың әдіснамалық және техникалық базасын жетілдіру жөніндегі күш-жігері нәтижесінде мүмкін болды.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу басталған сәттен бастап Қорда тәуекелдерді басқару бойынша базалық әдіснамалық құжаттаманы енгізу бойынша елеулі жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ орталықтандырылған іс-шаралар шеңберінде сыртқы консультантпен бірлесіп, PWC тұлғасында тәуекелдердің барлық жекелеген түрлерін (кредиттік, нарықтық, операциялық тәуекелдер, бизнес-тәуекелдер, жылжымайтын мүлік тәуекелі) басқару мен бағалауды, қалыпты және стрестік жағдайларды ескере отырып, тәуекелдердің жиынтық шамасын айқындауды, ішкі капиталдың жеткіліктілігін есептеу және тәуекел-тәбетті қалыптастыруды (капиталдың жеткіліктілігі, кірістілік және өтімділік бөлігінде) қамтитын Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің талаптарын ескере отырып, үздік халықаралық практикаға сәйкес әзірленген тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді.

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Қордың Басқармасы тоқсан сайын Директорлар кеңесіне түйінді тәуекелдерді сипаттай және талдай отырып, тәуекелдер бойынша лимиттерді сақтау туралы ақпаратпен, сондай-ақ түйінді тәуекелдерді азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы мәліметтермен шоғырландырылған негізде Тәуекелдер жөніндегі есепті ұсынады.

2021 жылы операциялық тәуекелдерді басқару жұмыстары жалғасты. Тәуекелдер базасын, тәуекелдер тіркелімін автоматтандыру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Осы бағыттағы жұмысқа Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері тартылды, құжаттардың кешенді пакеті бекітілді, оның ішінде: тәуекелдердің тіркелімі мен картасы, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарлары жаңартылды.

Барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер тіркелімі және Қордың тәуекелдер картасы стратегиялық, қаржылық (кредиттік, нарықтық, өтімділік тәуекелі), құқықтық және операциялық тәуекелдердің мынадай топтарына жататын тәуекелдерді қамтиды. «Қызыл» аймаққа түсетін тәуекелдер Қор қызметінің тәуекеліне барынша ұшырайтынын білдіреді. «Сары» аймаққа түсетін тәуекелдер тәуекелдерге ұшыраудың қолайлы деңгейін білдіреді. «Жасыл» аймаққа түсетін тәуекелдер тәуекелдерге ұшыраудың ең төменгі деңгейін білдіреді.

Барлық тәуекелдер бойынша тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар жоспары/бақылау рәсімдері жасалды:

1. тәуекелдердің түйінді индикаторлары (ТТИ) бекітілді;
2. іске асырылған және әлеуетті тәуекелдер базасын тұрақты жүргізу практикасы енгізілді;
3. Қор қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі шеңберінде Қордың қызметін қалпына келтіру, Қорды дағдарыстық басқару жоспарлары жасалды.

2021 жылы Қордың тәуекелдерін сыртқы сарапшылардың басқару жүйесіне тәуелсіз бағалау жүргізілді. Тәуекелдерді басқару жүйесін тәуелсіз бағалаудың қорытынды балы 92%-ды құрады.

## ТҮЙІНДІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Қорда түйінді тәуекелдер мынадай санаттарға бөлінеді.

A. Қор контрагенттерінің кредиттік тәуекелі олардың Қор алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан ЕДБ, МҚҰ және ЛК-да орналастырылған қаражатты жоғалту тәуекелін білдіреді.

B. Қаржылық тәуекел - валюта бағамдарының және пайыздық мөлшерлемелердің теңгерімсіз құрылымының ауытқуы салдарынан шығындардың туындау ықтималдығы.

C. Операциялық тәуекел - барабар емес немесе қате ішкі процестер, персонал әрекеттері, жүйенің жұмыс істеуі нәтижесінде залалдарға, сондай-ақ сыртқы оқиғаларды, оның ішінде құқықтық тәуекелді (стратегиялық және беделін жоғалту тәуекелін қоспағанда) іске асыру себептері бойынша туындайтын залалдарға әкеп соғатын тәуекел.

D. Құқықтық тәуекел - заңнама, нормативтік құқықтық актілер, келісімдер, қабылданған практика немесе этикалық нормалар талаптарының бұзылуынан немесе сақталмауынан туындайтын әлеуетті тәуекел.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және бизнес-процестердің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды элемент болып табылады.

Қордың қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1. Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатқа (Қордың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 14/2018 шешімімен бекітілген) COSO моделіне сәйкес (Тредвей Комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін жақсартуға бағытталған рәсімдерді енгізу бөлігінде өзгерістер/толықтырулар енгізілді;
2. Ішкі бақылау жүйесіне қатысушылар, олардың құзыреті, сондай-ақ өкілеттіктері мен міндеттері белгіленетін ішкі бақылауды қорғаудың үш желісін толық сипаттай отырып, «ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру» ұғымы неғұрлым кеңінен берілген;
3. Бақылау ортасын, тәуекелдерді бағалауды, бақылау рәсімдерін, ақпараттық қамтамасыз ету және ақпарат алмасу жүйесін, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін мониторингілеу мен бағалауды қамтитын ішкі бақылау жүйесінің өзара байланысты бес компоненті (COSO моделіне сәйкес) егжей-тегжейлі сипатталған.

Ішкі бақылау жүйесінде тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтау мақсатында анықталған бұзушылықтарды/ескертулерді жою бойынша және Қорда ішкі бақылауды жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылданады. Тәуекел-менеджмент департаменті тұрақты негізде:

1. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалу мониторингін;
2. сыртқы аудит жүргізу нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалу мониторингін;
3. Қордың жалғыз акционері – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және Қордың тәуелсіз директорлары ұсынымдарының орындалу мониторингін жүргізеді.

ІБҚ тәуелсіз бағалауы Қордың регламентіне сәйкес үш жылда бір рет жүргізіледі. «Делойт» ЖШС Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесін тәуелсіз бағалаудың қорытынды балы 88%-ды құрады.



# 8. КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК САЯСАТЫ

Адам капиталы - басты құндылық және негізгі ресурс, Қор қызметінің нәтижелері Қор жұмыскерлерінің кәсіби деңгейіне және қауіпсіздігіне тікелей байланысты.

Қор жұмыскерлерінің штат саны 2021 жылдың аяғында 394 бірлікті құрайды.

**47%** ерлердің үлесі

**53%** әйелдердің үлесі

## 2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ПЕРСОНАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

| Көрсеткіш | Барлығы (адам) | гендерлік топтар бойынша құрылым,% | | жас топтары бойынша құрылым,% | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер | 30 жасқа дейін | 30-50 жас | 50 жастан асқан |
| **Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, барлығы** | 394 | 47% | 53% | 10,6% | 84,6% | 4,8% |
| Жоғары басшылық | 5 | 80% | 20% | 0% | 100% | 0% |
| Орта буын басшылары | 49 | 61,2% | 38,8% | 2% | 92% | 6% |
| Жұмыскерлер | 340 | 45,6% | 54,4% | 11% | 83% | 6% |

2021 жылдың деректері бойынша Қор жұмыскерлерінің орташа жасы 37,5 жасты құрайды.

## ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

2021 жылы персоналдың ерікті тұрақтамауы жоспарлы көрсеткіш 13%-дан аспаған жағдайда 10,2%-ды құрады. 2021 жылы Қордағы ашық бос жұмыс орындарының саны 96-ны құрады, оның 90-ы әкімшілік лауазымдарға және 6-сы басқарушылық және басшылық лауазымдарға. Әкімшілік лауазымдарға бос орындардың 25%-ы ішкі кандидаттармен жабылған, бос орындардың 75%-ы сыртқы кандидаттармен жабылған. Басқарушылық және басшылық лауазымдарға арналған бос орындардың 66% Қордың Кадр резервінің құрамында тұрған ішкі кандидаттармен жабылған, 34% бос орындар сыртқы кандидаттармен жабылған.

## «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ 2019-2021 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕГІ ТҰРАҚТАМАУ ДЕҢГЕЙІ




## 2021 ЖЫЛЫ ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ ЖӘНЕ ЖАЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

| Көрсеткіш | Барлығы | оның ішінде гендерлік топтар бойынша | | оның ішінде жас топтары бойынша | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер | 30 жасқа дейін | 30-50 жас | 50 жастан асқан |
| Персоналдың тұрақтамауы,% | 10,2% | 3,75% | 6,45% | 37,5% | 62,5% | - |
| 2021 жылы жалданған қызметкерлер саны, адам | 77 | 40 | 37 | 19 | 56 | 2 |

## КАДР РЕЗЕРВІ

Қордың кадрлық әлеуетін қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2021 жылы Қордың Кадр резервіне 17 штаттық әкімшілік жұмыскер және басшы құрамның 6 жұмыскері енгізілді, оның ішінде 4 жұмыскер жоғары тұрған лауазымдарға ауыстырылды.

Қор резервшілерді оқыту және өздігінен білім беру арқылы кәсіби және жеке құзыреттілікті дамыту бағытында белсенді жұмыс істейді. Атап айтқанда, олар үшін Жеке даму жоспарлары жасақталып, тиісті оқыту курстары ұйымдастырылады.

Кадр резервінің құрамында болған уақыт ішінде әрбір резервші өзінің жеке даму жоспарының орындалуы туралы есеп дайындайды.

## КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУ

Корпоративтік мәдениетті дамыту - тиімділігі жоғары ұйымды құрудың маңызды элементі және компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті құрамдас бөлігі, осыған байланысты жыл сайын персоналдың тартылу дәрежесін талдау үшін персоналға сауалнама жүргізіледі, тұрақты түрде іскерлік кездесулер, жұмыс топтарының және Қор басқармасы жанындағы Кадр саясаты жөніндегі комитеттің отырыстары өтеді.

2021 жылдың нәтижелері бойынша Қор жұмыскерлерінің тартылу және қанағаттану деңгейінің біріктірілген мәні 71%-ды құрады.

2021 жылы Қазақстан Республикасындағы COVID-19 пандемиясына байланысты күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты Қор онлайн және қашықтықтан оқыту форматын белсенді пайдаланды. Жыл бойы Қор корпоративтік мәдениетті нығайту және корпоративтік рухты қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының өңірлік филиалдарын қоса алғанда, Қор жұмыскерлерімен мемлекеттік және кәсіби мерекелерге арналған онлайн құттықтау кездесулерін белсенді өткізді. Аталған іс-шараларда Қордың үздік жұмыскерлері алғыс грамоталармен және наградалармен марапатталды.

## ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

Қорда еңбек тиімділігін арттыру саясаты Қордың стратегиялық мақсаттарын, Қордың стратегиясы мен бизнес-жоспарларын еңбекті бағалау, жұмыскерлерді ынталандыру және көтермелеу саясатымен байланыстыру мақсатында құрылады.

Барлық жұмыскерлер Қордың стратегиялық міндеттерінен туындайтын мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Жұмыскерлердің нәтижелілігін бағалау нақты міндеттердің орындалуына байланысты, бұл жұмыскер қызметінің тиімділігінің түйінді көрсеткіштерімен расталуға тиіс, осыған байланысты Қорда тоқсан сайын әкімшілік жұмыскерлердің қызметіне бағалау жүргізіледі, оның негізінде жұмыскерлердің атқаратын лауазымдарына сәйкестігі және қойылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі айқындалады.

Қордың жұмыскерлері Қор бюджетінде көзделген қаражат есебінен жыл сайынғы медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, Қор қызметкерлеріне жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде екі лауазымдық жалақы мөлшерінде материалдық көмек, некеге тұру, бала туу кезінде материалдық көмек көрсетіледі, сондай-ақ отбасы мүшесінің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек төленеді.

Сондай-ақ, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің сомасын шегере отырып, орташа жалақысы сақтала отырып, жүктілік және босану бойынша демалыс төленеді.

## ЖҮКТІЛІГІ ЖӘНЕ БОСАНУЫ БОЙЫНША ДЕМАЛЫСТАР, СОНДАЙ-АҚ БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

| Көрсеткіш | Мәні (адам) | оның ішінде | |
|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер |
| 2021 жылы жүктілігі және босануы бойынша демалысты, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалысты ресімдеген адамдардың саны | 8 | 0 | 8 |
| 2021 жылы жүктілігі және босануы бойынша демалыстан, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыстан оралған жұмыскерлердің саны | 5 | 0 | 5 |

## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Қорда еңбекті қорғау бөлігінде жұмыс процесін ұйымдастыру жұмыскерлердің қорғалу жай-күйінің деңгейін арттыруға, қауіпсіздік мәдениетін жүйелі түрде енгізуге және жазатайым оқиғаларға жол бермеуге бағытталған. Осы салада Қордың жауапты жұмыскерлері Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерін жетілдіру және күнделікті өндірістік циклға енгізу бойынша жұмыс істейді.

Есепті кезеңде жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар ретінде қашықтан (қашықтықтан) жұмыс істеу кезінде Қор жұмыскерлері үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қауіпсіздік қауіп-қатерлерін азайту жөніндегі нұсқаулық әзірленді және Басқарма шешімімен бекітілді.

Сонымен қатар, өңірлік филиалдардың қызметкерлері ҚР Үкіметінің Қордың кеңсе қызметкерлерінің еңбегін қорғау жөніндегі қаулыларын басшылыққа алады. Елдің нормативтік-құқықтық актілерінің талаптары Қор кеңселерінде жұмыс істеу, қызметтік іссапарлар кезінде, сондай-ақ төтенше және авариялық жағдайлар кезінде олар орындайтын барлық еңбек процестеріне қолданылады.

Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатты іске асыру, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелермен және өңірлік филиалдармен 2021 жылға арналған өрт қауіпсіздігі жөніндегі бірлескен жоспарлар шеңберінде реттелген өзара іс-қимыл нәтижесінде қадағалау органдары тарапынан бұзушылықтар мен айыппұл санкцияларына жол берілмеді.

## КАДРЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және Қордың даму стратегиясына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешу үшін жұмыскерлердің кәсіби және басқару қызметі саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктерін, құзыреттері мен дағдыларын жаңарту және қосымша меңгеру мақсатында жүзеге асырылады.

Жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және Қордың даму стратегиясына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешу үшін қызметкерлердің кәсіби және басқару қызметі саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктерін, құзыреттері мен дағдыларын жаңарту және қосымша меңгеру мақсатында жүзеге асырылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қордың Кадр саясаты жөніндегі комитетінің шешімімен Қор жұмыскерлерін оқыту жоспары бекітілді (30.11.2020 жылғы № 63-2020 Хаттама). Есепті жылы Қордың 314 жұмыскері 29 оқыту іс-шарасында оқудан өтті, оның ішінде кейбір жұмыскерлер жыл бойы бірнеше рет, оның ішінде корпоративтік форматта оқыды. Жылдық Жоспар шеңберінде оқыту қызметкерлердің іскерлік, жеке және кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталды. Оның ішінде жұмыскерлер iOS-ке мобильдік қосымшаларды әзірлеу, Creatio-да әзірлеу бойынша оқудан өтті, ХҚЕС және Салық кодексінің өзгерістері бойынша, сондай-ақ қаржылық талдау бойынша, Power BI бойынша курстар, MS Excel-де тәуекелдерді модельдеу, қазақ және ағылшын тілінің курстары, жобаларды басқару және жоғарылату бойынша оқыту және т.б. жүргізілді.

## 2021 ЖЫЛЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР

| Көрсеткіш | Барлық жұмыскерлер бойынша | Гендерлік топтар бойынша | | Жұмыскерлердің санаттары бойынша | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Әйелдер | Ерлер | Жоғары басшылық | Орта буын басшылары | Жұмыс-керлер |
| Ұйым жұмыскерлерінің есепті кезеңде өткен оқыту сағаттарының орташа саны | 31,54 | 36 | 27,1 | 20,0 | 11,5 | 36,6 |
| Оқытудан өткен жұмыскерлердің саны | 314 | 188 | 126 | 5 | 49 | 260 |
| Оқыту сағаттарының саны | 10 180,6 | 6 766 | 3 414,6 | 100 | 564,6 | 9 516 |

## ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қор қызметкерлері 10 Ұлы Отан соғысының ардагеріне, еңбек ардагерлеріне және соғыс балаларына ақшалай қаражат жинап, азық-түлік себеті түрінде атаулы көмек көрсетті.

2021 жылдың желтоқсанында балалар үйлері мен аз қамтылған отбасылардың балаларына жаңа жылдық сыйлықтар сатып алу үшін Бас кеңседе қаражат жинау ұйымдастырылды. Жиналған қаражаттың жалпы сомасы 80 000 теңгені құрады. Аталған сомаға аз қамтылған отбасылардың балаларына 20 жаңа жылдық сыйлық сатып алынды және апарып берілді.



## 2021 ЖЫЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫНДА ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕР

| КӘЖ саласындағы бағыттар | Көрсеткіштер | 2021 жылға арналған нысаналы мәндер | Орындау |
|---|---|---|---|
| Экономикалық көрсеткіштер | Демеушілік/қайырымдылық көмекке көзделген Қор бюджетіндегі қаражат көлемі | 2021 жылға арналған Бюджет шеңберінде «Демеушілік көмек көрсету» бабы бойынша 5 млн теңге бөлінді | 2021 жылға арналған Бюджет шеңберінде «Демеушілік көмек көрсету» бабы бойынша 5 млн теңге бөлінді. 2021 жылы бұл сома пайдаланылмаған. |
| | Қордың сыртқы мүдделі тараптарға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге жұмсаған жалпы сомасы | 2021 жылға арналған мақсатты сома сыртқы мүдделі тараптарға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге 5 млн теңгені құрайды | |
| Персоналмен жұмыс бойынша көрсеткіштер | Персоналдың тартылу дәрежесі | Орташадан жоғары | Персоналдың тартылу деңгейін бағалауды «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ барлық жұмыскерлері үшін тәуелсіз консультанттар ағымдағы жылдың қыркүйек айында жүргізді. Қор жұмыскерлерінің тартылу және қанағаттану деңгейінің біріктірілген мәні 0,71%-ды құрады. Бұл көрсеткіш оң тартылу аймағына түседі (тартылу деңгейі орташадан жоғары). |
| | Қор шегінде практикадан немесе тағылымдамадан өткен жас мамандардың саны | 15 адам | 2021 жылы Қорда тәжірибеден/тағылымдама дан өткен жас мамандар саны 15 адамды құрады. |
| | Оқытудан өткен Қор жұмыскерлерінің саны | 185 адам | 2021 жылы оқытылған жұмыскерлердің саны 314 адамды құрады. |
| | Жұмыскерлердің Қор омбудсменіне Іскерлік әдеп кодексін сақтамау мәселелері бойынша өтініштерінің саны | 7-ден аспайды | 2021 жылы жұмыскерлердің Омбудсменге өтініштері болмаған |

## ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ

Іскерлік әдеп компания табысының ажырамас алғышарттарының бірі, оның салауатты әрі тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Қордың Іскерлік этика кодексі әрбір қызметкер үшін корпоративтік құндылықтар мен стандарттарды белгілейді. Қор жұмыскерлері адалдық, сенімділік, кәсібилік сияқты құндылықтарды ұстанады және Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына өз үлестерін қосуға ұмтылады.

Жыл сайынғы негізде Қор жұмыскерлері Қордың Іскерлік әдеп кодексінің негізгі қағидаттарын білуге және түсінуге оқытудан және тексеруден өтеді.

## КОРПОРАТИВТІК ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ САЯСАТЫ

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу рәсімдерін айқындау, мүдделер қақтығысын уақтылы анықтау және болдырмау (бұдан әрі - Қақтығыстар), сондай-ақ корпоративтік қақтығыс немесе мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындау мүмкіндігі болған жағдайда барлық органдардың іс-қимылдарын үйлестіру үшін Қорда Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат (Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі шешімі, № 60 хаттама, бұдан әрі - Саясат) бекітілген.

Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау мен қорғаудың, сондай-ақ Қордың мүліктік мүдделері мен іскерлік беделін қорғаудың тиімді тетіктерінің бірі Жанжалдардың алдын алу және оларды реттеу болып табылады.

Есепті кезеңде Қордың Комплаенс-бақылаушысына ықтимал мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша жұмыскерден 1 өтініш келіп түсті:

1) Шымкент қаласы бойынша өңірлік филиалдан жұмыскердің жақын туысы қаржылай қолдау көрсетуді сұрап өтініш жасады;

Осы өтініш бойынша Комплаенс-бақылаушы туындаған мүдделер қақтығыстарын түсіндіре отырып, туындаған мүдделер қақтығысын реттеу үшін кейінгі іс-қимылдарды ұсына отырып, қорытындылар берді.

Қорда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністеріне ар-ұяттылық, адалдық және нөлдік төзімділік қағидаттарын енгізу әдістерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты жұмыскерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жаңа талаптары түсіндірілді, Қордың ішкі құжаттарына өзгерістер енгізілді және «Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты» тақырыбында оқыту жүргізілді.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Қор сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелдерін азайту жөніндегі жұмысқа ерекше назар аударады. Жыл сайын Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына сәйкес Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының өкілдерімен бірлесіп Қорда және оның өңірлік филиалдарында бейнероликтерді көрсете отырып, дәрістер өткізіліп, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң нормалары түсіндіріледі.

Бір мезгілде Қорға жұмысқа жаңадан қабылданған жұмыскерлермен тұрақты жұмыс жүргізілуде, олар ең алдымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысады.

Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Қорда оларды қатаң қабылдамау атмосферасын қалыптастыру болып табылады. Еңбек міндеттемелерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ететін Қор жұмыскерлерінің құқықтық мәдениетін тәрбиелейді. Қордағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге, бұл құжатқа қызметтік өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде жұмыскерлердің мінез-құлқының құндылық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарларын қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар енгізілген.

2021 жылдың қорытындысы бойынша келесі іс-шаралар іске асырылды.

1. Қордың барлық жұмыскерлері Қордың Корпоративтік алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысты.
2. Қордың жұмыскерлері немесе өкілдері болып табылатын тұлғалар тарапынан алаяқтық әрекеттердің алдын алу және болдырмау мақсатында корпоративтік сайтта Қордың алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі туралы арнайы бөлім қолданылады. Сондай-ақ, сайтта барлық байланыс арналарына («жедел желілер», арнайы электрондық пошта және т.б.) сілтемелер орналастырылған.
3. Комплаенс-бақылаушы Қор жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шараларды кезең-кезеңмен өткізіп тұрды.
4. Қордың ықтимал сыбайлас жемқорлық және бедел тәуекелдерін азайту мақсатында «Құпия сатып алушы» ахуалдық тексерулер ұйымдастырылып, жүргізілді.
5. Мүмкін болатын сыбайлас жемқорлық және бедел тәуекелдерін азайту мақсатында Қор қызметкерлері үшін кейіннен тестілеумен «Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында онлайн курс ұйымдастырылды және өткізілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қор жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берген жоқ.



# 9. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

Қор жүзеге асырылатын және жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылады. Операциялық қызметтен экологиялық әсерді азайту шараларын қабылдайды, «жасыл» өнімдерді әзірлейді, кәсіпкерлердің ақпараттылығын арттырады, Қордың орнықты даму саласындағы саясатына сәйкес өз мамандарын оқытады, сондай-ақ экология және оған әсер ету тақырыбында оқыту семинарларын өткізеді.

2021 жылы Қор «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізу бойынша жұмысты жалғастырды. Сондай-ақ «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде шикізатты қайта өңдеу орталықтарына өңдеуге жататын қауіпті емес қалдықтар мен материалдарды бөлек жинау және шығару жүзеге асырылды.

2021 жылғы ақпанда Қор Басқармасының шешімімен Экологиялық және әлеуметтік саясат бекітілді. Қордың Экологиялық және әлеуметтік саясатының мақсаттары:

1. әлеуетті экологиялық және әлеуметтік теріс әсерді төмендету және Қор қызметінен ықтимал оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру;
2. экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйелерін әзірлеуге және тиісті деңгейде ұстауға тікелей қаржыландыру клиенттерін ынталандыру;
3. жобаларды қаржыландыру және оларды іске асыру туралы шешімдер қабылдау кезінде жобаның қоршаған ортаға әсері саласындағы, сондай-ақ әлеуметтік ықпал ету саласындағы жұртшылықтың мүдделерін есепке алу.



Экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануға қатысты, жауапты тұтыну қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Қор ішкі қажеттіліктерге электр энергиясын тұтынуды қысқарту бойынша мақсат қойды. Трансформаторлық қалқанды ауыстыруға және электр энергиясын белгіленген қуат бойынша есептеуге байланысты электр энергиясын тұтыну 12,5%-ға өсті.

Бизнес-процестерді автоматтандыру және электрондық бланкіге көшу есебінен қағаз тасымалдағыштағы құжат айналымы айтарлықтай азайды.

Қауіпті емес қалдықтарды әкету Қорда көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен жыл сайынғы негізде жасалатын Көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, Қор серіктестерінің экологиялық бағдарлануын арттыру мақсатында Қордың барлық әріптестеріне жеткізілген орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, Қор серіктестерімен үлгілік келісімдерге өзгерістер бекітілгенін атап өткіміз келеді.

## 2021 ЖЫЛЫ ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДА ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕР

| Көрсеткіштер | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021ж. |
|---|---|---|---|
| Өткен жылдармен салыстырғанда Қордың энергия ресурстарын тұтынуының төмендеген деңгейі, % | Электр энергиясын тұтыну деңгейінің нақты төмендеуі 2018 жылмен салыстырғанда 27,14%-ды құрады* | 2020 жылы Қордың электр энергиясын тұтынуы 2019 жылмен салыстырғанда 15,4%-ға төмендеді | Қордың 2021 жылы электр энергиясын тұтынуы 2020 жылмен салыстырғанда 12,5%-ға ұлғайды** |
| Суды тұтыну көлемі, текше метр | 5 181 текше метр | 4 179 текше метр | 4 293 текше метр |

*2019 жылы электр энергиясын тұтыну деңгейінің күрт қысқаруы Қордың энергия үнемдейтін жарықтандыру жүйелеріне көшуіне байланысты.

**Қордың 2021 жылы электр энергиясын тұтынуы 2020 жылмен салыстырғанда белгіленген қуат бойынша электр энергиясын есептеуге байланысты (трансформаторлық қалқанның сынуы және ауыстырылуы себебінен) 12,5%-ға өсті.

# 10. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Қор корпоративтік басқаруды қызметтің тиімділігін арттыру, ашықтықты және есептілікті қамтамасыз ету, беделін нығайту және капиталды тартуға арналған шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады. Қор корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін Қазақстан Республикасында заңнаманың үстемдігін қамтамасыз етуге өзінің үлесі және Қордың қазіргі заманғы экономика мен тұтастай қоғамдағы орнын айқындайтын фактор ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Қордың органдары, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды көздейді.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ:

1. Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қорды тиімді басқару қағидаты;
4. Орнықты даму қағидаты;
5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
6. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
7. Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары.

# 10.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қордың Жарғысына сәйкес оның басқару органдарына:

1. Жоғары орган - Жалғыз акционер;
2. Басқару органы - Директорлар кеңесі;
3. Атқарушы орган - Басқарма;
4. Қордың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі;
5. Ішкі кредит саясатын жүзеге асыратын орган - Кредиттік комитет;
6. Активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру қағидаттарына қол жеткізу, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қордың активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі орган - Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет;
7. Қордың кредиттік, лизингтік, инвестициялық, құжаттамалық, шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалық дебиторлық берешекті қайтару жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын орган - Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитет;
8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған өзге де органдар.

2021 жылы Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және тиісті халықаралық стандарттарға сай келетін Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтады. Қордың Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті Директорлар кеңесі 2021 жылы қарады және Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 4 мамырдағы шешімімен бекітілді (№ 05/2022 Хаттама).

Қордың корпоративтік басқару кодексінің 2021 жылғы қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы қысқаша есеп жылдық есепке № 3 қосымшада көрсетілген (Есептің толық нұсқасы Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған).

2021 жылғы желтоқсанда өткізілген нәтижелер бойынша корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы, корпоративтік басқару деңгейінің үздік практика талаптарына сәйкестігі **90.8%** -ды құрайды.

## 10.2. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қордың ұйымдастыру құрылымы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қорда 21 департамент, 2 қызмет, 17 өңірлік филиал, 1 өңірлік орталық, 9 дербес құрылымдық бірлік (Басқарушы директорлар, Аппарат басшысы, Корпоративтік хатшы, Комплаенс-бақылаушы, Басқарма Төрайымының көмекшісі, Басқарма Хатшылығы) бар.

**Директорлар кеңесі**

| Комплаенс-бақылаушы | Ішкі аудит қызметі | Корпоративтік хатшы |
|---|---|---|

**Басқарма Төрайымы**

| Басқарма Төрайымының орынбасары | Басқарма Төрайымының орынбасары | Басқарма Төрайымының орынбасары | Басқарма Төрайымының орынбасары |
|---|---|---|---|

| Басқарушы директор | Басқарушы директор | Басқарушы директор | Басқарушы директор | Аппарат Басшысы |
|---|---|---|---|---|
| Бизнес-технологиялар департаменті | Апекстік Департамент | Қазынашылық департаменті | Мониторинг департаменті | Персоналды дамыту департаменті |
| Ақпараттық технологиялар департаменті | Бағдарламалық құралдар департаменті | Қарыз алу және халықаралық қатынастар департаменті | Қаржылық қолдау құралдарын әкімшілендіру департаменті | Әкімшілік департамент |
| Маркетинг және жұртшылықпен байланыс департаменті | Субсидиялау департаменті | Бюджеттік жоспарлау департаменті | Заң департаменті | Басқарма Хатшылығы |
| Клиенттік сервис және өңірлік даму департаменті | Кепілдік беру департаменті | Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті | Проблемалық активтермен жұмыс департаменті | Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл департаменті |
| Тәуекел-менеджмент департаменті | Стратегиялық талдау және корпоративтік басқару департаменті | Өңірлік филиалдар (17 филиалов) | Қауіпсіздік қызметі | |

## 10.3. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (бұдан әрі - Холдинг) болып табылады.

Холдингтің миссиясы 2050 жылғы Стратегияда қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының орнықты экономикалық дамуын қолдау болып табылады. Холдинг мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асырудағы негізгі оператор болып табылады.

Холдингтің негізгі міндеттерінің бірі Холдинг компаниялары тобының тиімді және өзара толықтыратын жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

| Бағалы қағаздың түрі | Жай акциялар |
|---|---|
| ҰСН | KZ1C49420017 |
| Шығарылымның тіркелген күні | 09.04.2012 |
| Номиналды құны* | 100 000 теңге |
| Жарияланған акциялар саны | 27 962 244 |
| Орналастырылған акциялардың саны | 27 762 244 |
| Акционерге тиесілі акциялардың саны | 27 762 244 |
| Акционер туралы ақпарат | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ |
| Орналастырылған акциялардан акционердің үлесі | 100% |
| Акционердің дауыс беретін акциялардан үлесі | 100% |

* Акцияларды соңғы орналастыру құны

Қор тек жай акцияларды ғана шығарады. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын береді. Жай акция сондай-ақ Жалғыз акционерге Қорда таза кіріс болған кезде дивидендтер алуға және ол таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қор мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.



# 10.4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Қордың Директорлар кеңесі Қорға стратегиялық басшылықты және Қор Басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

Қордың Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қордың Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына, Қордың Корпоративтік басқару кодексіне және Қордың өзге де құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Қордың директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің өкілдері ретінде директорлар кеңесіне сайлауға тапсырылған (ұсынылған) тұлғалардан, Жалғыз акционердің өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлауға тапсырылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалардан қалыптастырылады.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамы Қор мен Жалғыз акционердің мүдделері үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Қор қызметінің салалық ерекшелігіне, Қор қызметінің ауқымына, Директорлар кеңесі комитеттері қарайтын мәселелерге қарай олардың мүшелерінің дағдыларының, тәжірибесі мен білімдерінің теңгерімін көздеуге тиіс. Жеке тұлға ғана Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.



Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды.

2022 жылғы 1 қаңтарда Қордың Директорлар кеңесінің құрамында 8 мүше бар, оның 4-і - тәуелсіз директорлар, бұл корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес келеді.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Директорлар кеңесінің төрағасы

### **СМАИЛОВ** АЛИХАН АСХАНОВИЧ

1972 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2019 жылғы 13 наурыз, Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде сайланған күні 2019 жылғы 17 сәуір.

| | |
|---|---|
| 1993-1995 | «А-Инвест» инвестициялық-жекешелендіру қорының қызметкері |
| 1995-1996 | Алматы қаласы әкімшілігі сауда және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы |
| 1996 | ҚР Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің тағылымдамадан өтуші |
| 1996-1998 | ҚР Ұлттық статистика агенттігінің басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы |
| 1998-1998 | ҚР Статистикалық жоспарлау және реформалар агенттігі Статистика және талдау комитеті төрағасының орынбасары |
| 1998-1999 | ҚР Президенті Әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас сарапшысы, сектор меңгерушісі, Мемлекеттік инспекторы |
| 1999-2003 | ҚР Статистика агенттігінің төрағасы |
| 2003-2003 | ҚР Сыртқы істер вице-министрі |
| 2003-2006 | «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы |
| 2006-2007 | ҚР Қаржы вице-министрі |
| 2013 жылы қаңтардан бастап | ҚР Президентінің Жарлығымен (№ 468) ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі қызметіне тағайындалды |
| 2007-2008 | «Қазагро» ұлттық холдингі» АҚ Президенті |
| 2008-2009 | ҚР Қаржы вице-министрі |
| 2009-2014 | ҚР Статистика агенттігінің төрағасы |
| 2014-2015 | ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы |
| 2015-2018 | ҚР Президентінің көмекшісі |
| 2018-2019 | ҚР Қаржы министрі |
| 2019-2020 | ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрі |
| 2021-2022 | ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары |
| 05.01.2022 | ҚР Премьер-Министрінің міндетін уақытша атқарушы |
| 11.01.2022 бастап | ҚР Премьер-Министрі |

Директорлар кеңесінің мүшесі

## ЖАКСЫЛЫКОВ ТИМУР МЕКЕШЕВИЧ

1968 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2021 жылғы 28 шілде (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).

| | |
|---|---|
| 1993 – 1997 | Қазақстан агротехнология университетінің атқарушы ректоры |
| 1997 - 1998 | ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің бас маманы, бөлім бастығы |
| 1998 - 1999 | ҚР Президенті Әкімшілігі Талдау және стратегиялық зерттеулер орталығының сектор меңгерушісі |
| 1999 - 2002 | ҚР Қауіпсіздік Кеңесі Талдау орталығының сектор меңгерушісі |
| 2003 - 2004 | ҚР Индустрия және сауда министрлігі ДСҰ-ға кіру департаментінің директоры |
| 2004 - 2005 | Женева қаласындағы Дүниежүзілік сауда ұйымы мәселелері жөніндегі өкілдер тобының жетекшісі |
| 2005 - 2006 | «МТЗО» АҚ басқарушы директоры |
| 2007 | «Астананың орнықты даму орталығы» ЖШС директоры, Астана |
| 2008 – 2009 | Астана қаласы әкімінің орынбасары |
| 2009 – 2010 | ҚР Индустрия және сауда вице-министрі, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Инвестициялар комитетінің төрағасы |
| 2010 – 2011 | «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ Басқарма төрағасы |
| 2012 – 2017 | ҚР Ұлттық экономика вице-министрі |
| 2017 – 2021 | Еуразиялық экономикалық комиссияның (ЕЭК) экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (министр) |
| 2018 | ҚР Президентінің көмекшісі |
| 2021 - осы уақытқа дейін | Ұлттық экономика бірінші вице-министрі |



Тәуелсіз директор

## БАХМУТОВА ЕЛЕНА ЛЕОНИДОВНА

1962 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2018 жылғы 19 қыркүйек (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).

| | |
|---|---|
| 1983-1984 | № 7 Алматы сел құрылысы тресінің КСМК-1 аға инженері |
| 1984-1989 | Қазақ КСР Мемлекеттік жоспары жанындағы жоспарлау және нормативтер ғылыми-зерттеу экономикалық институтының экономисі |
| 1989-1991 | Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің аға экономисі |
| 1991-1992 | «Елім-Ай» кино шаруашылық бірлестігінің экономисі |
| 1992-1998 | ҚР Қаржы министрлігінің Бюджеттік департаменті директорының орынбасары, жетекші, бас экономист, бөлім бастығы, әлеуметтік сала жөніндегі департамент бастығының орынбасары |
| 1998-2001 | ҚР Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің директоры |
| 2001-2002 | ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі |
| 2002-2004 | ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық қадағалау департаментінің директоры |
| 2004-2008 | ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары |
| 2008-2011 | ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы |
| 2012-2016 | «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары |
| 2016-2016 | «Самұрық-Қазына» АҚ қаржы және операциялар жөніндегі басқарушы директоры |
| 2016-2018 | «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес АҚ Басқармасының төрағасы |
| 24.08.2018 бастап | Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесінің төрағасы |





Директорлар кеңесінің мүшесі

## МУХАМЕДЖАНОВ АДИЛЬ БЕКТАСОВИЧ

1981 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2021 жылғы 16 маусым (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).

| | |
|---|---|
| 2003-2004 | «ҚазТрансОйл» АҚ Жобаларды басқару департаментінің маманы |
| 2004-2016 | Caspian Energy Inc, «Арал Петролиум Капитал» ЖАҚ қаржы менеджері, вице-президент, директорлар кеңесінің мүшесі |
| 2010-2011 | «Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Басқарма төрағасы |
| 2008-2016 | «АзияКредитБанк» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі |
| 2016-2021 | «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы |
| 2021 ж. мамырдан бастап | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып табылады. |



Тәуелсіз директор

## ЖУРСУНОВ РУСТАМ МАНАРБЕКОВИЧ

1976 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2021 жылғы 28 шілде.

| | |
|---|---|
| 1997-1999 | «GRATA» фирмасының заңгері |
| 1999-2002 | ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің Заң департаменті директорының орынбасары |
| 2002-2003 | «GRATA» заң фирмасының әріптесі |
| 2003 | «ҚазМұнайТеңіз» ҰК ЖАҚ жобаларын құқықтық сүйемелдеу директорының орынбасары |
| 2003-2007 | Құқықтық консалтинг жөніндегі атқарушы директор, «ҚМГ-Консалтинг» ЖШС Бас директоры |
| 2007-2009 | «Olympex Advisers» ЖШС Басқарма (Әріптестер Кеңесі) Төрағасы |
| 2009-2011 | «ҚазМұнайГаз» барлау және өндіру» АҚ Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры |
| 2011-2012 | «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Заң департаментінің директоры, Басқарушы директоры - Заң департаментінің директоры (Басқарма мүшесі) |
| 2012-2015 | «Petroleum Holding» ЖШС бас директоры |
| 2012-2015 | «Қазақстан» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры |
| 2015-2020 | «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі |
| 2020 жылдан бастап | Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл, Қазақстанның Бизнес-омбудсмен институты |

Тәуелсіз директор

## **БАТАЛОВ** РАИМБЕК АНВАРОВИЧ

1970 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2020 жылғы 10 маусым (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).

| | |
|---|---|
| 1990 жылдары | «Риддер Инвест» металлургиялық кешенінің басқарушы директорлары қатарында болды, «Жаңа Жамбыл фосфор зауыты» химия кешенінің жұмысына басшылық етті, Тобыл элеваторы, Меркедегі қант зауытын, Шымкент ТЭО-3 басқарған |
| 1992 ж. бастап | «Райымбек» сауда фирмасының негізін қалаушы, «Raimbek» холдингі директорлар кеңесінің төрағасы |
| 2002 ж. бастап | Қазақстан кәсіпкерлері форумы кеңесінің төрағасы |
| 2005 ж. бастап | Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) Іскерлік кеңесінің қазақстандық ұлттық бөлігін басқарады |
| 2007 ж. бастап | ҚР Мәжілісі жанындағы қоғамдық палатаның мүшесі |
| 2009 ж. бастап | Қазақстан су асты спорты федерациясының президенті. |
| 2010 ж. бастап | ҚР Премьер-министрінің төрағалығымен бірыңғай үйлестіру кеңесінің мүшесі. Сондай-ақ ҚР Президентінің жанындағы Кәсіпкерлік жөніндегі кеңеске және Қазақстан Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасына кіреді. |
| 2012 ж. бастап | Еуразиялық экономикалық комиссияның кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі консультативтік комитетінің (Мәскеу қаласы) тәуелсіз сарапшысы болып табылады. |
| 2015 ж. бастап | Бизнес пен ЖОО ынтымақтастығына бағдарланған ірі халықаралық коммерциялық емес ұйым - ENACTUS Қазақстан директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады |
| 2015 ж. бастап | Қазақстан велоспорт федерациясының бірінші вице-президенті болып сайланды. |
| 2017 ж. бастап | 2017 жылдың наурыз айында Азия велоспорт конфедерациясының вице-президенті болып сайланды. |
| 2022 ж. бастап | Қазақстан Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының мүшесі, «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқа Төрағасының міндетін атқарушы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының төрағасы |
| 03.03.2022 ж. бастап | ҚР Президентінің жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің мүшесі |



Директорлар кеңесінің мүшесі

## **БУРИБАЕВА** ГАУХАР АСЫЛБЕКОВНА

1983 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2019 жылғы 24 сәуір (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).

| | |
|---|---|
| 2003-2004 | Green Integrated Logistics Co. LTD Оңтүстік Корей көлік компаниясындағы менеджер |
| 2005-2006 | ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ қаржы мониторингі жөніндегі бөлімінің бас маманы |
| 2006-2009 | «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Жобаларды кредиттеу департаментінің бас менеджері, Жобалау дирекциясының бас фронт-менеджері |
| 2009-2009 | «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобаларды әкімшілендіру департаментінің бас менеджері |
| 2009-2010 | «Альянс Банк» АҚ корпоративтік бизнес департаментінің бас менеджері |
| 2010-2011 | «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Жобалық дирекциясы басшысының орынбасары |
| 2011-2013 | «Көліктік логистиканы дамыту ұлттық орталығы» АҚ (қазіргі «ҚТЖ Express» АҚ) дамыту жөніндегі атқарушы директоры |
| 2013-2013 | «ҚТЖ ҰК» АҚ филиалы «Көліктік логистиканы дамыту орталығының» стратегия және талдамалық зерттеулер басқармасының бастығы |
| 2013-2017 | ҚР Президенті Іс басқармасының ведомстволық бағыныстағы ұйымының қаржы-экономикалық мәселелері жөніндегі вице-президенті |
| 2017-2017 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ әкімшілік департаментінің директоры |
| 2017-2018 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры |
| 2018-2019 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары |
| 2019 ж. сәуірінен бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымы. |





Тәуелсіз директор

## **НУРГАЛИЕВА** АСЕМ БОЛАТЖАНОВНА

1983 жылы туған, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланған күні 2021 жылғы 26 мамыр (2022 жылғы 5 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің өкілеттігінің 3 жылдық мерзіміне қайта сайланды).

| | |
|---|---|
| 2006-2007 | «БТА Қазақстан» ЖЗҚ Маркетологы/PR-менеджері |
| 2007-2012 | «РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ Стратегиялық маркетинг департаментінің директоры (зейнетақы қоры, инвестициялау) |
| 2012-2014 | STANDARD сақтандыру компаниясының басқарушы директоры/ Стратегиялық маркетинг департаментінің директоры (жалпы сақтандыру) |
| 2013-2015 | «БАНК АСТАНА» АҚ Маркетингтік талдау және ілгерілету басқармасының бастығы |
| 2019 - | МДО ХУМО ЖАҚ (Тәжікстан) Директорлар кеңесінің мүшесі, ішкі бақылау және аудит комитетінің мүшесі |
| 2018 - | Қазақстанның микроқаржы ұйымдары қауымдастығы Директорлар кеңесінің мүшесі |
| 2015 - | «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС Бизнесті дамыту жөніндегі директор, атқарушы директоры |

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың акцияларын, Қордың өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

Қордың Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарына сәйкес тәуелсіз директорларға кандидаттар объективті пайымдауды жүзеге асыруға қатер төндіруі мүмкін Қормен, оны басқарумен немесе оның меншігімен қандай да бір материалдық мүдделерден немесе қарым-қатынастардан бос болуға, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилікке және дербестікке ие болуға, Жалғыз акционердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан бос болуға тиіс.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына кіретін барлық тәуелсіз директорлар тәуелсіздік критерийлерін қанағаттандырады.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну кезінде пайдаланылатын критерийлер Корпоративтік басқару кодексімен және Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен реттелген.

## 2021 ЖЫЛ ІШІНДЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДА МЫНАДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ.

1. 2021 жылғы 27 мамырда тәуелсіз директор А.Р.Елемесовтың өкілеттік мерзімі аяқталды;
2. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы шешімімен (№ 27/21 хаттама) А.Б. Нургалиева Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды;
3. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 16 маусымдағы шешімімен (№ 30/21 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі Р.Т. Карагойшиннің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, А.Б. Мухамеджанов Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі болып сайланды;
4. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 28 шілдедегі шешімімен (№ 39/21 хаттама) Директорлар кеңесінің құрамы 8 адам болып айқындалды, Т.М. Жаксылыков Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды, Р.М. Журсунов Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды;
5. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 20 тамыздағы шешімімен (№ 41/21 хаттама) тәуелсіз директор Е.Л. Бахмутованың өкілеттік мерзімі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін, яғни 2022 жылғы 04 сәуірге дейін ұзартылды.
6. Жаңадан сайланған директорларға Қордың 2014-2023 жылдарға арналған қолданыстағы даму стратегиясын қоса алғанда, Қор қызметінің түйінді аспектілеріне қатысты ақпарат, негізгі ішкі нормативтік құжаттар (Жарғы, директорлар кеңесінің, комитеттердің, Басқарманың регламенттері және т.б.), Ішкі аудит қызметінің есептері және т.б. жіберілді.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылы Директорлар кеңесінің 10 отырысы, оның ішінде Директорлар кеңесінің 7 және 3 сырттай отырысы өткізілді, 100-ден астам мәселе қаралды. Есепті жылы Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің 25-тен астам отырысы өткізілді, комитеттердің барлық отырыстары күндізгі тәртіпте өткізілді.

### ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ САНЫ

| 2021 жыл | Күндізгі отырыс | Сырттай отырыс | Барлығы |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | 0 | 1 |
| 2-тоқсан | 3 | 1 | 4 |
| 3-тоқсан | 1 | 0 | 1 |
| 4-тоқсан | 2 | 2 | 4 |
| **Жиыны:** | **7** | **3** | **10** |

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНДА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ САНЫ

| 2021 жыл | Күндізгі отырыс | Сырттай отырыс | Барлығы |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 21 | 1 | 22 |
| 2-тоқсан | 26 | 4 | 30 |
| 3-тоқсан | 30 | 2 | 32 |
| 4-тоқсан | 26 | 0 | 26 |
| **Жиыны:** | **103** | **7** | **110** |

## «БЛЭК» ЖШС

1989 жылдан бастап кәсіпорын интерьер заттарын және қазақи нақыштағы дәстүрлі ыдыс-аяқтар шығарады. Атап айтқанда жиналмалы үстел, ыдыс-аяқ пен зат сақтауға арналған ұлттық нақыштағы шкафтар мен асадал, кебеже, түрлі көлемдегі сандықтар жасауға маманданған.

Жиһаздың негізгі мақсаты – киіз үй, дәстүрлі қазақ стиліндегі түрлі үй-жайларды безендіру.

Сондай-ақ, басты бағыт — астау, ет табақ, түрлі тостаған, қымыз жиынтықтары, ет және түрлі өнімдер мен тағамдар салуға арналған құрылғылар жасалады.

Қазақтың дәстүрлі бесігі – балалы болған жас отбасылар арасында өте танымал, маңызды және ерекше қажет тұрмыстық заттардың бірі.

Қазақ эпостары тақырыбындағы кәдесый бұйымдар — түрлі пішіндегі және дизайндағы шағын және үлкен, қабырға және үстел үсті қабырға паннолары, көлемді оюлы заттарды дайындауға басымдық беріледі.



## 2021 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі: ЕДБ-мен мәмілелер жасасу, оларды жасауға мүдделілік бар болса, кейіннен Жалғыз акционердің қарауына шығарыла отырып, 2020 жылдың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жөніндегі есепті қарау, тәуекел-менеджмент саласындағы регламенттер мен есептерді бекіту, тәуекелдер туралы тоқсан сайынғы есептерді бекіту, жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту, Қордың таза табысын бөлу тәртібіне ұсыныс қалыптастыру, Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі есепті бекіту, Қордың жылдық есебін алдын ала бекіту, Басшы қызметкерлер қызметінің түйінді көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті бекіту, Басшы қызметкерлер қызметінің түйінді көрсеткіштерінің картасын және олардың нысаналы мәндерін бекіту, өзгерістерді бекіту Қордың даму жоспарының көрсеткіштерін түзету (түзету), Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылаушының, корпоративтік хатшының және т.б. мәселелерді қарастырды.

Бұдан басқа, 2021 жылғы 14-15 қазанда Түркістан қаласында Жалғыз акционер өкілдерінің, Директорлар кеңесінің және Қор Басқармасының мүшелерінің қатысуымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2023 жылға дейінгі әзекті даму стратегиясының жобасын қарау үшін Түркістан қаласы бойынша өңірлік филиалдың жобаларын аралау үшін көшпелі стратегиялық сессия отырысы өтті.

## 2021 ЖЫЛЫ ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ:

| Директорлар кеңесінің мүшелері | Қатысу | % |
|---|---|---|
| Смаилов Алихан Асханович | 10/10 | 100% |
| Баталов Раимбек Анварович | 7/10 | 70% |
| Бахмутова Елена Леонидовна | 10/10 | 100% |
| Жаксылыков Тимур Мекешевич (2021 жылғы 28 шілдеден бастап) | 4/5 | 80% |
| Журсунов Рустам Манарбекович (2021 жылғы 28 шілдеден бастап) | 5/5 | 100% |
| Мухамеджанов Адиль Бектасович (2021 жылғы 16 маусымнан бастап) | 6/6 | 100% |
| Нургалиева Асем Болатжановна (2021 жылғы 26 мамырдан бастап) | 6/6 | 100% |
| Бурибаева Гаухар Асылбековна | 10/10 | 100% |

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ

Қордың Директорлар кеңесі жанында 3 комитет: аудит және тәуекелдерді басқару, тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер, стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму бойынша комитеттер жұмыс істейді. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесі жанындағы бейінді комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады.

## КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚҰРАМЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МЫНАДАЙ МҮШЕЛЕРІНЕН БЕКІТІЛДІ:

**Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет**

| | |
|---|---|
| Комитет төрайымы | Е.Л. Бахмутова, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | Р.А. Баталов, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Нургалиева, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Мухамеджанов, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі |

**Тағайындау, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет**

| | |
|---|---|
| Комитет төрайымы | А.Б. Нургалиева, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | Р.А. Баталов, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | Е.Л. Бахмутова, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Мухамеджанов, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі |

**Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет**

| | |
|---|---|
| Комитет төрағасы | Р.А. Баталов, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | Е.Л. Бахмутова, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Нургалиева, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | Р.М. Журсунов, тәуелсіз директор |
| Комитет мүшесі | А.Б. Мухамеджанов, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі |

2021 жылы Қордың Директорлар кеңесі бұрын қолданыста болған комитеттер туралы жалпы (бірыңғай) ережені күшін жоюға қоя отырып, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді жаңа редакцияда бекітті.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ДАМУ КОМИТЕТІ

орта және ұзақ мерзімді перспективада Қор қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелерді, оның табысты қызметін және орнықты дамуын қоса алғанда, қызметтің (дамудың) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын) әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындайды.

2021 жылы Комитеттің 9 күндізгі отырысы өткізілді, 30 мәселе қаралды, оның ішінде Қордың 2020 жыл үшін Жылдық есебі, Қордың Стратегиясын іске асыру жөніндегі есептер, Қорды дамыту жоспарлары (түзету) және тағы басқалары алдын ала мақұлданды.

## АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

қаржы-шаруашылық қызметті (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығын және дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша ұсынымдар әзірлеумен, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын мониторингілеумен, сыртқы және ішкі аудит пен комплаенс-бақылаушының тәуелсіздігін бақылаумен, Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі құжаттардың сақталуын бақылау бойынша, Директорлар кеңесіне қызметтің (дамудың) басым бағыттарын әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау үшін Қорда тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесін дамытумен және жұмыс істеумен, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдірумен және нығайтумен айналысады;

2021 жылы Комитеттің 9 күндізгі отырысы өткізілді, онда 62 мәселе қаралды, оның ішінде Ішкі аудит қызметінің тоқсандық есептері, Қордың тәуекелдері бойынша тоқсандық есептер, Қордың 2020 жыл үшін Жылдық қаржылық есептілігі және басқа да мәселелер алдын ала мақұлданды.

## ТАҒАЙЫНДАУ, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Директорлар кеңесіне кадр саясаты, тағайындау және сыйақылар жүйесі саласындағы Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді тереңдетіп пысықтау және мониторинг, сондай-ақ тұтастай және жеке-жеке Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін, Қор Басқармасының мүшелерін бағалау, Төрағаның және Басқарма мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау арқылы ұсынымдар дайындайды.

2021 жылы Комитеттің 8 күндізгі отырысы өткізілді, онда 19 мәселе, оның ішінде 2021 жылға Қордың басшы қызметкерлері қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің карталары (функционалдық ПҚК), 2020 жылға арналған функционалдық ПҚК орындау және тағы басқалары қаралды.

Жалпы, Директорлар кеңесінің үш комитеті деңгейінде 100-ден астам мәселе қаралды, бұл ретте барлық мәселелердің жартысынан астамын (55%) Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті қарады.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін бағалау (бұдан әрі - Бағалау) Директорлар кеңесі қызметінің негізгі салаларына кешенді талдау алу мақсатында жүргізіледі және:

1. Қордың Директорлар кеңесі қызметінің күшті және әлсіз жақтарын (артықшылықтары мен кемшіліктерін) талдауға және айқындауға;
2. Қордың жұмысына түзетулер енгізуге және Директорлар кеңесі қызметінің нысаналы бағыттарын түзетуге;
3. Қордың Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы Қордың стратегиялық міндеттерін шешуге қаншалықты ықпал ететінін айқындауға;
4. Директорлар кеңесі төрағасының және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысының тиімділігін айқындауға;
5. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесі:

1. Қазақстан Республикасы заңнамасының не Қордың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес өз күштерімен;
2. тәуелсіз консультанттарды, кәсіби қауымдастықтарды және корпоративтік рейтингтер беретін ұйымдарды тарта отырып;
3. өзге де тәсілдермен Бағалауды жүргізе алады.

Қор Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес жыл сайынғы негізде Директорлар кеңесі мен комитеттер қызметінің тиімділігіне кешенді бағалау, ең үздік халықаралық практикаға сәйкес Директорлар қызметіне жеке бағалау жүргізеді.

Директорлар кеңесі Корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибелерінің ұсынымдарына сәйкес Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің 2021 жылғы қызметінің тиімділігіне өз күштерімен бағалау жүргізу және 2021 жылы жүргізілген бағалау нәтижелері туралы ақпаратты Қордың жалғыз акционеріне ұсыну туралы шешім қабылдады.

2022 жылғы наурызда Қордың Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген қосымшаларға сәйкес бағалауға қатысушылармен кешенді сауалнама жүргізілді.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 4 мамырдағы шешімімен бекітілген өзін-өзі бағалау нәтижелеріне сәйкес Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің 2021 жылғы қызметі тиімді деп танылды.

Өзін-өзі бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі стратегиялық міндеттердің орындалуына, бюджеттің орындалуына және Қор қызметінің тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізетінін, Жалғыз акционермен және Қор Басқармасымен тиімді өзара іс-қимыл жасайтынын көрсетті. Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы тәжірибені, құрамның әртүрлілігін, тәуелсіздікті және т.б. ескере отырып, Қор алдында тұрған міндеттер тұрғысында оңтайлы болып табылады, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі тиімді болып табылады, Директорлар кеңесімен, Басқарма мүшелерімен тиімді өзара іс-қимыл қамтамасыз етілді және т.б.

Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалауының орташа нәтижесі 4 ең жоғары балдың 3,7 балын құрады. Директорлар кеңесінің бейінді комитеттерінің өзін-өзі бағалау нәтижелері орта есеппен 3,90 балды құрады, оны 2020 жылға ұқсас бағалармен салыстыруға болады.

Сондай-ақ жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мен Комитеттердің өкілеттіктерін нақты айқындау сияқты күшті жақтарды атап өтті. Директорлар кеңесі төрағасының қызметі, Директорлар кеңесі мен Комитеттердің отырыстарына Директорлар кеңесі мүшелерінің ұйымдастырылуы және белсенді қатысуы, Тәуелсіз директорлардың Жалғыз акционер, Қордың атқарушы органы өкілдерінің және басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен тұрақты стратегиялық сессиялар өткізу бөлігіндегі бастамаларын қоса алғанда, Тәуелсіз директорлардың тиімді қызметі мен белсенді ұстанымын қамтиды.

Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындайтынын, Қордың ағымдағы қызметін мұқият зерделейтінін және Қордың ұзақ мерзімді және тұрақты өсуіне мүдделі екендігін көрсетті.

Тұтастай алғанда, Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысы оң бағаланады және тиімді деп танылады.



Басқарма Төрайымы

**БУРИБАЕВА**
ГАУХАР АСЫЛБЕКОВНА

1983 жылы туған, Басқарма Төрайымы ретінде сайланған күні 2019 жылғы 29 сәуір

Қор Басқармасын басқарады. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің қызметіне жалпы бақылауды, үйлестіруді және басшылықты жүзеге асырады, Басқарма мүшелерінің, Басқарма Төрайымы көмекшісінің, Аппарат басшысының, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-бақылаушының, Корпоративтік хатшының қызметін тікелей бақылайды, үйлестіреді және басқарады.

| | |
|---|---|
| 2003-2004 | Green Integrated Logistics Co. LTD Оңтүстік Корей көлік компаниясындағы менеджер |
| 2005-2006 | ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ қаржы мониторингі жөніндегі бөлімінің бас маманы |
| 2006-2009 | «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Жобаларды кредиттеу департаментінің бас менеджері, Жобалау дирекциясының бас фронт-менеджері |
| 2009-2009 | «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Инвестициялық жобаларды әкімшілендіру департаментінің бас менеджері |
| 2009-2010 | «Альянс Банк» АҚ корпоративтік бизнес департаментінің бас менеджері |
| 2010-2011 | «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Жобалық дирекциясы басшысының орынбасары |
| 2011-2013 | «Көліктік логистиканы дамыту ұлттық орталығы» АҚ (қазіргі «ҚТЖ Express» АҚ) дамыту жөніндегі атқарушы директоры |
| 2013-2013 | «ҚТЖ ҰК» АҚ филиалы «Көліктік логистиканы дамыту орталығының» стратегия және талдамалық зерттеулер басқармасының бастығы |
| 2013-2017 | ҚР Президенті Іс басқармасының ведомстволық бағыныстағы ұйымының қаржы-экономикалық мәселелері жөніндегі вице-президенті |
| 2017-2017 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ әкімшілік департаментінің директоры |
| 2017-2018 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры |
| 2018-2019 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары |
| 2019 ж. сәуірінен бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымы. |

Басқарма Төрайымының орынбасары

**НУРГАЗИЕВ**
ГАЛЫМ НУРГАЗИЕВИЧ

1972 жылы туған, Қор Басқармасы Төрайымының орынбасары ретінде сайланған күні 2017 жылғы 15 желтоқсан

Басқарушы директордың, Тәуекел-менеджмент департаментінің, Бизнес-технологиялар департаментінің, Ақпараттық технологиялар департаментінің, Маркетинг және жұртшылықпен байланыс департаментінің, Клиенттік сервис және өңірлік даму департаментінің және Өңірлік филиалдардың жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

| | |
|---|---|
| 1997-1997 | «Азия Бизнес» ЖШС атқарушы директоры |
| 1997-2000 | «Жетісу» ЖПО директорының орынбасары, бас директоры |
| 2000-2001 | «Даур Лимитед» ЖШС Президенті |
| с 2001 года | Газ саласында 2001 жылдан бастап: «ҚазТрансГаз» ЖАҚ бас менеджері, коммерциялық директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының орынбасары, Басқарушы директоры, Департаментінің директоры. |
| 2014-2014 | ҚР Мұнай және газ министрлігі Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары |
| 2014-2016 | ҚР Энергетика министрлігі Газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры |
| 2016-2017 | «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Басқарма Төрағасының орынбасары |
| 2017-2017 | «Азия логистик» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы |
| 2017 ж. желтоқсанынан бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары қызметін атқарады. |





Басқарма Төрайымының орынбасары

**САРСЕКЕЕВ**
ФАРХАТ КАЙНАРОВИЧ

1984 жылы туған, Қор Басқармасы Төрайымының орынбасары ретінде сайланған күні 2019 жылғы 04 мамыр

Басқарушы директордың, Субсидиялау департаментінің, Кепілдік беру департаментінің, Бағдарламалық құралдар департаментінің және Апекс департаментінің, Стратегиялық талдау және корпоративтік басқару департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді

| | |
|---|---|
| 2005-2006 | «Қазкоммерцбанк» АҚ Шағын және орта бизнесті кредиттеу басқармасының кредиттік менеджері |
| 2008-2009 | «Қазақстан Демир Банкі» АҚ Корпоративтік бизнес департаменті кредиттік менеджері |
| 2009-2010 | «АТФ Банк» АҚ (UniCredit Group) Restructuring and workout бас маманы |
| 2010-2012 | «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Активтерді қайта құрылымдау департаментінің бас фронт-менеджері |
| 2012-2015 | «Жинақ банкі» ЕБ АҚ Ұлттық компаниялармен және даму институттарымен жұмыс департаменті директорының орынбасары |
| 2015-2018 | «Жинақ банкі» ЕБ АҚ Қарағанды қаласындағы филиалы директорының корпоративтік бизнес жөніндегі орынбасары |
| 2018-05.2019 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры |
| 2019 ж. мамыр айынан бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары қызметін атқарады. |

# 10.5. БАСҚАРМА

Басқарма Қордың Жарғысына сәйкес қалыптастырылған және Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүдделері үшін Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге есеп беретін Қордың алқалы атқарушы органы болып табылады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қордың Жарғысында Қордың басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қор қызметінің кез келген мәселелері бойынша, оның ішінде заңдарда және Қордың Жарғысында оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарма Төрайымының орынбасары

## МАКАЖАНОВ
## БАХЫТЖАН НИГМЕДЖАНОВИЧ

1990 жылы туған, Қор Басқарма Төрағасының орынбасары ретінде сайланған күні 2019 жылғы 07 қазан

Қазынашылық департаментінің, Қарыз алу және халықаралық қатынастар департаментінің, Бюджеттік жоспарлау департаментінің және Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің мәселелері бойынша жұмыстарға жетекшілік етеді және үйлестіреді.

| | |
|---|---|
| 2012-2013 | «Казгеология» АҚ Стратегия және корпоративтік даму департаментінің менеджері |
| 2014-2015 | «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары - Басқарма мүшесі |
| 2015-2016 | «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» АҚ Болжау, мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры |
| 2016-2019 | «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары - Басқарма мүшесі |
| 2019 ж. қазан айынан бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары қызметін атқарады. |





Басқарма Төрайымының орынбасары

## ЕСКАКОВ
## ЕРБОЛ АМАНГЕЛЬДИНОВИЧ

1982 жылы туған, Қор Басқармасы Төрайымының орынбасары ретінде сайланған күні 2020 жылғы 6 наурыз

Басқарушы директордың, Мониторинг департаментінің, Қаржылық қолдау құралдарын әкімшілендіру департаментінің, Проблемалық активтермен жұмыс департаментінің, Заң департаментінің және Қауіпсіздік қызметінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

| | |
|---|---|
| 2003-2006 | Ақмола облысының Ішкі істер департаментінде тергеуші |
| 2006-2011 | «АТФ Банк» АҚ Заң бөлімінің бас маманы, Алматы қаласы |
| 2011-2014 | «Қазақстан Даму Банкі» АҚ құқықтық сараптама басқармасының бастығы, Астана қаласы |
| 2014-2016 | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Құқықтық қамтамасыз ету департаменті басқармасының бастығы |
| 2016-2017 | «АФ Ипотека» - ипотекалық ұйым АҚ Заң департаменті бас директорының орынбасары-директоры, Алматы қаласы |
| 2017-2020 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Проблемалық активтермен жұмыс департаментінің директоры |
| 2020 ж. наурызынан бастап | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары болып тағайындалды. |

Қор Басқармасының мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қордың акцияларын, Қордың жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

2021 жыл ішінде Қор Басқармасының құрамы өзгерген жоқ.

## БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қор Басқармасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғыда, Басқарма туралы ережеде және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

Қор Басқармасы туралы ереже Қор Басқармасының қалыптасу және жұмыс істеу тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеуді, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруды айқындайды.

## 2021 ЖЫЛЫ ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ БАСҚАРМАНЫҢ 5 МҮШЕСІН ҚАМТЫДЫ:

1. Басқарма Төрайымы - Бурибаева Гаухар Асылбековна;
2. Басқарма Төрайымының орынбасары - Нургазиев Галым Нургазиевич;
3. Басқарма Төрайымының орынбасары - Ескаков Ербол Амангельдинович;
4. Басқарма Төрайымының орынбасары - Сарсекеев Фархат Кайнарович;
5. Басқарма Төрайымының орынбасары - Макажанов Бахытжан Нигмеджанович.

2021 жыл ішінде Қор Басқармасының 106 отырысы өткізілді, онда Қорды жедел басқару бойынша шешімдер қабылданды. Қаралған мәселелер саны - 884.

## 2021 ЖЫЛЫ БАСҚАРМА ҚАРАҒАН ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Қор Басқармасы операциялық қызметтің түрлі аспектілері бойынша мәселелерді, кепілдік беру және субсидиялау, әріптестерді қаржыландыру мәселелерін, сондай-ақ ішкі құжаттарды бекіту, қаржылық бағдарламалар бойынша мәселелерді, орнықты даму және корпоративтік басқару саласындағы мәселелерді қарады.

## БАСҚАРМА ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ

Кредиттік комитет, Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет және Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі комитет өз қызметін Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарма берген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын Қордың органдары болып табылады.

### 1) КРЕДИТТІК КОМИТЕТ

Қордың ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыратын және кепілдік беру және субсидиялау мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын алқалы орган. 2021 жылы кепілдік беру мәселелері бойынша 29 отырыс өткізілді, онда 61 мәселе қаралды, сондай-ақ bpm 'online sales-те 3438 өтінім қаралды, субсидиялау мәселелері бойынша 59 отырыс, онда 820 мәселе қаралды, сондай-ақ bpm' online sales-те 8 868 өтінім қаралды.

### 2) ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІ МЕН ПАССИВТЕРІН БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

Активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Қордың активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі алқалы орган. 2021 жылы 25 отырыс өткізіліп, 46 мәселе қаралды.

### 3) ПРОБЛЕМАЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН ЖҰМЫС КОМИТЕТІ

Қордың кредиттік, лизингтік, құжаттамалық (кепілдіктер шығару), инвестициялық, шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалық дебиторлық берешекті қайтару жөніндегі жұмысты жүзеге асыру жөніндегі алқалы орган. 2021 жылы 32 отырыс өткізіліп, 121 мәселе қаралды.

Кадр саясаты жөніндегі комитет, Өзгерістерді басқару жөніндегі комитет және Бюджет комитеті Қор Басқармасы жанындағы өз қызметін Қор Басқармасы берген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін алқалы-кеңесші органдар болып табылады.

### 1) КАДР САЯСАТЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Кадр саясатын іске асыруды, еңбек мазмұны мен жағдайларына, жұмыскерлердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды белгілейтін кәсіби стандарттарды әзірлеу мен енгізуді, кадр ресурстарын жоспарлаудың кешенді жүйесін дамытуды қамтамасыз ететін орган. 2021 жылы 74 отырыс өткізіліп, 688 мәселе қаралды.

### 2) ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

Қордың қолданыстағы/жаңа бизнес-процестерін жетілдіру, автоматтандыру және оңтайландыру жөніндегі жұмысты, сондай-ақ жаңа өнімдерді қарауды, алдын ала бекітуді жүзеге асыратын орган. 2021 жылы 42 отырыс өткізіліп, 92 мәселе қаралды.

### 3) БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ

Қордың тиісті қаржы жылына арналған бюджет жобасының көрсеткіштерін айқындау, Қордың қолданыстағы бюджетіне түзетулер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, Қор бюджетінің атқарылуын бағалау нәтижелерін қарау жөніндегі ұсыныстарды қамтамасыз ету және әзірлеу жөніндегі орган. 2021 жылы 58 отырыс өткізіліп, 210 мәселе қаралды.

Комитеттердің дербес құрамдары мен мүшелерінің саны Қор Басқармасының шешімімен айқындалады. Комитеттердің қызметіне басшылықты Комитеттердің Төрағалары жүзеге асырады. Комитеттердің құрамы Қордың өзге жұмыскерлерін қоса алғанда, Басқарма мүшелерінің арасынан (2 (екеуден) аспайтын) құрылады. Комитеттер Қор Басқармасының мүшесі болып табылатын Комитет Төрағасынан, Комитет Төрағасының орынбасарынан және кеңесші дауысты қоса алғанда, дауыс беру құқығына ие Комитеттің басқа да мүшелерінен тұрады.

Қор Басқармасы жанындағы Комитеттердің қызметі Қор Комитеттері туралы ережемен реттеледі.

## 10.6. СЫЙАҚЫ САЯСАТЫ

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Қордың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауға байланысты шығыстар сыйақы төленуі және (немесе) өтелуі мүмкін.

Жалғыз акционердің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма Төрағасы (ол Қордың Директорлар кеңесіне мүше болған жағдайда) Қордың Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақының мынадай түрлері белгіленуі мүмкін:

1. Директорлар кеңесіне мүшелігі үшін тіркелген жылдық сыйақы;
2. Директорлар кеңесі комитетінің Төрағасы ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы;
3. Директорлар кеңесі комитетінің мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің комитетіне қатысқаны үшін тіркелген жылдық сыйақы.

Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қор қызметінің ауқымы, даму стратегиясында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Қордың Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордың ұқсас компанияларындағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларға шолу) назарға алынады.

2021 жылы Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне (оның ішінде тәуелсіз директорларға) төленген сыйақы мөлшері 16 940 522 теңгені құрады.

Қордың басшы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидалары сыйақы жүйесінің мынадай қағидаттарын көздейді:

1. сыйақының Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне жауап беретін мақсаттар мен міндеттерді орындаумен өзара байланысы;
2. сыйақы мөлшерін айқындау қағидаттарының қарапайымдылығы мен әділеттілігі;
3. сыйақы мөлшерінің Қор қызметінің нәтижелеріне және басшы қызметкерлердің жеке нәтижелілігіне тәуелділігі.

Басшы жұмыскерлердің қызметін бағалау үшін жұмыста жоғарыда аталған қағидаттарды қолдануды барынша қамтамасыз ететін және мақсаттарды жоспарлау мен қоюдың тиімді процесі, Қор Басқармасының әрбір мүшесінің нәтижелілігін дербес сенімді және әділ бағалау арқылы Қордың қаржы-өндірістік қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін қызмет тиімділігінің түйінді көрсеткіштері жүйесі қолданылады. Бұл факторлар басшы қызметкерлердің корпоративтік және жеке ПҚК-ке қол жеткізу дәрежесін едәуір арттырады.

2020 жылы Қор Басқармасының мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері 38 676 667 теңгені құрады. 2021 жылға сыйақы төлеу мәселесі 2022 жылдың екінші тоқсанынан кейін қаралады.

## 10.7. ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталына қатысу үлесі бар компаниялар жоқ.

## 10.8. ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2021 жылы Қор ірі мәмілелер жасамады.

2021 жылы жасалған Қордың мүдделілігі бар мәмілелер туралы ақпарат № 4 қосымшада көрсетілген.

## 10.9. ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудит қызметі Қордың қызметіне ішкі аудитті және бақылауды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді, оның миссиясы Қордың Директорлар кеңесіне және Қордың Басқармасына Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі олардың міндеттерін орындауда қажетті жәрдем көрсету болып табылады.
ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Қордың Директорлар кеңесі жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті жүзеге асырады.

2021 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарға (бұдан әрі - ЖАЖ) сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің 27.11.2020 жылғы № 11/2020 хаттамадағы шешімімен бекітілген 14 аудиторлық тапсырма мен кеңес беру жоспарланған, оларды ІАҚ уақтылы, толық көлемде және ЖАЖ-да белгіленген мерзімде орындалған әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерін мониторингілеуді, қызметтің стратегиялық түйінді көрсеткіштерін есептеудің дұрыстығы бөлігінде стратегиялық дамудың бизнес-процесін тексеруді қоса алғанда, Қор Басқармасы қызметінің түйінді көрсеткіштерін қоса алғанда, Даму стратегиясында/жоспарында белгіленген персоналды басқару және дамыту бизнес-процесінің аудиті, тауарларды сатып алуды ұйымдастыру бизнес-процесінің аудиті, жұмыстар мен қызметтердің аудиті, қаржылық қолдау құралдарын әкімшілендіру бизнес-процесінің аудиті, ҚР жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін қаржыландыруды тарту бизнес-процесінің аудиті, Атырау қаласы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қостанай облысы бойынша аймақтық филиалдардың аудиті Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары, Қордағы АТ қызметінің тиімділігін бағалау және Қордың корпоративтік басқару жүйесінің Қордың корпоративтік басқару диагностикасы әдістемесінің талаптарына сәйкестігін бағалау жүргізілді.

2021 жылғы ІАҚ қызметінің нәтижелері бойынша тәуекелдерді төмендетуге, ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған 85 ұсыным берілді. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ішкі аудиттің 44 ұсынымы және сыртқы аудиттің 24 ұсынымы орындалуда. Барлық берілген ұсынымдар бойынша аудит объектілері Қор Басқармасы мен Қордың Директорлар кеңесі бекіткен түзету және/немесе ескерту іс-әрекеттерінің жоспарларын әзірледі.

АТ қызметінің тиімділігін бағалау өткізілген тендер негізінде «Cerebro Innovation Technologies» ЖШС тәуелсіз консультантын тарта отырып жүргізілді. Аудит нәтижелері бойынша, Директорлар кеңесінің 03.10.2019 жылғы № 09/2019 хаттамадағы шешімімен бекітілген Қордағы ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес аудит объектісіндегі ішкі бақылау жүйесінің рейтингі - «барабар»: автоматтандыру деңгейі 94%, АТ процестеріндегі бақылау рәсімдерінің тиімділігі - 82%, Бірыңғай Талаптарға сәйкестігі - 77%.

Қордың корпоративтік басқару жүйесінің (КБД) сәйкестігін бағалау Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қордың корпоративтік басқару диагностикасы әдістемесінің негізінде тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізілді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша КБД балы берілді (90,8%).

ІАҚ тоқсан сайынғы негізде ІАҚ және сыртқы аудиторлар ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады. Мониторинг нәтижелері туралы ақпарат Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне және Қордың Директорлар кеңесіне беріледі.

ІАҚ жұмыскерлері Ішкі аудит стандарттарының талаптарына сәйкес біліктілікті арттыру мақсатында тренингтер мен семинарлардан өтті.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қызметтің бекітілген түйінді көрсеткіштері негізінде өз қызметінің тиімділігін тұрақты ішкі бағалауды қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамадағы шешімімен бекітілген Ішкі аудит сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасына сәйкес 2021 жылы ішкі аудит қызметінің сапасына ішкі бағалау жүргізілді.

Бағалау нәтижелері бойынша Қордың ішкі аудит қызметінің Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына, Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамадағы шешімімен бекітілген Қордың Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамамен бекітілген Қордың ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкестігі, Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 25 шілдедегі № 28 хаттамадағы шешімімен бекітілген Іскерлік этика кодексінің сақталуы расталды.

## 10.10. СЫРТҚЫ АУДИТ

Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру және растау және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін Қор конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады. Қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіппен айқындау Қордың Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатады.

2021 жыл үшін қаржылық есептілік аудитін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жүргізді. «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-не 2021 жыл үшін қаржылық есептілік аудиті бойынша қызмет көрсеткені үшін төлеген сыйақы мөлшері ҚҚС-мен 24 771 мың теңгені құрады.

«Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС 2021 жылы жеке қызметтер көрсеткен жоқ.

Қаржылық есептілікке аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Қорға жұмысқа қабылданбады.

## 10.11. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Орнықты даму саласында табысты және тиімді саясат жүргізу үшін Қорда мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға тиісті назар аударылады.

Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Қордың мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Қордың стейкхолдерлер картасы әзірленді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және басқалар болып табылады.

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың негізгі салалары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу, заң шығару, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл.

Ықпал етудің маңыздылық дәрежесі x/y екі шкала бойынша бағаланады, мұнда:
x = -5 : + 5, 1-қадаммен (немесе одан да ұсақ) Қордың стейкхолдерімен қолдау/қарсы іс-қимыл дәрежесін сипаттайды (-5 - қарсы іс-қимылдың ақырғы дәрежесі, + 5 - қолдаудың жоғары дәрежесі),

y = 0 : 5, 1-қадаммен (немесе одан да ұсақ) стейкхолдердің Қорға әсер ету дәрежесін сипаттайды (Стейкхолдерлер картасы Қордың ашық құжаты болып табылады және Қор кез келген мүдделі тұлғалар арасында еркін таратады).

### СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРДІҢ КАРТАСЫ ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ ДӘРЕЖЕСІ

**01**

ӨКІЛЕТТІК/ ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫ

- Жалғыз акционер
- Басқару органы
- Менеджмент
- Персонал

**02**

ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТУ САЛАСЫ

- Мемлекеттік органдар
- Клиенттер, тұтынушылар
- Жеткізушілер
- Инвесторлар
- Серіктестер
- Аудиторлар
- Консалтингтік ұйымдар
- Қаржы институттары

**03**

ЖАНАМА ӘСЕР ЕТУ САЛАСЫ

- Бұқаралық ақпарат құралдары
- Бәсекелестер
- Халық
- Қоғамдық ұйымдар

# ҚОРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ АЯСЫ

| Стейкхолдерлер | Қордың мүдделеріне ықпал ету аясы: Стратегиялық даму | Операциялық қызмет | Нормативтік реттеу | Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару сапасы | Операциялық нәтижелер | Бедел |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өкілеттік/жауапкершілік саласы** | | | | | | |
| Жалғыз акционер | Жоғары * | – | Жоғары * | – | – | Жоғары * |
| Басқару органы | Жоғары * | – | Жоғары * | – | Жоғары * | Жоғары |
| Менеджмент | Жоғары * | Жоғары * | Жоғары * | Жоғары * | Жоғары * | Жоғары * |
| Персонал | – | Жоғары * | – | Жоғары | Жоғары | Жоғары |
| **Тікелей әсер ету саласы** | | | | | | |
| Мемлекеттік органдар | Жоғары * | – | Жоғары * | – | Төмен * | Төмен * |
| Клиенттер, тұтынушылар | – | Төмен * | – | Төмен | Жоғары | Жоғары |
| Жеткізушілер | – | Жоғары | – | – | Жоғары * | Төмен |
| Инвесторлар | Жоғары * | – | – | Төмен * | Төмен * | Төмен * |
| Серіктестер | – | Төмен | – | Төмен * | Жоғары | Жоғары |
| Аудиторлар | Жоғары | – | – | Жоғары | – | Жоғары * |
| Консалтингтік ұйымдар | Жоғары * | – | Төмен | Жоғары | – | Жоғары |
| Қаржы институттары | – | Төмен * | – | Төмен | Төмен * | Төмен |
| **Жанама әсер ету саласы** | | | | | | |
| Бұқаралық ақпарат құралдары | – | – | – | – | – | Жоғары * |
| Бәсекелестер | Төмен * | * | * | * | * | * |
| Халық саны | – | – | – | – | * | Жоғары |
| Қоғамдық ұйымдар | Төмен | – | Төмен | – | – | Төмен |

Ықпалдың жоғары дәрежесі — Ықпал етудің төмен дәрежесі — * Жоғары қызығушылық дәрежесі

| | |
|---|---|
| Стратегиялық даму | Мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын қабылдау, Қордың стратегиялық құжаттарын әзірлеу және бекіту арқылы Қорды дамытудың ұзақ мерзімді басымдықтарын, стратегиялық бағыттарын айқындау |
| Операциялық қызмет | Қордағы тұрақты, стандартты процестерді басқару жөніндегі тұрақты күнделікті қызмет |
| Нормативтік реттеу | Қор қызметінің қандай да бір тараптарын тікелей немесе жанама реттейтін нормативтік актілерді қабылдау |
| Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару сапасы | Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару бойынша қызметтер көрсетуде Қор персоналы мен менеджментінің құзыреттілік және тиімділік дәрежесі |
| Операциялық нәтижелер | Қордың операциялық қызметі тиімділігінің сандық көрсеткіштері |
| Бедел | Сапалар, қадір-қасиеттер және кемшіліктер туралы қалыптасқан қоғамдық пікір |

## ELZA&ART

Эльза Калиева – мамандығы бойынша қаржыгер. Диплом алған соң бірнеше жыл бойы сақтандыру корпорациясында бас менеджер болып жұмыс істеді. Алайда бала күнінен өзі ғашық болған шығармашылық оны алысқа жібермеді. Нәтижесінде сән саласында бизнес бастады.

2016 жылы Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласында киім дизайнері курсын оқып, өз командасын жинап, дизайнерлік ательe ашуды ұйғарды. Сол жылы «Атырау аруы» байқауында оның алғашқы сән көрсетілімі өтті. Бұл –бизнестің табысты дамуына қуатты серпін берді. Уақыт өте келе іздеп келетін тұрақты клиенттер пайда болып, Атыраудағы жетекші компаниялардан тапсырыстар түсе бастады.

Бүгінде Эльза Калиева патенттелген «ELZA&ART» брендімен өзінің киім желісін шығарып отырған танымал дизайнер. 2019 жылы «Business Lady Kazakhstan» жобасы аясында Францияда өткен «Қазақстан күзі» көрсетіліміне шақырылып, «VOGUE» журналы мен «DIOR», «PRADA» әлемдік сән үйінің өкілдерін киім үлгісімен таң қалдырды. 2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында «Bissness Lady Kazakhstan» ұлттық киімінің «үздік дизайнері» атанса, Түркістан қаласында «Nomad Fashon Day» байқауында «үздік дизайнер» деп танылып, бас жүлдені жеңіп алды.



# 11. ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕН ҮЗІНДІЛЕР

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әділ құн бойынша қаржы құралдарын бастапқы тануға және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауға түзетумен тарихи құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде дайындалды.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының қағидаттары Қордың интернет-ресурсында орналастырылған 2021 жыл үшін Аудиттелген қаржылық есептілікте берілген.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2021 жылғы 31 желтоқсан | 2020 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 76,882,383 | 87,151,266 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат | 239,303,960 | 229,441,142 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек | 77,899 | 162,139 |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | 252,248 | 556,967 |
| Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар | 47,001,624 | 21,829,298 |
| Негізгі құралдар | 2,121,829 | 2,361,265 |
| Материалдық емес активтер | 267,623 | 234,391 |
| Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу | 3,357,383 | 7,430,331 |
| Кейінге қалдырылған салық активі | 3,132,896 | 2,978,187 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | 153,173 | 250,217 |
| Өзге активтер | 4,975,966 | 5,700,313 |
| **АКТИВТЕР ЖИЫНЫ** | **377,526,984** | **358,095,516** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | |
| Қарыз қаражаты | 169,302,529 | 175,824,905 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 1,244,178 | 209,139 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер | 7,792,965 | 24,201,336 |
| Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер | 56,861,826 | 37,209,704 |
| Өзге міндеттемелер | 976,702 | 977,970 |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ** | **236,178,200** | **238,423,054** |

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2021 жылғы 31 желтоқсан | 2020 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **КАПИТАЛ** | | |
| Акционерлік капитал | 102,920,273 | 102,920,273 |
| Қосымша төленген капитал | 10,735,627 | 10,735,627 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры | 26,956 | 47,581 |
| Өзге де резервтер | 316,430 | 316,430 |
| Бөлінбеген пайда | 27,349,498 | 5,652,551 |
| **КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | **141,348,784** | **119,672,462** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | **377,526,984** | **358,095,516** |

## ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2021 | 2020 |
|---|---|---|
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер | 25,416,244 | 25,811,844 |
| Өзге де ұқсас кірістер | 119,025 | 171,625 |
| Пайыздық шығыстар | (7,286,057) | (10,814,186) |
| **ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР** | **18,249,212** | **15,169,283** |
| Клиенттердің кредиттері мен аванстары және қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша кредиттік залалдарға арналған бағалау резервін қалпына келтіру/(құру) | 1,418,073 | (1,190,264) |
| **КРЕДИТТІК ҚОРЖЫННЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНА РЕЗЕРВ ҚҰРЫЛҒАННАН КЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР** | **19,667,285** | **13,979,019** |
| Таза комиссиялық кірістер | 17,479,186 | 5,704,966 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер | 6,544,684 | 2,955,450 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан болған шығыстарды шегергендегі кірістер | 75,345 | 149,723 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер | (167) | 1,822 |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер | 80,492 | 325,787 |
| Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал | (10,856,707) | (82,300) |
| Борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануы | (12,412) | (10,544) |
| Өзге активтердің құнсыздануына резервке аударымдар | (86,753) | (39,975) |

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2021 | 2020 |
|---|---|---|
| Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру/(резервке аудару) | 3,377,843 | (11,344,898) |
| Таза өзге операциялық кірістер/(шығыстар) | 128,790 | (150,210) |
| Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар | (862,405) | (714,960) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (4,955,574) | (4,585,800) |
| **САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА** | **30,579,607** | **6,188,080** |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар | (5,548,645) | (1,425,201) |
| **ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА** | **25,030,962** | **4,762,879** |

## ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС:

| | | |
|---|---|---|
| Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар: Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар: | (20,625) | (85,142) |
| **ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН** | **(20,625)** | **(85,142)** |
| **ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ** | **25,010,337** | **4,677,737** |

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | Акцио-нерлік капитал | Қосымша төленген капитал | Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағала-натын бағалы қағаз-дарды қайта бағалау қоры | Өзге де резервтер | Бөлін-беген (залал)/пайда | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық** | **72,920,273** | **10,735,627** | **132,723** | **316,430** | **2,030,915** | **86,135,968** |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | - | 4,762,879 | 4,762,879 |
| Өзге де жиынтық залал | - | - | (85,142) | - | - | (85,142) |
| Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны | - | - | (85,142) | - | 4,762,879 | 4,677,737 |
| Капиталға жарналар | 30,000,000 | - | - | - | - | 30,000,000 |
| Жарияланған дивидендтер | - | - | - | - | (1,141,243) | (1,141,243) |
| **2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **102,920,273** | **10,735,627** | **47,581** | **316,430** | **5,652,551** | **119,672,462** |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | - | 25,030,962 | 25,030,962 |
| Өзге де жиынтық залал | - | - | (20,625) | - | - | (20,625) |
| Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны | - | - | (20,625) | - | 25,030,962 | 25,010,337 |
| Жарияланған дивидендтер | - | - | - | - | (3,334,015) | (3,334,015) |
| **2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **102,920,273** | **10,735,627** | **26,956** | **316,430** | **27,349,498** | **141,348,784** |

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | 2021 | 2020 |
|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ:** | | |
| Алынған пайыздар | 16,888,252 | 18,861,348 |
| Төленген пайыздар | (1,410,972) | (5,617,241) |
| Алынған комиссиялар | 40,834,291 | 22,053,571 |
| Төленген комиссиялар | (90,516) | (77,731) |
| Өзге операциялық қызметтен түсетін түсімдер | 126,269 | 53,910 |
| Еңбекке ақы төлеу бойынша төленген шығындар | (2,433,556) | (2,470,280) |
| Төленген жалпы және әкімшілік шығыстар | (2,812,941) | (2,586,275) |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты** | **51,100,827** | **30,217,302** |
| *Мыналар бойынша таза (өсім)/төмендеу:* | | |
| *- қаржы мекемелеріндегі қаражаттар* | (8,393,327) | 44,654,286 |
| *- клиенттерге кредиттер мен аванстар* | 32,148 | (36,015) |
| *- өзге де қаржы активтері* | (2,268,440) | (837,982) |
| *- өзге активтер* | 41,753 | - |
| *Мыналар бойынша ттаза өсім/(төмендеуі):* | | |
| *- басқа да қаржылық міндеттемелер (субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер)* | (14,062,078) | 19,190,310 |
| *- өзге де міндеттемелер* | 13,605 | (4,232) |
| **Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты** | **26,464,488** | **93,183,669** |

| | | |
|---|---|---|
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ** | | |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу | (94,711,385) | (24,281,738) |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер | 72,589,544 | 11,626,909 |
| Негізгі құралдарды сатып алу | (71,365) | (202,596) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | (96,438) | (95,910) |
| Сату үшін активтерді сатудан түсетін түсімдер | 489,672 | 509,744 |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты** | **(21,799,972)** | **(12,443,591)** |

| | | |
|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ** | | |
| Қарыз қаражатын алу | 1,130,000 | 4,825,113 |
| Қарыз қаражатын өтеу | (13,491,612) | (68,501,059) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түсетін түсімдер | 1,000,000 | 200,131 |
| Ұзақ мерзімді жалға беруді өтеу | (166,052) | (171,448) |
| Акционерлерден капиталға жарналар | - | 30,000,000 |
| Төленген дивидендтер | (3,334,015) | (1,141,243) |
| **Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша қаражаты** | **(14,861,679)** | **(34,788,506)** |
| Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері | (449) | 427,904 |
| Құнсыздануға резерв өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері | (71,271) | - |
| **Ақша қаражатының және олардың баламаларының (таза төмендеуі)/ таза өсімі** | **(10,268,883)** | **46,379,476** |
| Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары | 87,151,266 | 40,771,790 |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары** | **76,882,383** | **87,151,266** |

# БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР

Егер Тараптар ортақ бақылауда болса немесе олардың біреуі екіншісін бақылау мүмкіндігіне ие болса немесе екінші тарап қаржылық және операциялық шешімдер қабылдаған кезде елеулі ықпал етуі мүмкін болса, олар байланысты деп есептеледі. Барлық байланысты тараптармен өзара қарым-қатынастарды қарау кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, осындай өзара қарым-қатынастардың экономикалық мазмұны назарға алынады.

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **Жалғыз Акционер** | **Жалпы бақылаудағы компаниялар** | **Өзге де байланысты тараптар** |
|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және олардың баламалары (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%) | - | 301,281 | 2,361,621 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық бағалы қағаздар (шарттық пайыздық мөлшерлеме: (4.93% -7.68%) | - | - | 934,811 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық бағалы қағаздар (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%) | - | - | 37,050,145 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек | - | 10,414 | - |
| Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу (Пайыздық мөлшерлеме: 15%) | - | - | 3,357,383 |
| Кейінге қалдырылған салық активі (пайыздық мөлшерлеме: 20%) | - | - | 3,132,896 |
| Өзге қаржы активтері (пайыздық мөлшерлеме: 0%) | - | - | 212 297,771 |
| Өзге активтер | - | 661 | |
| Қарыз қаражаты (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0.1% - 5.5%) | 96,380,615 | - | 72,921,914 |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер (шарттық пайыздық мөлшерлеме: 0%) | - | - | 2,235,059 |
| Өзге де қаржылық міндеттемелер | - | 1,427 | - |
| Өзге міндеттемелер | - | - | 98,873 |



# БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР

Төменде 2021 жылы байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген:

| *(мың қазақстандық теңгемен)* | **Жалғыз Акционер** | **Жалпы бақылаудағы компаниялар** | **Өзге де байланысты тараптар** |
|---|---|---|---|
| Пайыздық кірістер | - | - | 2,730,337 |
| Пайыздық шығыстар | (6,147,221) | (2,803) | (1,070,385) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістерді шегергендегі шығыстар | - | - | 36,705 |
| Таза комиссиялық кірістер | - | - | 625,600 |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер/(кірістерді шегергендегі шығыстар) | - | - | 45,766 |
| Әкімшілік және өзге операциялық шығыстар | (69) | (58,175) | (145,148) |
| Өзге де операциялық кірістер | - | 10,257 | - |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар | - | - | (5,548,645) |
| Өзге де кірістер/шығыстар | - | - | 2,126 |

*№ 1 қосымша*

# ЕСЕП ТУРАЛЫ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) 2021 жыл үшін Жылдық есепті (бұдан әрі - Есеп) дайындады.

Осы Есепте Қор барлық мүдделі тараптарға 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі қызмет нәтижелері мен жетістіктеріне толық шолу береді.

Осы Есепте көрсетілген 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 2021 жылғы қаржылық есептілігін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудиторы растады.

Есеп мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалып, Қордың корпоративтік сайтында (damu.kz) электрондық нұсқасы орналастырылды.

Ағымдағы Есеп сыртқы куәландырудан өтпеді.
Есептілікті ұсыну циклі - жыл сайынғы.

## ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ

Есептің құрылымы Қор туралы ақпарат, қызметтің негізгі бағыттары мен қаржылық нәтижелер, Қазақстандағы ШОК-ты дамыту перспективалары, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, орнықты даму саласындағы басқару салалары бойынша Қор қызметінің сипаттамасын қамтиды.

Мүдделі тараптарға маңыздылығын анықтау үшін 30-ға жуық маңызды тақырыптарды қамтитын сауалнама жіберілді. Сауалнамада ұсынылған барлық тақырыптар экономикалық, экологиялық және әлеуметтік болып үш топқа бөлінген. Олардың пікірінше, ең маңызды тақырыптарды таңдау мақсатында ішкі және сыртқы тараптарға сауалнама жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері бойынша жиынтық бағалар Маңыздылық матрицасына енгізілді. Матрицаның оң жақ жоғарғы бұрышына енген тақырыптар неғұрлым маңызды деп танылды және осы Есепте көрініс тапты.

## МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ




Картаны ашып көрсету (маңызды деп танылған тақырыптар көк түспен бөліп көрсетілген)

ЭКОНОМИКА

**1. Экономикалық нәтижелілік**
2. Нарықтарға қатысу
**3. Тікелей емес экономикалық әсерлер**
4. Сатып алу практикалары
**5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**
6. Бәсекелестікке кедергі жасау

ЭКОЛОГИЯ

7. Материалдар
8. Энергия
9. Су
10. Биологиялық әртүрлілік
11. Шығарындылар
12. Төгінділер мен қалдықтар
**13. Табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі**
14. Жеткізушілерді экологиялық бағалау

ҚОҒАМ

**15. Жұмыспен қамту**
**16. Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы**
**17. Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік**
**18. Оқыту және білім беру**
**19. Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер**
20. Кемсітушілікке жол бермеу
21. Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер жүргізу бостандығы
22. Балалар еңбегі
23. Мәжбүрлі және міндетті еңбек
24. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы
25. Байырғы және саны аз халықтардың құқықтары
26. Адам құқықтарының сақталуын бағалау
27. Жергілікті қауымдастықтар
28. Жеткізушілердің қоғамға әсерін бағалау
29. Мемлекеттік саясат
30. Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі
31. Өнімдер мен қызметтерді таңбалау
32. Тұтынушының жеке өміріне қол сұғылмаушылық
33. Талаптарға сәйкестігі

*№ 2 қосымша*

## GRI КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

| GRI стандарты | Көрсеткіш | Есеп бөлімі | Ерекшеліктер/ Аңғартпалар |
|---|---|---|---|
| **GRI 101: Негіздер**<br>**GRI 102: Жалпы ақпарат**<br>**Ұйым бейіні** | | | |
| 102-1 | Ұйымның атауы | Қор туралы, 8-бет | |
| 102-2 | Қызмет бағыттары | Қызметтің негізгі бағыттары, 16-25-беттер | |
| 102-3 | Бас кеңсенің орналасқан жері | Мекенжайлар мен байланыстар, 161-бет | |
| 102-4 | Қызмет географиясы | Қызмет географиясы, 10-бет | |
| 102-5 | Меншік нысаны | Қордың тарихы, 9-бет | |
| 102-6 | Өткізу нарықтары | Қордың даму стратегиясы, 11-бет | Қордың даму стратегиясының толық мәтіні мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://damu.kz/o-fonde/o-nas/ strategicheskie-napravleniya/ |
| 102-7 | Ұйымдастыру ауқымы | Қор туралы, 8-11-беттер<br>Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 102-8 | Персонал туралы ақпарат | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 102-9 | Жеткізу тізбегі | Қызметтің негізгі бағыттары, 16-25-беттер | |
| 102-10 | Ұйым жұмысындағы елеулі өзгерістер | Түйінді оқиғалар, 6-7-беттер | Есепті жылы ұйым жұмысында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ |
| 102-11 | Сақтық қағидаттары | Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау<br>Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер<br>Экологиялық саясат, 40-41-беттер | |

| GRI стандарты | Көрсеткіш | Есеп бөлімі | Ерекшеліктер/ Аңғартпалар |
|---|---|---|---|
| **GRI 101: Негіздер<br>GRI 102: Жалпы ақпарат<br>Ұйым бейіні** | | | |
| 102-12 | Сыртқы бастамаларды қолдау | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 102-13 | Қауымдастықтарға мүшелік | - | Қор мынадай қауымдастықтардың мүшесі болып табылады:<br>1)«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ;<br>2)«Қазақстанның микроқаржы ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ;<br>3)«Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы» ЗТБ;<br>4)«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы |

## СТРАТЕГИЯ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 102-14 | Менеджмент мәлімдемесі | Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, 3-бет<br>Басқарма Төрайымының үндеуі, 4-5-беттер | |

## ӘДЕП ПЕН АДАЛДЫҚ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 102-16 | Құндылықтар, қағидаттар, стандарттар және мінез-құлық нормалары | Титул беті<br>Корпоративтік басқару, 42-63-беттер<br>Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 102-18 | Басқару құрылымы | Корпоративтік басқару, 42-63-беттер | |

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 102-40 | Мүдделі тараптардың тізбесі | Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, 62-66-беттер | |
| 102-41 | Ұжымдық шарттар | - | |
| 102-42 | Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу | Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау, 63-67-беттер | |
| 102-44 | Негізгі көтерілген тақырыптар мен қауіптер | Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау, 63-67-беттер | |

## ЕСЕП ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

| | | | |
|---|---|---|---|
| 102-45 | Біріктіру негізі | Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер, 68-72-беттер | |
| 102-46 | Есеп мазмұнын және шекараларды анықтау | № 1 қосымша, 73-75-беттер | |
| 102-47 | Маңызды тақырыптар тізімі | № 1 қосымша, 73-75-беттер | |
| 102-48 | Өткен кезеңдердің деректерін қайта есептеу | Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер, 68-72-беттер | |
| 102-49 | Есеп мазмұнындағы өзгерістер | - | |
| 102-50 | Есеп беру кезеңі | № 1 қосымша, 73-75-беттер | |
| 102-51 | Соңғы жарияланым күні | - | Шілде 2021 ж. |
| 102-52 | Есеп беру циклі | № 1 қосымша, 73-75-беттер | |
| 102-53 | Есептің мазмұны бойынша сұрақтарға арналған байланыс ақпараты | Мекенжайлар мен байланыстар, 93-94-беттер | Маржан Халмурзаева, стратегиялық талдау және корпоративтік басқару департаментінің бас менеджері e-mail: M.Khalmurzayeva@fund.kz<br><br>Айгуль Нурсеитова, стратегиялық талдау және корпоративтік басқару департаментінің директоры e-mail: Aigul.Nurseitova@fund.kz |
| 102-54 | GRI стандарттарына сәйкестік деңгейі | | Бұл есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған: ашу деңгейі - негізгі |
| 102-55 | GRI қамту индексі | № 1 қосымша, 73-75-беттер | |
| 102-56 | Сыртқы куәландыру | № 1 қосымша, 73-75-беттер | |

## GRI 103: БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ

| GRI стандарты | Көрсеткіш | Есеп бөлімі | Ерекшеліктер/Аңғартпалар |
|---|---|---|---|
| 103-1 | Мәнділік және шекаралар | № 1 қосымша, 73-75-беттер Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау, 63-67-беттер | |
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Қор туралы, 8-бет Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, 3-бет Басқарма Төрайымының үндеуі, 4-5-беттер Қызмет нәтижелері, 26-28-беттер Бизнес-модель, 8-бет | |
| 103-3 | Менеджментті бағалау | Корпоративтік басқару, 42-63-беттер | |

## ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАР

**GRI 200: Экономикалық тақырыптар**
**GRI 201: Экономикалық нәтижелілік**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Қор туралы, 8-бет Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, 3-бет Басқарма Төрайымының үндеуі, 4-5-беттер Қызмет нәтижелері, 26-28-беттер Қызметтің негізгі бағыттары, 16-25-беттер | |
| 201-1 | Экономикалық құндылықты генерациялау және бөлу | Қор туралы, 8-бет Қызметтің негізгі бағыттары, 16-25-беттер Жылдық қаржылық есептіліктен үзінділер, 68-72-беттер | |

## GRI 203: ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕР

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Қор туралы, 8-бет Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі, 3-бет Басқарма Төрайымының үндеуі, 4-5-беттер Бизнес-модель, 8-бет | |
| 203-1 | Инфрақұрылымға инвестициялар және өтеусіз қызметтер | Ақпараттық технологияларды дамыту, 23-бет Халықаралық ынтымақтастық, 23-24-беттер | |
| 203-2 | Елеулі тікелей емес экономикалық әсерлер | - | |

## GRI 205: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Қор туралы, 8-бет Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 205-2 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды оқыту | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 205-3 | Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қор жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берілген жоқ |

**GRI 300: Экологиялық тақырыптар**
**GRI 307: Экологиялық талаптарға сәйкестігі**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 307-1 | Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны | Экологиялық саясат, 40-41-беттер | Есепті жылы экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін айыппұлдар салынған жоқ |

**GRI 400: Әлеуметтік тақырыптар**
**GRI 401: Жұмыспен қамту**

| GRI стандарты | Көрсеткіш | Есеп бөлімі | Ерекшеліктер/ Аңғартпалар |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 401-1 | Жаңадан қабылданған жұмыскерлердің жалпы саны мен пайызы, сондай-ақ жас тобы, жынысы және өңірі бойынша бөліністегі кадрлардың тұрақтамауы | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |

## GRI 402: ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 402-1 | Ұйым қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабарламаның ең аз кезеңі, сондай-ақ оның ұжымдық келісімде айқындалуы | - | |

## GRI 403: ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 403-2 | Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейі, кәсіптік аурулардың деңгейі, жоғалған күндердің коэффициенті және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ өңірлер мен жыныстар бойынша бөліністегі жұмыстармен байланысты өлім-жітімнің жалпы саны | - | |

## GRI 404: ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 404-1 | Қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөле отырып, бір қызметкерге арналған оқу сағаттарының орташа жылдық саны | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 404-3 | Қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөлуде мансаптың нәтижелілігі мен дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |

## GRI 405: ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

| | | | |
|---|---|---|---|
| 103-2 | Басқару тәсілдері | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |
| 405-1 | Жынысы, жас топтары, азшылық топтарына қатыстылығы және басқа да әртүрлілік белгілері бойынша бөлінетін ұйымның басшы органдары мен персоналының негізгі санаттарының құрамы | Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саясаты, 34-39-беттер | |

*№ 3 қосымша*

# «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫН/ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ/САҚТАМАУ ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛ ҮШІН ЕСЕБІ

| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|
| Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты | Сақталады | Корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Қордың тиісті корпоративтік органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін айқын ажыратуды көздейді.<br><br>Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың қызметі, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өкілеттіктерді бөлу оңтайлы және толық көлемде көрсетілген және:<br><br>1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен;<br>2. Қордың Жалғыз акционерінің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма отырысының 13.10.2016 жылғы № 41/16 хаттамасы) бекітілген Қор Жарғысымен;<br>3. Жалғыз акционердің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма отырысының 28.11.2018 жылғы № 53/18 хаттамасы) бекітілген Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен;<br>4. Директорлар кеңесінің 05.03.2014 жылғы № 49 шешімімен бекітілген, 09.07.2020 жылғы № 07/2020 өзгерістері мен толықтырулары ескерілген Қор Басқармасы туралы ережемен  реттелген.<br><br>2021 жылы Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма Қор Жарғысында олардың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарады және олар бойынша шешімдер қабылдады. |
| Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты | Сақталады | Қордағы корпоративтік басқару жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Қордың тиімді қызметіне және оның қызметінің залалсыздығына қол жеткізуге ықпал етуге бағытталған.<br><br>Жалғыз акционердің шешімімен («Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма отырысының 13.10.2016 жылғы № 41/16 хаттамасы) бекітілген Қор Жарғысының 34-тармағына сәйкес Жалғыз акционердің:<br><br>1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;<br>2. дивидендтер алуға;<br>3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;<br>4. орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;<br>5. Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;<br>6. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды өтеу және Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға қайтаруы туралы және (немесе) қорытынды жасау ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныстар) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;<br>7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;<br>8. Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алуға;<br>9. белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;<br>10. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;<br>11. аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге құқығы бар.<br><br>Жалғыз акционердің Жарғымен бекітілген құқықтарын Қор және Қордың уәкілетті органдары сақтайды.<br><br>**2021 жылы Жалғыз акционердің неғұрлым маңызды шешімдерінің қатарына:**<br>1. Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау туралы;<br>2. өткен 2020 қаржы жылындағы жылдық қаржылық есептілікті, таза табысты бөлу тәртібін бекіту туралы;<br>3. Қордың 2020 жылғы қызметі туралы жылдық есепті бекіту туралы шешімдер жатады.<br><br>2021 жылдың маусым айынан бастап Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары А.Б. Мухамеджанов болып табылады. |
| Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қорды тиімді басқару қағидаты | Сақталады | Қордың Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен реттелген.<br><br>2021 жылы Директорлар кеңесі Жарғымен Қордың Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қарады және қабылдады.<br><br>**2021 жылы Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды (50%-ға жаңару):**<br>1. 11.05.2021 жылы Директорлар кеңесінің мүшесі Р.Т. Карагойшиннің өкілеттігі өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды;<br>2. 27.05.2021 жылы Тәуелсіз директор А.Р.Елемесовтың өкілеттігінің үш жылдық мерзімі аяқталды;<br>3. 26.05.2021 жылы А.Б. Нургалиева Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды;<br>4. 16.06.2021 жылы А.Б. Мухамеджанов Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі болып сайланды;<br>5. 28.07.2021 жылы Директорлар кеңесінің құрамы 8 адам болып айқындалды;<br>6. 28.07.2021 жылы Т.М. Жаксылыков Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;<br>7. 28.07.2021 жылы Р.М. Журунов Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды;<br>8. 20.08.2021 жылы Тәуелсіз директор Е.Л. Бахмутованың өкілеттік мерзімі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін, яғни 04.04.2020 жылға дейін ұзартылды. |

| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|
| | | Жаңадан сайланған директорларға Қордың 2014-2023 жылдарға арналған қолданыстағы Даму стратегиясын қоса алғанда, Қор қызметінің түйінді аспектілеріне қатысты ақпарат, негізгі ішкі нормативтік құжаттар (Жарғы, директорлар кеңесінің, комитеттердің, Басқарманың регламенттері және т.б.), Ішкі аудит қызметінің есептері және т.б. жіберілді.<br><br>Осылайша, 01.01.2022 жылы Қордың Директорлар кеңесі **8 директорды**, оның ішінде **4 тәуелсіз директорды** қамтыды:<br>1. Смаилов Алихан Асханович, Директорлар кеңесінің төрағасы;<br>2. Жаксылыков Тимур Мекешевич, Директорлар кеңесінің мүшесі;<br>3. Мухамеджанов Адиль Бектасович, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі;<br>4. Баталов Раимбек Анварович, тәуелсіз директор;<br>5. Бахмутова Елена Леонидовна, тәуелсіз директор;<br>6. Журсунов Рустам Манарбекович, тәуелсіз директор;<br>7. Нургалиева Асем Болатжановна, тәуелсіз директор;<br>8. Бурибаева Гаухар Асылбековна, Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрайымы<br><br>Тәуелсіз директорлардың үлесі барлық құрамның **50%-ын құрайды, бұл корпоративтік басқарудың ең үздік қағидаттарына сәйкес келеді.**<br><br>«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның 05.04.2017 жылғы № 15/17 хаттамадағы шешімімен Қордың Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі - 5 (бес) жыл болып белгіленді. Тиісінше, **Қордың Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамының өкілеттік мерзімі 04.04.2022 жыл аяқталады.**<br><br>Директорлар кеңесінің қызметі Директорлар кеңесін қалыптастыру тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің мәртебесін, құрамын, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын, Директорлар кеңесі қызметінің, отырыстарды шақыру және өткізу тәртібін, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеуді белгілейтін Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі.<br><br>Белгіленген тәртіпке сәйкес жыл сайын Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспары бекітіледі.<br><br>2021 жыл ішінде Директорлар кеңесінің 10 отырысы, оның ішінде 7 күндізгі, 3 сырттай отырысы өткізілді, онда 92 мәселе қаралды.<br><br>Директорлар кеңесі Даму стратегиясына жаңартуларды талқылау мақсатында тәуелсіз директорлардың бастамасы бойынша және мүдделі тараптардың қатысуымен тұрақты негізде стратегиялық сессиялар өткізеді.<br><br>2021 жылғы 14-15 қазанда Түркістан қаласында Жалғыз акционер өкілдерінің, Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасының мүшелерінің қатысуымен «Даму кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2023 жылға дейінгі әзекті даму стратегиясының жобасын қарау үшін Түркістан қаласы бойынша өңірлік филиалдың жобаларына бару арқылы көшпелі стратегиялық сессия отырысы өтті. |



| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|
| | | Осылайша, Директорлар кеңесі тұрақты жыл сайынғы негізде Жалғыз акционермен бірлесіп Даму стратегиясына жаңартуларды талқылау мақсатында стратегиялық сессиялар өткізеді.<br><br>2021 жылғы қыркүйекте тәуелсіз директор А.Б. Нургалиева және Басқарма Төрайымының орынбасары Б.Н. Мақажанов **«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Стратегиялық сессиясына** киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету және пандемияның «Даму» қорының қызметіне әсері мәселелері бойынша спикерлер ретінде қатысты.<br><br>Осылайша, Жалғыз акционердің Қормен тұрақты диалогы стратегиялық сессиялардың тұрақты отырыстары арқылы қолдау табады.<br><br>**2021 жылы Директорлар кеңесі жанында 3 комитет жұмыс істеді:**<br>1. Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті.<br>2. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті.<br>3. Тағайындау, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті.<br><br>Комитеттердің қызметі 2021 жылғы 26 тамызда Директорлар кеңесі бекіткен Комитеттер туралы тиісті ережелермен регламенттелген. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады.<br><br>Директорлар кеңесі комитеттерінің хатшысы болып корпоративтік хатшы табылады. Комитет хатшысы комитет отырыстарын дайындауды, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды уақтылы жіберуді, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды, отырыстарды хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды кейіннен сақтауды қамтамасыз етеді.<br><br>**2021 жыл ішінде:**<br>1. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің **9 күндізгі отырысы** өткізілді, оларда **30 мәселе қаралды.**<br>2. Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің **9 күндізгі отырысы** өткізілді, оларда **62 мәселе қаралды.**<br>3. Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер комитетінің **8 күндізгі отырысы** өткізілді, оларда **19 мәселе қаралды.**<br><br>2021 жылы COVID-19-ға байланысты пандемия жағдайында комитеттер отырыстары негізінен **онлайн отырыстар форматында** өткізілді.<br><br>Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақылар төлеу тәртібі Тәуелсіз директорларды іріктеу, сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларына сәйкес айқындалады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу туралы ақпарат Қордың жылдық есебінде ашылады.<br><br>Алайда, Корпоративтік басқару кодексінің («Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы» № 2 параграф) № 50 ережесінің Қорды табысты басқару үшін талап етілетін осындай деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту және ынталандыру үшін жеткілікті сыйақы мөлшерін белгілеу бөлігінде «ішінара сақталуы» атап өтіледі. |

| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|
| | | **Қордың Басқармасы** Қордың алқалы атқарушы органы бола отырып, Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, міндетті түрде Жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.<br><br>Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және оның алдында жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты болады.<br><br>Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғыда, Басқарма туралы ережеде және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.<br><br>Басқарма туралы ереже Қор Басқармасының қалыптасу және жұмыс істеу тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеуді, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруды айқындайды. 31.12.2021 жылғы жағдай бойынша Қордың Басқармасы мынадай сандық құрамда бекітілді:<br>1. Г.А. Бурибаева - Басқарма Төрайымы;<br>2. Е.А.Ескаков - Басқарма Төрайымының орынбасары;<br>3. Б.М. Макажанов - Басқарма Төрайымының орынбасары;<br>4. Г.Н. Нургазиев - Басқарма Төрайымының орынбасары;<br>5. Ф.К. Сарсекеев - Басқарма Төрайымының орынбасары.<br><br>Басқарма Төрайымы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке сипаттамаларға ие, мінсіз іскерлік беделге ие және жоғары этикалық стандарттарды ұстанады.<br><br>Қордың Директорлар кеңесінің 27.12.2021 жылғы № 10/2021 шешімімен Қордың атқарушы органының қызметіне қатысты мынадай шешімдер қабылданды:<br>1. Басқарманың өкілеттік мерзімі 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап 3 (үш) жыл болып белгіленді.<br>2. Басқарманың сандық құрамы анықталды - 5 (бес) мүше.<br>3. Басқарма Төрайымы лауазымына Г.А. Бурибаеваны 2022 жылдың 24 ақпанынан бастап, жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзімі аяқталғанға дейін сайлау туралы мәселе алдын ала мақұлданды және бұл мәселе тиісті шешім қабылдау үшін Жалғыз акционердің қарауына шығарылды.<br>4. Б.Н. Макажанов, Ф.К. Сарсекеев, Г.Н. Нургазиев және Е.А. Ескаков «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрайымының орынбасарлары болып 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма мүшелеріне өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін сайланды.<br><br>«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (Жалғыз акционер) Басқармасының 19.01.2022 жылғы № 02/22 хаттама шешімімен **Г.А. Бурибаева Қор Басқармасының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін** тұтастай алғанда 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап **өкілеттік мерзімімен Қор Басқармасының Төрайымы болып сайланды.**<br><br>2021 жылы Басқарма **бизнес-процестің автоматтандырылған режимінде** тұрақты негізде отырыстар өткізді. 2021 жыл ішінде **Қор Басқармасының 106 отырысы** өткізілді, онда Қорды жедел басқару бойынша шешімдер қабылданды. **Қаралған мәселелер саны - 884.** |

| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|
| | | Есепті кезеңде Қор Басқармасы операциялық қызметтің түрлі аспектілері бойынша мәселелерді, кепілдік беру және субсидиялау, әріптестерді қаржыландыру мәселелерін, сондай-ақ ішкі құжаттарды бекіту, қаржылық бағдарламалар бойынша мәселелерді, орнықты даму және корпоративтік басқару саласындағы мәселелерді қарады.<br><br>Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қарауына және стратегиялық сессияларға шығарылатын барлық мәселелерді Басқарма алдын ала қарайды және тек қана күндізгі отырыстар форматында мақұлдайды. |
| Орнықты даму қағидаты | Сақталады | Директорлар кеңесінің шешімімен (17.04.2019 жылғы № 03/2019 хаттама) Қордың Орнықты даму саласындағы саясаты бекітілді. Саясаттың мақсаты орнықты даму саласында басқару жүйесін құруда Қор ұстануға тиіс негіз қалаушы нормаларды, қағидаттарды, қағидаттар мен тәсілдерді айқындау болып табылады. Саясат талаптарына сәйкес:<br>1. Басқарма Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын бекітеді және жыл сайынғы негізде Жоспар іс-шараларының орындалуы жөніндегі есепті қалыптастырады;<br>2. Қордың құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады.<br><br>Орнықты даму жөніндегі іс-шаралар Қордың 2014 - 2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру бойынша 2019-2021 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарына енгізілді.<br><br>Бұдан басқа, стратегиялық интеграция шеңберінде Қордың орнықты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Қордың Даму стратегиясын өзектендіру жоспарлануда.<br><br>Сонымен қатар, 2021 жылы жүргізілген корпоративтік басқару жүйесін сыртқы бағалау нәтижелеріне сәйкес «Орнықты дамуды басқару жүйесінің» сәйкестік пайызы 66.7% құрады, тиісінше «Орнықты дамуды басқару жүйесі» бойынша «Ішінара сақтау» байқалады. Бұл ретте Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 4 ақпандағы шешімімен (№ 01/2022 хаттама) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2022-2024 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. |
| Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты | Сақталады | Қорда стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысты компоненттер (ұйымдастырушылық саясаттар, рәсімдер, әдістер, тетіктер, мінез-құлық нормалары және т.б.) жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері жұмыс істейді. |

| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін нормативтік реттеу тәуекелдерді басқару процесінің құрылуы мен жұмыс істеуін реттейтін ішкі актілердің жиынтығының болуымен қамтамасыз етіледі.

**Жыл сайынғы негізде** Қордың стратегиялық және операциялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу қабілетіне сыни әсері бар тәуекелдер тіркелімі мен картасын өзектендіру жүргізіледі.

Ішкі аудит қызметі белгіленген кезеңділікпен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.

Қор тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін үнемі жетілдіріп отырады.
2021 жылы Жалғыз акционерге, Қордың Директорлар кеңесіне және Басқармасына есептер берілді:
1. екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарына лимиттердің сақталуы бойынша есеп;
2. Қордың қаражатты игеру құрылымы, теңгерімі, ГЭП-талдауы, валюталық позициясы туралы ай сайынғы есеп;
3. кредиттік, қаржылық, операциялық және стратегиялық тәуекелдерді қамтитын 16-қосымшадан тұратын тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп (жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде берілген).
4. Тәуекелдер картасы, Тәуекелдер тіркелімі және Түйінді индикаторлар панелін Директорлар кеңесі 2021 және 2022 жылдарға арналған операциялық тәуекелдердің барлық тізбесін және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын бекіткен.
5. Қордың контрагент банктерінің қаржылық жай-күйінің жартыжылдық мониторингі.

Жоғарыда баяндалған есептер шеңберінде тәуекелдер қоржынын талдау және ден қою және ресурстарды бөлу стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу, құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқару процесін жедел бақылау, ІНҚ талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингі жүзеге асырылды.
Директорлар кеңесі мынадай ішкі құжаттарды бекітті:
1. Директорлар кеңесінің 04.09.2015 жылғы шешімімен (№ 64 хаттама) бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Тәуекелдерді басқару саясаты;
2. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы саясат;
3. Қаржылық тәуекелдерді басқару ережесі және т.б.

Тәуекелдерді басқару саясатының негізгі мақсаттары тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне біріңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті тұрақты жетілдіру болып табылады.

| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|

Тәуекелдерді басқару саясаты мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталған:
1. тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне қатысушылардың тәуекелдерді біріңғай түсінуін қамтамасыз ету;
2. қабылданатын тәуекел деңгейін ескере отырып, стратегиялық жоспарлауды қамтамасыз ету;
3. қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, бақылауға және мониторингке негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету;
4. бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және заңнама талаптарының сақталуына жәрдемдесу;
5. шешімдер қабылдау және жоспарлау процесі үшін толыққанды база құру;
6. активтерді басқару тиімділігін арттыру;
7. Меншікті капиталдың сақталуын қоса алғанда, қызметтің үздіксіздігі қағидатын қамтамасыз ету үшін қаржылық, операциялық және өзге де тәуекелдерді іске асыру салдарынан қаржылық ысыраптарды барынша азайту.

Тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы органдарды, уәкілетті органдарды, құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлерді тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

**Ішкі бақылау жүйесінің негізгі мақсаттары:**
1. операциялық қызмет шеңберінде активтер мен пассивтерді басқарудың тиімділігін қоса алғанда, қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету, активтердің сақталуын қамтамасыз ету;
2. қаржылық есептілікті дайындау шеңберінде: қаржылық, реттеушілік және өзге де есептіліктің толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын қамтамасыз ету;
3. нормативтік және заңнамалық талаптарды сақтау шеңберінде: Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ ішкі актілердің сақталуын қамтамасыз ету.

Қорда негізгі мақсаты рөлдер мен функцияларды нақты бөлу есебінен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі болып табылатын **үш қорғаныс желісінің моделі қолданылады.**

Әрбір желінің міндеттері мыналардан тұрады: тәуекелдерді жедел басқару бірінші желіде жүргізіледі; біріктірілген тәуекел мониторингі және екінші желіде тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыру мәніне бірінші қорғау желісін бақылау және үшінші қорғау желілері үшін тәуекелдерді басқару жүйесі қызметіне тәуелсіз кепілдік беру. Егер қорғаудың әрбір желісі өз рөлін тиімді орындаса, өзінің стратегиялық мақсаттарына табысты жету ықтималдығы артады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы қорғаудың екінші желісі шеңберінде тәуекелдерді басқаруды үйлестіруге және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде әдіснамалық қолдауды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшелердің болуын көздейді.

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру мақсатында қорғаудың екінші желісінің қызметкерлері басқа бөлімшелермен, оның ішінде ішкі және сыртқы аудит өкілдерімен тиімді өзара іс-қимыл жасауы қажет.

| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|
| | | Екінші қорғау желісінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне функционалдық міндеттерін тиісінше орындау қажет болатын көлемде ақпарат пен құжаттамаға рұқсат беріледі.<br><br>Екінші қорғау желісінің құрылымдық бөлімшелері белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін кәсіби қызметкерлерден тұрады. Жұмыс тәртібі, функционалдық міндеттері және өзге де талаптар қорғаудың екінші желісінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне арналған құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде, лауазымдық нұсқаулықтарда көрсетілген.<br><br>Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ басшы қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі функцияларды өзге функциялармен біріктіру мүмкіндігін болдырмайды.<br><br>**Қорда Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.** ІАҚ сандық құрамы мен өкілеттік мерзімі анықталды, ІАҚ басшысы мен жұмыскерлері тағайындалды. 2021 жылдың аяғында Ішкі аудит қызметінің құрамы **4 (төрт) бірлік мөлшерінде** айқындалды.<br><br>Ішкі аудит қызметі - ішкі аудитті жүзеге асыратын орган (ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздеріне сәйкес) - ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет.<br><br>Ішкі аудит қызметі тікелей Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне, Директорлар кеңесіне бағынады және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ міндеттері, функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның қызмет тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалған.<br><br>**Ішкі аудит** тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйеленген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, ұйымға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.<br><br>Ішкі аудиторлар тексеру жүргізген және аудиторлық есепті жасаған кезде Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының, Директорлар кеңесінің 25.07.2011 жылғы шешімімен бекітілген (23.02.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен) Іскерлік әдеп кодексінің, ІАҚ туралы ереженің, Директорлар кеңесінің 03.10.2019 жылғы № 09/2019 шешімімен бекітілген (06.12.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен) Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидалардың, Қордың ішкі нормативтік құжаттарының нормалары мен ережелері қолданылады.<br><br>**Сыртқы аудиторды таңдау** бекітілген регламенттерге сәйкес конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.<br><br>Қордың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалды және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (Жалғыз акционер) Басқармасының 21.05.2019 жылғы шешімі (№ 26/19 хаттама) негізінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС компаниясымен аудиттелді. |

| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|
| | | Қордың Директорлар кеңесінің 06.12.2021 жылғы № 09/2021 шешіміне сәйкес Қордың Жалғыз акционерінің қарауына Қордың **2022-2023 жылдарға арналған** қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ны айқындау туралы мәселе шығарылды.<br><br>«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (Жалғыз акционер) Басқармасының 15.12.2021 жылғы шешімімен (№ 67/21 хаттама) «ПрайсуотерхауСуперс» ЖШС Қордың 2022-2023 жылдарға арналған аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып айқындалды. |
| Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты | Сақталады | Қор және Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 17.04.2019 жылғы № 03/2019 шешімімен бекітілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік қақтығыстары мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты басшылыққа алады. Осы Саясаттың нормалары мен ережелерін сақтау корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысынан аулақ болуға/жол бермеуге мүмкіндік береді.<br><br>Саясат қақтығыстарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде Қордың органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің іс-қимылдарын реттейді.<br>2019 жылы Саясатқа Комплаенс-бақылаушының бастамасы бойынша:<br>1. Саясат талаптары қолданылатын адамдар тобын кеңейтуге;<br>2. Заң департаменті мен Комплаенс-бақылаушы арасында функционалдық міндеттерді қайта бөлуге;<br>3. мүдделер қақтығысының туындау қаупін азайту бойынша жаңа шараларды қолдануға байланысты бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.<br><br>2021 жыл ішінде Комплаенс-бақылаушы Қор жұмыскерлеріне мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері бойынша консультациялар өткізді. Бұл ретте Қорда корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары тіркелмеген.<br><br>Директорлар кеңесінің 17.06.2019 жылғы № 06/2019 шешімімен Қордың тәуелсіз Омбудсмені<br><br>- Холдинг қызметінің жетекшісі тағайындалды, оның рөлі Қордың өзіне жүгінген жұмыскерлеріне кеңес беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге жәрдемдесу, сондай-ақ Қор жұмыскерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауы болып табылады.<br><br>Қордың Директорлар кеңесінің 26.08.2021 жылғы шешімімен (№ 06/2021 хаттама) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Омбудсмені Равиль Ильзатович Арыстанбековтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Омбудсмен болып Корпоративтік хатшының орынбасары - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы Майра Дюсенбаевна Турганова 2 (екі) жыл өкілеттік мерзімімен тағайындалды.<br><br>Қорда Корпоративтік қақтығыстарды және лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығысын реттеу жөніндегі саясат жұмыс істейді, ол қақтығыстарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде органдардың, лауазымды адамдар мен қызметкерлердің іс-қимылдарын реттейді.<br><br>Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығысын анықтау мақсатында ай сайынғы негізде үлестес тұлғалардың тізімі және тоқсан сайынғы негізде Қормен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізілімі жүргізіледі. |

| Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері | Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды | Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар |
|---|---|---|
| Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты | Сақталады | Қор корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер туралы ақпаратты, үлестес тұлғалардың тізімдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ листингтік қағидаларымен бекітілген талаптарға сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің (ҚЕД) интернет-ресурстарында ашуға жататын өзге де ақпаратты ашады.<br><br>Мүдделі тұлғалар тобына Қордың қызметі, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, оның қызметінің нәтижелері және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы ашу қамтамасыз етіледі. Ақпаратты ашудың үздік практикасына сәйкес Қор жыл сайынғы негізде Қызмет туралы жылдық есепті дайындайды. **2021 жылы Қордың 2020 жылғы қызметі туралы Жылдық есеп шығарылды.**<br><br>Ақпаратты ашудың жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында Қорда мынадай ішкі құжаттар қолданылады:<br>1. Қор Басқармасының 31.05.2019 жылғы шешімімен (№ 77/2019 хаттама) бекітілген Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру регламенті.<br>2. Қор Басқармасының 06.04.2018 жылғы шешімімен (№ 35/2018 хаттама) бекітілген Қордың жылдық есебінде ақпаратты дайындау және ашу шеңберіндегі құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл регламенті<br>3. Қор Басқармасының 15.12.2017 ж. шешімімен (№ 099/2017 хаттама) бекітілген Қордың жасасуға мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу қағидалары.<br>4. «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Astana International Exchange (AIX) регламенті.<br><br>Қор Ақпараттық қауіпсіздік саясатын сақтайды және басшылыққа алады. Саясат ақпаратты қорғау жөніндегі негізгі қағидаттарды, бағыттар мен талаптарды айқындайды, ақпараттық қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады, тиісті ережелерді, қағидаларды, нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде басшылық етеді.<br><br>Бұдан басқа, ақпаратты ашу мәселелері Басқарманың 17.03.2011 жылғы шешімімен бекітілген Ақпаратты ашу туралы ережемен реттелген. Ереже ақпаратты ашудың ережелері мен тәсілдерін; ашуға жататын жалпыға бірдей қолжетімді құжаттардың, ақпараттардың (материалдардың) тізбесін; Жалғыз акционерге ашуға жататын құжаттардың, ақпараттардың (материалдардың) тізбесін; ақпаратты (материалдарды) және т.б. ашу тәсілдері мен мерзімдерін айқындайды.<br><br>Қордың **корпоративтік сайты** бар, онда қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін қоса алғанда, қызметтің барлық маңызды аспектілері туралы ақпарат ашылады. Сайттың контенті Қордың жаңа Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес барлық қажетті ақпаратты қамтиды.<br><br>Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидатын сақтау мақсатында корпоративтік сайтта қаржылық бағдарламалар мен құралдар (субсидиялау, кепілдік беру, Ұлттық Қордың қаражатын және «Даму» қорының басқа да бағдарламаларын игеру шеңберінде ЕДБ арқылы қаржыландыру) сияқты, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шаралары сияқты кеңейтілген талдамалық және шолу есептері-түсаукесерлері мен қатысушылардың тізімдері тұрақты түрде орналастырылады. Есептер мен түсаукесерлерден басқа, Қордың корпоративтік сайтында жария көздерде ашуға (орналастыруға) жататын құжаттар, материалдар мен ақпарат жарияланады.<br><br>Сонымен қатар, «Достык Эдвайзори» ЖШС Қордың корпоративтік басқару жүйесін сыртқы бағалау және Қорды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралың тиісті жоспарын бекіту нәтижелері бойынша Қордың Интернет-сайтында қажетті ақпаратты ашу бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады. |

*№ 4 қосымша*

## МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

| Шарт бойынша контрагенттің атауы | Шарттың мәні | Мәміле жасау туралы шешім қабылдаған Қордың уәкілетті органы шешімінің күні мен нөмірі | Қысқаша ақпарат, негіздеме және қорытындының мақсаты |
|---|---|---|---|
| «ForteBank» АҚ (2 мәміле) | Қаражатты шарттасып орналастыру | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің кұндізгі отырысының 10.12.2019 ж. және 09.03.2021 ж. хаттамаларынан үзінді көшірмелер | Алматы қаласының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін «Шағын жеке және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру» өнім паспорты шарттарымен қаржыландыру |
| «ForteLeasing» АҚ | Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің кұндізгі отырысының 30.07.2020 жылғы №08/2020 хаттамасынан үзінді көшірме | «Микро, шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру» өнімінің шарттарына сәйкес «ForteLeasing» (ФортеЛизинг) АҚ-мен мәміле жасасу |
| «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ | ІМАД-те кеңсе үй-жайларын жалдау (Нұр-Сұлтан қаласы) | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің кұндізгі отырысының 09.03.2021 жылғы № 01/2021 хаттамасынан үзінді көшірме | Қордың Нұр-Сұлтан қаласы бойынша өңірлік филиалын 48,7 ш.м. үй-жайға орналастыру үшін әкімшілік/өндірістік үй-жайларды жалдау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарт |
| «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ | Нұр-Сұлтан қаласындағы кеңсе үй-жайларын жалға беру жөніндегі қызметтер | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің кұндізгі отырысының 09.03.2021 жылғы № 01/2021 хаттамасынан үзінді көшірме | Қордың Нұр-Сұлтан қаласы бойынша өңірлік филиалын 49,5 ш.м. үй-жайға орналастыру үшін әкімшілік/өндірістік үй-жайларды жалдау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарт |
| «ForteBank» АҚ (351 мәміле) | Кепілдік шарты | ДК-нің 22.01.2020 ж. (№ 01/2020 хаттама), 26.05.2020 ж. өзгерістерімен (№ 06/2020 хаттама) БЖК 2020, БЖК 2025 (Басым жобаларға кредит беру тетігі), Еңбек, Даму-Оптима бағдарламалары бойынша үлгілік шарттар бекітілді. | Кепілдік шартын жасасу |

| Шарт бойынша контрагенттің атауы | Шарттың мәні | Мәміле жасау туралы шешім қабылдаған Қордың уәкілетті органы шешімінің күні мен нөмірі | Қысқаша ақпарат, негіздеме және қорытындының мақсаты |
|---|---|---|---|
| «Еуразиялық Банк» АҚ (245 мәміле) | Кепілдік шарты | ДК-нің 22.01.2020 ж. (№ 01/2020 хаттама), 26.05.2020 ж. өзгерістерімен (№ 06/2020 хаттама) БЖК 2020, БЖК 2025 (Басым жобаларға кредит беру), Еңбек, Даму-Оптима бағдарламалары бойынша үлгілік шарттар бекітілді. | Кепілдік шартын жасасу |
| «ForteBank» АҚ (698 мәміле) | Субсидиялау шарты | ДК-нің 22.01.2020 ж. (№ 01/2020 хаттама), 26.05.2020 ж. (№ 06/2020 хаттама) және 30.07.2020 ж. (№ 08/2020 хаттама) өзгерістерімен БЖК 2020, БЖК 2025 (Басым жобаларға кредит беру тетігі), БҰҰДБ, БҰҰДБ-ҒЭҚ бағдарламалары бойынша үлгілік шарттар бекітілді | Субсидиялау шартын жасасу |
| «ForteLeasing» АҚ (24 мәміле) | Субсидиялау шарты | ДК-нің 22.01.2020 ж. (№ 01/2020 хаттама), 26.05.2020 ж. (№ 06/2020 хаттама) және 30.07.2020 ж. (№ 08/2020 хаттама) өзгерістерімен БЖК 2020, БЖК 2025 (Басым жобаларға кредит беру тетігі), БҰҰДБ, БҰҰДБ-ҒЭҚ бағдарламалары бойынша үлгілік шарттар бекітілді | Субсидиялау шартын жасасу |
| «Еуразиялық банк» АҚ (243 мәміле) | Субсидиялау шарты | ДК-нің 22.01.2020 ж. (№ 01/2020 хаттама), 26.05.2020 ж. (№ 06/2020 хаттама) және 30.07.2020 ж. (№ 08/2020 хаттама) өзгерістерімен БЖК 2020, БЖК 2025 (Басым жобаларға кредит беру тетігі), БҰҰДБ, БҰҰДБ-ҒЭҚ бағдарламалары бойынша үлгілік шарттар бекітілді | Субсидиялау шартын жасасу |
| «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (9 мәміле) | Субсидиялау шарты | ДК-нің 22.01.2020 ж. (№ 01/2020 хаттама), 26.05.2020 ж. (№ 06/2020 хаттама) және 30.07.2020 ж. (№ 08/2020 хаттама) өзгерістерімен БЖК 2020, БЖК 2025 (Басым жобаларға кредит беру тетігі), БҰҰДБ, БҰҰДБ-ҒЭҚ бағдарламалары бойынша үлгілік шарттар бекітілді | Субсидиялау шартын жасасу |



*№ 5 қосымша*

# ГЛОССАРИЙ:

| Қысқарту/ аббревиатуралар | Анықтама |
|---|---|
| ҚРА | Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі |
| ЕДБ | Екінші деңгейдегі банктер |
| ЖІӨ | Жалпы ішкі өнім |
| «БЖК 2025» | «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы |
| Жалғыз акционер, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ | «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ |
| KASE | «Қазақстан қор биржасы» АҚ |
| ЛК | Лизингтік компаниялар |
| Тетік | Басым жобаларға кредит беру және қаржы лизингі тетіктері |
| ЖАО | Жергілікті атқарушы органдар |
| МҚҰ | Микроқаржы ұйымдары |
| МШОК | Микро, шағын және орта кәсіпкерлік |
| ШОК | Шағын және орта кәсіпкерлік |
| ҚР ҰЭМ | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі |
| АХҚО | Астана халықаралық қаржы орталығы |
| «Еңбек» бағдарламасы | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы |
| БҰҰДБ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы |
| ІАҚ | Ішкі аудит қызметі |
| МШОКС | Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері |
| ШОКС | Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері |
| ЖКС | Жеке кәсіпкерлік субъектілері |
| Қор, «Даму» қоры | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ |

# 12. МЕКЕНЖАЙЛАР МЕН БАЙЛАНЫСУ

## БАС КЕҢСЕ:

A05C9Y3, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 111

**тел.:** +7 (727) 244 55 66
**e-mail:** info@fund.kz
**Қор сайты:** www.damu.kz
**call-орталық:** +7 (727) 244 55 77
**қысқа нөмірі** 1408 (Қазақстан бойынша қоңыраулар тегін)

## ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ:

1. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша өңірлік филиалы

Z05T2H3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,
Мәңгілік Ел көшесі, 55 «А», «Бәйтерек» БО
**тел.:** +7 (7172) 55 91 99, 55 92 14, 55 94 34 (35, 36)
**e-mail:** astana@fund.kz

2. Алматы қаласы бойынша өңірлік филиалы

A05K7A5, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі,
8-үй, «Коба» бизнес-орталығы, 1-қабат
**тел.:** +7 (727) 244 55 66, 244 55 77 (ішкі 3100)
**e-mail:** info@fund.kz

3. Ақмола облысы бойынша өңірлік филиалы

C00G9B9, Көкшетау қаласы,
Ақан сері көшесі, 46/1
**тел.:** +7 (7162) 55 11 16, 55 11 14
**e-mail:** akmola@fund.kz

4. Ақтөбе облысы бойынша өңірлік филиалы

D00K9D9, Ақтөбе қаласы,
А. Молдағұлова даңғылы, 30-ғимарат
**тел.:** +7 (7132) 70 38 08, 70 38 10, 70 38 11
**e-mail:** aktobe@fund.kz

5. Алматы облысы бойынша өңірлік филиалы

B01G6D5, Талдықорған қаласы, Төлебаев көшесі,
86-үй Біржан сал көшесімен қиылысы
**тел.:** +7 (7282) 55 87 10
**e-mail:** Korkem.Taukhanova@fund.kz

6. Атырау облысы бойынша өңірлік филиалы

E01X8K9, Атырау қаласы,
Азаттық даңғылы, 17
**тел.:** +7 (7122) 55 81 01, 55 80 91
**e-mail:** atyrau@fund.kz

7. ШҚО бойынша өңірлік филиалы

F00M3F5, Өскемен қаласы,
Жеңіс даңғылы, 6
**тел.:** +7 (7232) 56 05 90
**e-mail:** damu-vko@mail.ru

8. Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиалы

H01X4X8, Тараз қаласы,
Желтоқсан көшесі, 94
**тел.:** +7 (7262) 99 94 70
**e-mail:** taraz@fund.kz

9. БҚО бойынша өңірлік филиалы

L02K7D7, Орал қаласы,
Темір Масин көшесі, 67/2 құрылыс
**тел.:** +7 (7112) 55 48 08 (05,06,09,10,02)
**e-mail:** zko@fund.kz

10. Қарағанды облысы бойынша өңірлік филиалы

M01M7M3, Қарағанды қаласы,
Ермеков көшесі, 29
**тел.:** +7 (7212) 55 90 20
**e-mail:** Ainur.Adilzhanova@fund.kz

11. Қызылорда облысы бойынша өңірлік филиалы

N02B7B1, Қызылорда қаласы,
Иван Журба көшесі, 12
**тел.:** +7 (7242) 55 11 12, 55 11 18
**e-mail:** damu@list.ru

12. Қостанай облысы бойынша өңірлік филиалы

P00F8C6, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 65
**тел.:** +7 (7142) 99 03 05 (06, 07)
**e-mail:** kostanay@fund.kz

13. Маңғыстау облысы бойынша өңірлік филиалы

R00A7D3, Ақтау қаласы,
13 шағын аудан, 55 ғимарат
**тел.:** +7 (7292) 70 10 51
**e-mail:** akerke.oryn@fund.kz

14. Павлодар облысы бойынша өңірлік филиалы

S03G9X0, Павлодар қаласы,
Бұқар жырау көшесі, 109
**тел.:** +7 (7182) 70 38 02
**e-mail:** k.zhakiyanova@fund.kz

15. СҚО бойынша өңірлік филиалы

T01E6A4, Петропавл қаласы,
Жамбыл көшесі, 191
**тел.:** +7 (7152) 55 98 10 (16)
**e-mail:** sko@fund.kz

16. Шымкент қаласы бойынша өңірлік филиалы

X08X2D1, Шымкент қаласы,
Қонаев бульвары, 95/1
**тел.:** +7 (7252) 99 70 49
**e-mail:** Aigerim.montayeva@fund.kz

17. Түркістан облысы бойынша өңірлік филиалы

X43D7G7, Түркістан қаласы,
Жаңа Қала ықшам ауданы, 28-үй, ғимарат 5
**тел.:** +7 (7252) 99 70 49
**e-mail:** ardak.moldabek@mail.ru

18. ШҚО бойынша өңірлік филиалының Семей қ. өкілдігі

F16T7G3, Семей қаласы,
Қайым Мұхамедханов көшесі, 23а
**тел.:** +7 (7222) 60 00 50
**e-mail:** damu-vko@mail.ru